

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Павлодар облысы

Айп Мольдир	2
Акпарова Сая	4
Амангелді Ақерке	6
Оксана Андасова	7
Ахметжанова Софья	9
Ахметова Сания	12
Жазкенова Мадина	14
Жанабаева Әлия	16
Дүйсенбаев Назымбек	19
Жиенбаева Сания	21
Идрисова Аделя	24
Казека Ангелина	26
Қазелова Айғаным	28
Каиржанова Адия	30
Касин Аксауле	32
Келген Дария	35
Құрбанбаева Севара	37
Молгозинова Баян	40
Мұхаметқали Жандос	44
Ниязова Марина	46
Нұрланов Теміржан	47
Нұржігітова Ғайни	49
Нұртазин Мақсат	51
Савченко Алина	53
Сағандыкова Сабина	54
Саттибай Марал	55
Тайлакова Аяжан	57
Ташенова Мадина	60
Теміржан Арайлым	62
Түсүмбекова Индира	64
Тұяқова Бағлан	67

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Усәвхан Інжу.....	69
Хайрат Толғанай	71
Хамитов Асанәли	72
Цуров Мухаммед.....	74
Чужаева Айсұлу.....	76
Шүкірхан Әсем	80

Айп Мольдир

10 сынып оқушысы

Парамоновка орта мектебінің

Жетекшісі: Шерікбай Жұмабай.

Біз ардагерлерді мәңгі ұмытпауға ант етеміз!

Халқым деп қан жылаған, елім деп еңіреген біздің ата-бабаларымыз, сұрапыл соғыста елін, жерін жаудан қорғау үшін қан майданда, көптеген қиыншылықтарға төзе біліп, ауыр күндерді басынан өткізді. Отан үшін жанын пидә етті. Қаншама аталарымыз мүгедек болып елге оралды. Әрине олардың жүрегінде елге, отанға деген ержүрек патриоттық, сүйіспеншілік ізгі қасиеттерінің барлығынан болса керек.

«Отан үшін күрес, елге тиген үлес» деген халқымыздың философиялық, көріпкелдік, болжамдық мақалының мәні осы қан майдандағы ержүрек, батыр ата-абаларға арналғандай. Талай боздақтарымыз халық үшін, қасықтай қаны қалғанша соғысып, жандарын құрбан етті. Бір өкініштісі сол аталарымыздың бүгінгі көк байрағымыздың, тәуелсіз еліміздің көгілдір аспанында желбіреп тұрғанын көре алмауы.

Әрине, әлемді дүр сілкіндірген соғыстағы аталарымыздың асқан ерлігімен келген «Ұлы Жеңіске 70 - жыл» толуы барлық адамның қуанышы:

Ұлы Жеңіс аталардың еңбегі,
Бізге мәлім талай жаудың өлгені.
Отан үшін жан аямай күресіп,
Жүрегінде бір алла ғой сенгені.

Кең даланы тебіrentкен аталар,
Отан үшін жанын қиған ағалар.
Отан үшін қанын төккен әкелер,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан үшін қан жылаған аналар!

Ер жүрек, алған беттен қайтпайтын, өр рухты, қайсар мінезді, аталарымыз, аға, әкелеріміз, апаларымызбен мақтанамыз. Себебі олар кең далада бөрідей жорытып, жаулармен соғысып, кең – байтақ далаға ие болды. Сондықтан да бұл даланың иесі мен киесі, қасіреті мен қайғысы, ырысы мен табысы келер ұрпақтың аса жауапкершілікпен, көздің қарашығындай сақтайтын парызы мен қарыздарға толы міндеті деп ойлаймын. Себебі бұл жерде ар-намыстың, ұяттынан жаралған текті ұрпақтың қаны жатыр. Елі үшін еңірейтін, кез-келген жауға қаймықпай қарсы тұратын тектіліктің рухы бар. Бүгінгі күні үлгі болатын соғыс ардагерлері мен еңбек, тыл ардагерлеріне жылы, нәзік жүрекпен қараған жөн. Қазіргі осы заманда арамыздан азайып бара жатқан ардагерлерге қанша құрмет көрсетсек те ол көп болмайды. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, бөрілі байрағымыздың желбіреуі халқымыздың шуақты да, қуатты бейбіт өмір, еліміздің азаттығы осы ата-апаларымыздың мыңдаған жылдар бойы шайқасының арқасы екенін әрбір жан, жеткіншек ұмыптағаны абзал. Сондықтан «Ұлы Жеңіске - 70 жыл» толу мерей тойына орай елі үшін жанын пиде еткен боздақтардың рухына тағзым ету бүгінгі таңда әр адамның борышы.

Ұлы отан соғысына аянбай өз үлесін қосқан бүгінгі күнде осы біздің Парамоновка ауылында өмірінің соңына дейін ғұмыр кешіп, дүниеден өткен батыр ағамыз Бердников Николай Анфимович туралы біраз естелікті жазуды жөн санаймын, осындай ерлікті дәріптеп жазу мен үшін борыш санаймын. Бердников Николай Анфимович 1913 жылы Алтай өлкесі, Баевский ауданы, Плотова ауылында дүниеге келген. 1941 жылы соғысқа аттанған. Аға сержант Н.А.Бердников Берлинде болған шайқастарында ерекше көзге түскен. 1945 жылдың 21-ші сәуірінен 30-шы сәуіріне дейін жиырма оқ боратқан орындарды жойды. Рейхстагты алуда бірінші оқ атты. Ол контузияға ұшырады, бірақ соғыс алаңын тастап кетпеді. Оған 1945 жылы 15 мамырда Кеңес Одағы батыры атағы берілді. Соңғы жылдары Ақсу қаласы Парамоновка ауылында тұрды. Ленин, «Қызыл Жұлдыз», III дәрежелі «Данқ» орден, медальдарымен марапатталды. 1983 жылы 12 шілдеде қайтыс болды. Жыл сайын Ұлы Жеңіс меркесі қарсаңында зират басына гүл шоқтарын қойып, құрмет көрсетеміз. Күзгі, көктемгі уақытта үнемі тазалық жұмыстарын жүргіземіз. Осындай құрметті батыр адам біздің ауылымызда тұрып, өмірден өтсе де біз ерлігін ұмытқан емеспіз, батырдың ерлігі мәңгі есімізде. Бастауыш сынып мұғалімі Гейн Т.Ю оқушылармен бірге батыр ағамыз Бердников Н.А жайлы ғылыми еңбек жазуда. Ақсу қаласында арнайы тақтада осы кісінің портреті ілінген. Ол кісіні мақтан етіп, біз үнемі айтып насихаттап жүреміз. Біз Отан үшін отқа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түскен біртуар азаматтар ерлігі мен батырлығын мәңгі ұмытпауға ант етеміз!

Одан бері де 70 жыл өтті,
Ардагерлер де азайып кетті.
Аз ғана қарияларға
Қамқор жасайтын күн де жетті.

Сұм соғыстың куәгерлері,
Тарихтың «Ақтанкерлері».
Тілеймін мен Қарияларға,
Ұзақ болсын өмірлері!

Акпарова Сая

11 сынып, №9 гимназия Павлодар қ.
Жетекшісі: Байтлеуова Ельсуяр Ахметовна

Ержүрек ата

"Отан үшін отқа түс-күймейсің".

Менің Ұлы Отан соғысы туралы бар білетінім: тарих сабақтарындағы деректер мен аға буын өкілдерінің зұлым соғыс жайында әңгімелері мен олардың соғыс тақырыбында оқыған бірнеше кітаптары...

Мен болсам, көгілдір аспанды бейбіт өмірде дүниеге келдім. Балалық жүректі үрейлендіріп, дәл жаныңнан зулаған оқтың, жарылған минаның шуын естіп көрген емеспін. Өзегің талып, аштықтан есінен танғанның не екенін білмеймін. Сол себепті, мен өзімді бақытты ұрпақтың аманатындай сезініп, атқан күнге, тыныштыққа ризашылығымды білдіремін. Зулаған уақыты ырыққа көнбейді. Алға зымырауда. Сұрапыл соғыста Отан үшін отқа түсіп, қанмайданның куәсі болғандардың қатарыда жылсанап сиреп барады. Ұлы Жеңіс үшін күрескен қазақтың қайсар ұлдарының бірі-менің атам Бүркітбаев Құсайын Әбілдаұлы (1905-1995 жж.) 35 жасында соғысқа аттанып, 4-ші Украина майданына қатысады. Курск доғасындағы Сталинград үшін шайқасып, Польша шекарасына дейін жетеді. Немістердің қоршауына түсіп тұтқынға алынады, тек қызыл Армия әскерлері жаудан азат етіп алады. Бірақ НКВД мүшелері, "тұтқында болды", - деген айып тағып, 1946-1952 жылдары Донбас шахталарында жазасын өтейді. 1953 жылы Сталин қайтыс болған соң ақталып, өз Отаны – Қазақстанға оралады. Соғыста алған жарақаттарына қарамастан қазіргі Ақсу ауданының Сарышығанақ ауылында шопан болып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еңбекетеді. Ауылдастары оны еңбекқорлығы мен шыншылдығы үшін қатты сыйлайтын.

Атам Ұлы Отан соғыс майданында жауға қарсы күресіп жүрген уақытында оның отбасы атамның хабарсыз кеткені жайында “қарқағаз” алады. Дегенмен, Биғайша әже үмітін үзбей күйеуінен хабар күтумен болады. Әжемнің сенімі жеңіп, атам екеуі қайта қауышады. Бастарынан некилы заман өтеді. Соданда болар, мүмкін, олардың бір-біріне деген қарым-қатынасы әрқашан ықыласты болатын.

Ерлігімен өжеттігі үшін Ұлы Отан соғысы және Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған атамды – мен мақтан тұтамын. Ол менің алға ұстар биік туым. Өкінішке орай, мен атамды тірісінде көре алмадым. Батыр атам 1995 жылы дүниеден озды, ал мен дүниеге 1997 жылы келдім. Қандай өкінішті?! Ал атамның соқтықпалы-соқпақты өмір жолы туралы әжемнің естеліктерінен, туыстарымыздың әңгімелерінен ғана естіп біліп жүремін. Ұлы Отан соғысы майдандарында менің нағашы атам - Бүркітбаев Хамит (1918 жылы туған) хабарсыз кетті. 1941 жылы жауға қарсы ұрысқа аттанып, содан қайтып оралмады. Осылайша, қанша өмір үзіліп, қаншама жастар қыршынынан қиылды десеңізші.

Бірақ, соғыстың аты соғыс...

Жыл сайын 9-мамырда отбасымыз аталарымыз Құсайын мен Хамиттің рухына тағзым етеді. Соғыс жылдарындағы хаттары, соғыстан кейінгі жылдардағы кездесулерден сыр шертетін суреттері кейінгі ұрпаққа, яғни бізге-өнеге. Шіркін! Соғысқа аттанған өрімдей қыздар мен балаң жігіттердің жарқын келешек туралы армандары қандай асқақ болды екен! Оларда мен секілді мектепті бітіріп, оқуын жалғастырып, жақсы маман иесі болуды армандаған шығар. Ұрыс даласында болашақтағы бақытты өмірді елестеткен болар. Некерек.., алысқа жетелеген арман ұшқыны соғыс қиған өмірмен бірге сөнді. Бораған оқтың астында ата-бабаларымыз батылдықпен табандылық көрсетіп есімдері тарихта қалды.

Ал батыр қыздарымыз - Әлия мен Мәншүк. Қазақтың қос батыр қыздары қазіргі менің жасымнан біраз ғана үлкен. Соғыс оларды ерте есейтіп, майданда ұмытылмас ерлік жасатты. Талдырмаш бойлы қазақтың қайсар қыздары ұрыста қаншама жаудың әскерімен арпалысып бостандық үшін, азаттық үшін жандарын пидә етті. Олар да сүйген жар, аяулы ана, білікті маман болар еді. Соғыс болса, бәрін өзінше шешіп, қаншама сезімдерді жоғалтып, үміттерді үзді.

Неліктен мен әлі де, соғыс жайлы толғаныспен айтамын? Неліктен?...

Оның себебі, аяушылықты білмейтін соғысты біздің өскелең ұрпақ отансүйгіштігімен жеңуі керек. Кеңес Одағы батырларының есімдерін тарихқа алтын әріппен жазу керек. Ержүрек ерлердің өжеттігі арқылы Отанымызды сүйуге, құрметтеуге тәрбиеленуіміз қажет. Батыр аталарымыздың бейбіт өмір

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жолындағы ерлігі, елінің игілігі үшін жасаған еңбегі жадымызда мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Соғыс ардагерлерінің мол тәжірибесі - жастарға үлгі. Олардың еңбек жолы да, ұрыс даласындағы ерлігіде - жас ұрпаққа өнеге.

Амангелді Ақерке

11 сынып, №2 ЖОББМ Ақсу қаласы

Павлодар облысы

Жетекші:Алиева Бақтыгүл Сайдазымқызы

Ер есіме ел есінде

Қанша үйдің ұрлап адамын, Қанша үйде
сөніп қалды оттар.

Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?!

С. Мәуленов

Соғыс – сұрапыл дауыл. Сан мыңдаған тағдырларды тәлкек етіп, адамзат өмірін күйретуші күш. Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихындағы ең ірі жанжал, ең ірі шиеленістердің бірі болып тарихта мәңгі қалды. Соның ішінде біздің қазақ халқының тарихынан да елеулі орын алып отыр. Қазақтың қаншама қайсар ұлдары мен батыл қыздарының қаны төгіліп, жас сәбилерді ерте есейтті бұл соғыс. Қайғысыз-қамсыз күн кешетін шақта ауыр азапқа тап болып, төбемізден бұлт төнді. Сонда да қазақ халқы батыл ғой шіркін! Қазақтың қайсарлығында шек жоқ. Бір ұлттың ғана емес қаншама ұлттың өткенінде жазылмас жара болып қалды. Көптеген ұлттар бірлесе отырып жеңістің белесіне жетті. «Бірлік түбі – тірлік» деген осы болса керек. Бұл сыннан КСРО шыңырағының астындағы халықтар сүрінбей өтіп, фашизмді талқандап, жеңістің жалауын желбіретті. Батырларымыз 1941 жылы соғыс басталғанда қолына қару алып, қасық қаны қалғанша елін қорғау жолында жанын пида етті. Жаһанның жартысын қамтыған алапат соғыста елін қорғаған әрбір жауынгерді батыр деп есептеп, есімізден шығармауға тиіспіз. Ержүрек батырларымыздың ерен еңбегін ескеріп, келер құрпаққа дәріптеу - біздің қасиетті парызымыз.

Осы тұста Ә.Сәрсенбаевтың мына өлең жолдары еске оралады:

«Сен құрметте оны!
Түсіндіңбе, қарағым?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық, жолында аяғын!»

Қазақтың даңқты батыр ұл-қыздары соғыста өздерінің Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен атқарды. Атап айтсақ, Кеңес Одағының батырлары Б.Момышұлы, Рехстагқа ту тіккен Р.Қошқарбаев, ұшқыш Т.Бигелдинов, минометші Қ.Сыпатаев, Даңқ орденінің иегері І.Айтықов, 18 жасар жауынгер Ж.Елеусізов, С.Нұрмағамбетов, батыр қыздарымыз М.Мәметова мен Ә.Молдағұлова ерліктің ерен үлгісін көрсетті.

Олардың батылдығы, еліне деген патриоттық сезімі болашақ ұрпаққа үлгі екені сөзсіз. Төлеген Тоқтаровтың Бородино селосында неміс бөлімінің штабына басып кіріп, 5 неміс офицерінің көзін жойғаны, Қарағандылық ұшқыш Н. Әбдіровтың өз ұшағын жау танкілерінің шоғырына құлатып, серіктерімен бірге жеңіс жолында қаза тапқаны біздер үшін мақтаныш. Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, белгілі жазушы Б.Момышұлы: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» деген еді. Сонымен қатар жауынгерлердің рухын көтеру мақсатында Ж.Жабаев 1941 жылы ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім!» атты жырын арнаған. Міне, әркім әрқалай өз Отанына көмегін тигізуге тырысқан. Қазақ халқы қашанда батырлықпен біте қайнасып, батылдығына ел тамсанған халық. Қазақ атауы мен қайсарлық бөлшектеуге келмейтін егіз ұғым.

Осы соғыстағы фашистік Германияны тізе бүктірген 1945 жылғы 9 мамырдағы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы жақындап келеді. Жеңісті өсіп келе жатқан жас өрендеріміз санасына сіңіріп, көкейіне түйіп тиіс. Бейбіт таңдағы азат жастарымыздың көкірегі ашық, кеудесінде патриоттық сезімі оянған, елім деп соққан жүрегі болуы шарт. Ендігі таңымыз әрқашан да ашық болғай. Күллі адамзат баласының тарихында енді мұндай сұрапыл соғыс ешқашан болмаса екен. Әлеміміз бейбіт, Отанымыз тыныш болғай. Егемен елдің ержүрек ұрпақтары біз болайық. «Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген!».

Оксана Андасова

9 сынып оқушысы

Қарабидай негізгі жалпы білім беру мектебінің

Ұстазы: Эльмира Шағуанқызы Нургалиева

Мәңгі есімізде

Биыл Ұлы Отан соғысының 70 - жылдық жеңісі тойланады. Бұл күнді жеткіншектер қандай ауыр жолмен келгенін естеріне алады. Осыған қарамастан қазіргі уақытта осы оқиғаны өзгертіп, басқаша жазатындар көп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болып кетті, бірақ сол жылдардағы оқиғаларды ешкім өзінше өзгерте алмайды, өйткені ол ешқашанда естен кетпейтін және ұмытылмайтын Ұлы Отан соғысының тарихы. 9 мамыр – біз үшін ұлы мереке. Оны әр жыл сайын халқымыз тойлайды. Біздің елімізде 70 жыл бұрын осы күнде не болғанын білмейтін адам жоқ. Төрт жыл бойы халқымыз фашизмге қарсы тұрды. Әрбір адам Жеңісті жақындатуға көмек көрсеткісі келді. Соғыстың зардабы барлығына ауыр тиді. 70 – жыл бұл бір адамның тұтас өмірі. Бірақ қанша жыл өтсе де, бүгінгі ұрпақ, сол соғыстың зұлматын ешқашан ұмытпауы керек. Ұрпағы үшін өлген жауынгерлер біздің жадымызда.

Жыл сайын осы мамыр күндері біз соғыстың сұрапыл жылдарын еске аламыз, соғыста құрбан болғандардың есімдерін құрметтейміз.

70 жыл өтсе де, біздің халық жыл сайын сол ұлы жылдарға тағзым етеді. Өткен күндер келмесе кетсін десекте соғыстың ызғарын қалай ұмытпақпыз. Сұрапыл жылдар, барлығы үшін өте қатал болды. Ол жас кәріні талғамай аяусыз қырды. Жас жеткіншектер миллиондап әскерге аттанды. Соғыс әрбір отбасына өзінің жазылмас ізін қалдырды. Әрбір отбасынан кем дегенде бір адам болсын майданға аттанды. Осы қайғы бірде-бір отбасын айналып өтпеді. Еңбастысы адамдарда үміт пен сенім болды, әр шабуылға шыққанда Жеңіс үшін деген ұранмен аттанды. Соғыста адамдар тек қана соғысқан жоқ, сонымен қатар олар өмір сүруді жалғастырды. Олар үйін, ата-анасын, туыстарын, сүйікті қыздарын естеріне алып, оларға хат жазып тұрды...

Соғыс барысында үлкен рөлді партизандар ойнады. Олар жаудың тылында қаншама істерді жүзеге асырды. Оған қоса олар көптеген ерліктер жасады. Соғыстың зардабы барлығына тиді. Қазақстаннан өте көп адам майданға аттанды. Олар біздің аталарымыз бен әкелеріміз, жас жігіттер мен қыздар болды. Оған қоса Панфилов ерлері болды. Олар 28 адамнан құралды, оның ішінде 11 адам біздің жерлестеріміз болды. Қазақстанның көп жауынгерлері мен офицерлері Кеңес Үкіметінің Батыры деген үлкен атаққа ие болды.

Біз сол қиын жылдардың қаталдығын сезіне алмаймыз, себебі бұл бізге дейін болған оқиға және біздер сияқты ұрпақтарының бақытты ғұмыр кешуі үшін төгілген қанның өтеуі. Біздің қаншама ерлер мен әйелдерді, жас жігіттер мен қыздарды, балаларды – соғыс алып кетті. Олар қайсарлықпен жан қиды, біз оларды есте сақтауымыз керек. Жеңіс күні! Ұлы Отан Соғысы жылдарында мерт болғандардың құрметіне тыныштық минуты жария етіледі. 1945 жылғы мамыр, оны ұмыту мүмкін бе? Бәріне де айқын, өткенсіз бүгінгі жоқ, бүгінсіз келешек жоқ. Қазақстан Республикасының халықтары басқа кеңес үкіметінің халықтарымен қатар неміс – фашистерімен Ұлы Отан соғысы кезінде ерлікпен соғысты. Қазақ, орыс, украин және тағы басқа ұлт өкілдері Отанына деген адалдықты көрсетті. Адамдардың ұлы патриоттығы арқылы Ұлы Отан соғысында жеңіске жетті. Жерімізді елімізді қорғап, қаза тапқан сарбаздар туралы әр адам есінен шығармауы керек.

Ахметжанова Софья
8 «а» сынып №25 ЖОМ,
Павлодар қаласы.
Жетекшісі: Теміржанова М.Ә.

Біз – Қазақстанның болашағы, біз – Қазақстанның патриотымыз!

Қазіргі таңда Қазақстан өркениетті, дамыған елдер қатарынан бой көрсетті. Еліміз тәуелсіз ел, дербес мемлекет, ХХІ ғасыр табалдырығын сенімді аттаған ел болып саналады. Ел өз қалауымен президентті сайлап, Ата Заңымыз бен мемлекеттік рәміздерді қабылдады. Ана тіліміз-қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы. Ол күннен күнге жаңарып, жаңа биіктерге көтерілуде. Осындай шарттарымен Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін дәлелдеді. Қазақстанның алда болуына бізде көптеген белестер бар. Енді, ең басты міндет – Қазақстанның жастарын патриоттық сезімге баулу. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір жасты Отанын, елін, жерін, Ата заңын, Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үйрету.

Патриотизм – тарихи, әлеуметтік ұғым. Ол гректің «parties» – Отан, ел – деген сөзінен шыққан. Бұл термин Отанға, елге, туған жерге, халыққа деген сүйіспеншілікті білдіретін ұғым. Патриоттық идея, отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол бірте-бірте адамның өмірімен бірге қалыптасатын саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласына тән, сүйіспеншіліктен туған қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз ана тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады.

Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі – халықтың береке бірлігінде, ынтымақ ықыласында, елдігі мен ерлігінде және мемлекетіміздің күш-қуатының беріктігі мен ұлан-байтақ жерінің біртұтастығында. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы адам бойына өздігінен қалыптаса қоймайды. Ол ұғымды қалыптастыратын алғы шарттарға мыналар жатады:

- Ең алдымен – Қазақстан халықтарының тарихын білу, жалпы Қазақстанның тарихы;
- Туған халқымыздың тілін ардақтап, басқа елдерге мақтау;
- Атадан балаға, баладан немереге, немереден ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жалғастыру;
- Өткен тарихымыздың жақсылықтары мен тәрбиелік мәні бар жақсы қасиеттерін сақтап, одан әрі жан-жақты дамыту, оның өркендеуіне үлес қосу;
- Абай атамыз айтқандай, ұлттық қадір-қасиетімізді арттыру, ұлт атына кір келтіретін жат пиғылдан аулақ болу.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қай заманда болса да адамзат өз алдына – еңбексүйгіш, тәрбиелі, қайырымды бала тәрбиелеуге мақсат қояды. Соның ішінде қазақ халқы өз ұрпағын, үлкенді құрметтейтін адал, инабатты, әділ, ержүрек, намысшыл, ізгі ниетті болып өсуін қалайды. Бұл қасиеттер дұрыс тәрбие арқылы қалыптасады. Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин тәрбиенің басты құралы етіп – дінді алған да, оның тиімді жақтарын өмірмен ұштастыра білгеннің артықшылығы жоқ деген.

Ата-баба салтының Жер-Анаға деген ыстық сезімі бірінші кезеңде тұрады. Сондықтан да бұл әр адамның ойындағы қасиеті, дарыны ата-баба жерімен тығыз байланысты. Міне, осылардың барлығы жалпыадамдық педагогиканың бір бөлігі ретінде ұлттық тәрбие жүйесінің ізгілікті де игі бастауларын құрайды. Республикадағы адамдар, жастар қандай ұлт пен ұлыстан шықпасың, патриоттық негізді бәріне де толыққанды дамуына нақты жағдайлар туғызып, көп этносты елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, Қазақстандық патриотизмнің туындауына негіз бола алады. Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады.

«Өткен уақыт үнсіз мүлгиді, келер уақыт баяу жылжиды, ал бүгінгі күн құйындай ұйтқиды», деген қанатты сөз бар. Бұл үшін де парық-парасат, білім-білік, ерік-жігер керек емес пе? Ұрпағын сүйген баба ғана қасиетті, Отанның болашақ азаматына: «Тарихыңды зерделе, аға ұрпақтың саған деген аманаты – ерлік, тәрбие алар сәтінді бос жіберіп, қапы қалма», - деген. Тарихты зерделеу арқылы біз ұрпағымызға, Отанымыз бен халқымызға шексіз берілгендік, қаһармандық патриотизмнің шынайы сабақтарын аламыз.

Патриоттық сезім – ұлттық рух деңгейінің айнасы. Сол себептен Ел басыөзінің халыққа жолдауында азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйспеншілігін дамытуды негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды. Президент стратегиясының түп қазығы, басты арқауы – адам тағдыры. Бүгінде өзгерген адам, келешек ұрпақ, олардың сапасы – Ел басы назарында. Стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, алғы шартының өзі – Қазақстан халқы, оның жоғары сапасы, жасампаздық істерді орындауға мүмкіндігінің жеткіліктігі және қабілеттілігі. Бұл талап Қазақстан халқына, олардың ерік-жігеріне, күш-қуатына, табандылығына, білімділігіне сенгендіктен туындаған.

Ана тілі - әділет пен шындық тілі, күрес пен тартыс тілі, ізгілік пен инабаттылық тілі, досыңа жылы, қасыңа қаһарлы тіл, қажырлы қайрат тілі, жылы лебіздер тілі, тәңірін таныған тіл, періштелер мен пәк жандар тілі, еркіндік пен теңдіктің тілі, «бостандық» деп жар салған тіл және «тәуелсіздік»

деп тебіренген тіл. Ана тілі – халқын тура жолдан тайдырмаған көсемдер тілі, елдің беріктігін сақтаған билер тілі. Яғни, қазақ мемлекетінің патриоты ана тілін жете меңгерген және қосымша тілдер білетін, өз бетімен шешім қабылдай алатындай көзқарасты қалыптастыратын жеке тұлға болмақ. Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір шарты – халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту «Береке бас - бірлікте», «Бірлікте болсаң – биікте боласың», - деген халық. Ата-бабамыз Отанға деген пәк сезімнен, өршіл патриотизмнен әсер алған жандар. Бір сөзбен айтқанда, елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай отаншылдық сезімді ояту мүмкін емес. Сондықтан да өткен тарихты объективтік тұрғыдан саралап зерделеуге ұмтылу – заман талабы. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында, міне, осы ізгі мақсатты көздейді.

Өткенін білмеген – халықтың қадірін білмейді. Халық қандай жайды бастан кешірді, бүгінгі заманға қалай қол жеткізді? Халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, қанын сарп етті, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтті, жерін қорғап, елін сақтады – осының барлығын бүгінгі ұрпақ білуге, қастерлеуге тиіс. Тәуелсіздік – қазақ халқының сан ғасырлық арманы. Отанымыздың көгінде көгілдір туымыздың мәңгілік желбіреуі – тәуелсіздігіміздің арқасы. Тәуелсіздіктің туы өздігінен тігілген жоқ. Осы жолға жету үшін қанша тер төгілді? Тәуелсіз елдің еркін ұлты ретінде бойын түзеп, өзгелермен терезе теңестіру үшін, патриоттық, намысшылдық сезімдерін қалыптастыру керек. Әр нәрсені өз атымен атай білетін деңгейге жеткен ұлт қана алыс ертеңдерге аптықпай жетеді. Сондықтан ұлы Желтоқсан оқиғасының тарихи мәні өте зор. Бұл 1986 жылғы - әлемді дүр сілкіндірген қасіретті Желтоқсан оқиғасы болатын. Сол Желтоқсан оқиғасында ту еткен ұлттық намысымызды әрқашан жоғары ұстай білсек, өз жерімізге, елімізге ие болып, халқымызға жақсы өмір орнату жолында еш нәрседен тайынбай күресе білсек, қол жеткенімізді баянды етсек, әрбір жеткіншекке ұлттық сана дәнін себе білсек, мақтаныш деген сол ғой.

Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың «Берік денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындатырлық болса, баланың тәрбие алып, шын адам болатындығы» деген қағидасы өміршең болып отыр. Дәл осындай игі қасиеттерді бойына сіңірген жалпы адами құндылықтарды меңгерген, қоғамның жоғары мұратты мақсаттарына сай келетін жеке тұлғаны қалыптастыру – баршамыздың алдында тұрған міндетіміз.

Адам махаббаты қандай мәңгі болса, оның патриотизмі де сондай мәңгілік. Адамзат махаббатсыз, мұратсыз өмір сүре алмайды, оны теріске шығару еш нәтиже де, жеміс те бермейді. Олай болса, қазақстандық патриотизмсіз біз де өнегелі ел бола алмаймыз. Сол үшін азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге ғана емес, ертеңге де, болашаққа да керек.

Ахметова Сания

8-сынып ЖОББМ Саты ауылы

Май ауданы Павлодар облысы

Жетекші: Болатханұлы Әміржан Біләлтегі

Ұлы Отан Соғысы

«Әке, атам көп медалдары бар
костюмін неге қабырғаға іліп қойған, атам
енді ауруханадан келе ме? Неге медалы
бар костюмін киіп бармаған, әдемі ғой?»

Мен өз атамның майданда болғанын, отан үшін жаумен шайқасқанын қашанда жадымнан шығармаймын. Себебі ертегілерде кездесетін Алпамыс, Ер Тарғын, Қобыланды батырлар сияқты аталарым да ұлы отан соғысында жауға қарсы тұра білді. Алпамыс батыр қазақтың қолын бастап шайқаста жоңғардың Қараман батырымен жекпе-жекке шығып жеңеді. Ұлы Отан соғысында жауынгерде бетпе-бет арпалысқа түседі. Онда Қараманның орнында қара танк, ал Алпамыстың орнында атам шығады. Шапсаң қылыш өтпейтін қара темірдің қапысын тауып қиратып, келесі Қарамандары қарсы алып отырған. 1941-1945 жылдар арасы төрт жыл ғана-ақ. Менің бірінші сыныптан бастап төртіншіні аяқтаған кезімдей. Осынау бір төрт сыныптай ғана ғұмырда төрт күл дүние талан-таражыға түсті. Майданға кеткен майдангерлердің үйіне не медал тағылған әскери форма, не майысқан үш бұрышты қара қағаз, не қолы не аяғы жоқ ағатайлар ертерек оралған. Атамнан көп естігенім: өзі қатарлас жауынгерлердің көбісі жорық даласынан қайтпаған.

Кешегі бабалардың баласы – жауынгерлер;

Бүгінгі балалардың атасы – жауынгерлер;

Арасындағы менің әкем мен анам аталарымыздың алып берген жеңісі, ал мен - атамның жемісімін. Елдің тыныштығы, бірлігі – ең баға жетпес мұрасы. Өйткені зобалаң тірліктің әр секунты санамызға кірмейтін көрністерді көрсетіп берді.

- Апа, атамның бір көзі неге біздікіне ұқсамайды аппақ, неге үнемі өз бетімен сөйлеп отырады?,- деді бес жасар немересі.

- Балам-ай, атаң оң көзін әкеңе, мамаңа, маған, әпкеңе, ал көзінің қарасын саған берген, сенің көзің жақсы көрсін деп, неге сөйлеп отыр дейсің бе? Атаң сені, сен сияқты балаларды үлкен-үлкен батыр болып тез өссін деп Алладан тілеп отыр, ұқтың ба!,- деді апасы.

- Ата, аяқтарыңыз қайда кеткен, міне менде аяғым бар ғой?,- деді алты жасар немересі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- Әй, балам-ай, сонау соғыста жүргенде мына өзің сияқты кө-ө-ө-п бүлдіршіндердің Отан деген атасының аяғы жоқ екен. Сол Отан атаң балаларға тамақ берсін, жыласа арқасына көтеріп тербетсін деп аяқтарымды беріп кеттім. Отан атаң кейін қайтарып берем деген, балам, - деді атасы.
- Апа, атамның құлағы мүлде естімейді, айқайлап жатып әзер айттым дәрігер келді деп,-деді жеті жасар немересі.
- Қоңыр қозым-ау, кейбір үй сондай айқайлайтын құлақтарынан айрылып қан жылап отыр ғой, сенің айқайың атаңның армандаған әні болатын,- деді апасы.
- Аға, атам қолына көп аталардың автомат ұстаған суретін алып, «достарымды сағындым» деп жылап отыр неге?,- деді сегіз жасар немересі.
- Баламсың деген, сенің де күнделікті тақ-тақ ойнайтын жақсы достарың бар емес пе? Міне, сол сияқты атаңның да өмір мен өлім ойында бірге соғысқан жан достары болған, соларды сағынады да.
- Әке, атам көп медалдары бар костюмін неге қабырғаға іліп қойған, атам енді ауруханадан келе ме? Неге медалы бар костюмін киіп бармаған әдемі ғой?,- деді тоғыз жасар немересі.
- Балам, ботақаным, көзімнің нұры, дәл қазіргі жағдайда атаң екеуміздің баратын орнымыз сиреп қалды. Аурухана мен үй, үй мен аурухана. Атаңды енді анау «Ұлы Отан соғысына» қойылған қалың батыр ескерткіштер қатарынан ізде, ол енді сол жерде қасқайып тұрып сендердің тыныштықтарыңды күзетеді. Ал, мынау медаль толы костюмін атаң мен сияқты ер жеткенде батыр болсын, туған елін қорғасын деп саған қалдырды. Кейін балам, атаңның өсиетіне өзіңнің де көзің жетер, ол үшін аяғыңның астындағы ұлтарактай жер үшін жанын берген жауынгерлер ісін қастерлеу керек, ұқтың ба!,- деді көзіне жас алып апасы.

Қазіргі көп бала мен аз атаның арасындағы байланыс көрінісі көбіне осылай болады. Әр баланың бақытты күлкісі үшін, майданда қан төккен қаһарман мың кісінің ерлігі жасалды. Қазіргі қатары сиреп кеткен жауынгер қарттардың тұлғасын, біздің бүгінгі болашағымыздағы тірі тарих тұнбасы деп түсінуіміз қажет. Аңыз ақиқаттан құралған. Замана зулаған сайын тұлғалы батыр қариялар, тарих дариясымен қатар жүріп отырады. Марқұм менің атамның өзінің көзі тірісінде көрсеткен құжаттарының ішінен «Ұлы Отан соғысына» қатысқан Павлодар облысының жауынгерлер тізімі болатын. Осы кітапты қолыма алған сайын жүрек тұсым шымырлап әр паракты әрең аударатынымын. Себебі, әрбір екінші тізімдегі жауынгер жайы мынадай жолдармен жазылған:

«Абдуллин Садуақас қатардағы жауынгер қазақ 1900 жылы Павлодар облысы, Май ауданында туған. Әскерге Май АӘК арқылы шақырылып, 20.06.1943 жылы жарақаттан қайтыс болған. Орел облысы Хряповта жерленген...».

Мен кейде әкем жұмыстарымен облысқа кетіп бірнеше күн кешіккенде көңілім қобалжып, қайта-қайта телефон соғып, тез келуін тағатсыздана күтетін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

едім. Әкемнің дауысын естіп, құшағына енгенше дегібірім қалмайтын. Мен анамның жүзіндегі күлкінің жарқын түрін әкем келгенде ғана шынайы екеніне сенетінмін. Әкем жоқ кезде жымығаны өз-өзін алдап менің көңіліме қарап істеген ізеттілігі ме деймін. Отбасыңның асыраушысы, қорғаны, басшысы, іздеушісі мен махаббаты әкенің көңілі.

Оның да әкесі іс-сапармен кетті. Бірақ менің әкем сияқты төрт-бес күнге емес, уақыты ғасырдан да ұзақ мерзімге жол тартты. Менің әкем дайын бейбіт келісімді шешсе, оның әкесі бейбіт келісімді орнатуға кетті. Менің әкем таза ауамен дем алса, оның әкесі қою қара түтінмен тыныстады. Менің әкемнен хабар келсе қуанатынмын. Ол әкесінен хабар келеді десе қорқатын еді. Менің әкемнің баратын жері белгілі болды. Оның әкесінің қайда баратыны белгісіз еді. Менің әкем өмірдің үстінде жүр. Оның әкесі өлімнің үстінде жүрді. Біздің ауылда балалар алақайлап жүгірсе, оның ауылында балалар ағатайлап жүгірді. Біз қазір ғажап заманда өмір сүрсек, олар азап дәуірінде күн кешті.

Мен әрдайым атамның өсиетін ұмытпау үшін «Ұлы Отан соғысындағы» жауынгер аталар жайлы шығармаларды өз рухымның қорғаны деп білем. 1941-1945 жылдары өмір сүрген мен тәрізді жас ұрпақты, менің отанымның бүгінгі әкелері. Олар – өз аталарының ерліктерін жанына тұмар қып сақтап, біздерге жеткізді. Майданнан кейінгі ел сақшысына айналып отан жүрегін біздерге табыс етті. Біз – отанымыздың жүрегін қорғап, аялап болашаққа апарып, келесі өскіндерге аманат етуіміз парыз. Өйткені бүгінгі бір адамды аман сақтау үшін, кешегі мың адам: «Қатардағы жауынгер Баязитов Әбдікәрім 1907 жылы Павлодар облысы, Май ауданы, Жалтыр ауылында туып, соғысқа 18.06.1942 жылы аттанып, майдан даласында 27.11.1942 жылы хабарсыз кеткен». Бүгінгі Бейбіт өмірде ата-анамыздан бес минуттай хабар ала алмасақ санамыз сан саққа кетіп сандаламыз.

Ұлы Отан соғысының жауынгер, батыр ұлдары із-түссіз хабарсыз кетпеді. Олар сол кездің өзінде-ақ жеңіс үні боп, ұлттығымыздың ұраны боп өз елінің тұрағы боп, отбасыларына қайта оралды. Дәл қазір менің батыр аталарым болашақтың бесігінде, егемен Қазақстан елімнің мәңгілік есімінде «уралап» келеді.

Жазкенова Мадина

Павлодар облысы,
Май аграрлық-техникалық колледжінің І-курс студенті

Қасірет әкелген жыл

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1941-1945 жылдар Ұлы Отан соғыс жылдары, оны біз есімізден ешқашан шығармаймыз. Өйткені ол Адамзат баласының тарихында бұрын-сонды болмаған қасірет әкелген жыл. Биыл Ұлы Отан соғысына 70 жыл. Осы жылдар бойы көптеген елдер оны атап, Отанымызды қорғаған ержүрек батырларымызды әрдайым еске алып отырамыз. Мен үшін, жалпы адамзат үшін Соғыс – ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Ұлы Отан соғысы 50 миллионнан астам өмірді жалмаған. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбес. Соғыстың аты соғыс. Сұм соғыс біреуді жесір етті, біреуді жетім етті. Балалығы сұрапыл соғыспен қатар келген біздің бүгінгі ата-әжелеріміз сол уақытта ерте есейген еді. Ойын баласына бейнет күнді айырбастайтын күн туды. Жастарына қарамай соғысқа аттанған кәрілер, енді-енді өмір сүріп келе жатқан жас қыздар, ұлдар «Жауға аттан!» деген ұранмен алға басқан.

Соғыс жылдары талай адам, талай өмір, талай қан төгілді. Ел үшін, жер үшін, Отан үшін, болашақ ұрпақ үшін, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұлтына дініне қарамастан бүкіл халық оны қорғауға аттанып, қан төгіп, қасірет шекті. Олардың Отанына, жеріне, еліне деген патриоттық сезімін оятты. Сол күн туған кезде Отан үшін неміс басқыншыларына қарсы қолдарына қару алып майданға аттанған жауынгерлердің бір миллион үш жүз алпыс алты мыңы Қазақстандық жауынгерлер болды. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шыққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының азаматтары атақ-даңқын өшпестей қылып тарих бетінде қалдырды. Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Ақан Құрманов, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты ел аузында аттары жатталып қалған таңдаулы ұлдарымыз бен қыздарымызды қалай мақтаныш етсек те жарасады. Әкелеріміз бен ағаларымыз осынау қан майданға өздерінің жанкештілік қаһармандығымен басқа еуропалық ұлттар алдында өжеттілігімен, қайсарлығымен танылды.

"Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Олардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы Отан соғысы жылдары ер азаматтармен бірге майдан шебінде ерлік көрсеткен қазақ қыздары да аз болған жоқ. От пен оқтың ортасында жүріп жаралыларды өлімнен құтқарды. Алайда, сұрапыл қанды қырғында, жас өмірлерін сарп еткен қазақ қыздарына мың алғыс айту аз. Олардың жасаған ерлігі мен есімдері мәңгі ұмытылмайды. Сол ерліктердің жемісі - Жеңіс. Жеңіс! Қандай кең мағыналы сөз. Жеңіс... Жанға жылы тиген ұлы сөз. Құлаған рухты көтерер, жалғыз ғана сөз. Осы сөзді сонау Ұлы Отан соғысында пана еткен, мына біздер. Халық тілегін үміт пен сенімге бағыттар үлкен сөз. «Жеңіс» сөзі бүкіл халыққа бейбіт өмір әкелді, елге тыныштық оралды.

Жеңіс келді, Алтын күн елжіреді,
Қуаныштан жарылды ел жүрегі.
Әр батырдың есімі биіктерде,
Жеңіс туы секілді желбіреді... –

деген өлең жолдарымен жеңістің құндылығын білдіргіміз келеді. Халық ерлігі қай қоғамда, қай идеология кезінде болмасын өшпейді де, өлмейді де, ол адам баласының жадында ғасырлар бойы сақталып ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, өзінің жалғасын таба береді. Бұған дәлел ретінде қоғамда ерте заманнан бері орын алып отырған сан алуан соғыстар тарихы бар. Соғыс бір елдің жеңісімен немесе жеңілісімен аяқталады. Жеңіске жеткен елдердің қатарында біздің ел де бар. Біздің халқымыз үшін жеңіс – ұлы оқиға, бейбіт өмір, ашық аспан, кең дала, айналадағы табиғаттың алуан түрлілігі, жаңа сәбилердің өмірге келуі, туып-өскен жердің, Отанның азат етілуі.

Өзім соғыс туралы ойласам, көз алдыма баласы, жарын жоқтап жылаған аналар, әке мейірімін көрмеген балалар, Отан үшін майданда ерлікпен қаза болған жас азаматтар келеді. Соғыс салған жараның орны әлі жазылған жоқ. Сондықтан қанмен, термен, жаспен келген жеңіс – ең ұлы жеңіс, киелі жеңіс, қадірлі жеңіс.

Жанабаева Әлия

10-сынып, «Железин ауданының Еңбекші ЖББОМ» ММ,

Павлодар облысы

Жетекшісі: Көшербаева Іңкәр Қанатқызы

Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Өтсе- дағы арада 70 – жыл
Бабаларым түсіме әлі еніп жүр.
Кейінгі ұрпақ қайта соғыс көрмесін,
Соғыс аты мәңгілікке жерленсін.
Бейбітшілік бейбіт күннің тілегі,
Нық – нық басып, Отан төрін төрлесін.

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғыстарды басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. 1941 жылы бейбіт жатқан елімізге Германияның тұтқиылдан соғыс ашқаны бәріне де белгілі. Суық хабар сол күні байтақ елімізге, жер-жердегі ауыл – аймақтарға тарады. Ер – азаматтар асығыс соғысқа аттанды. Ардагер аталарымыз бен апаларымыздың сол бір сұрапыл жылдарды неліктен көздеріне жас ала отырып естеріне алатыны ұрапқтарына тарих беттері мен сол адамдардың ауыздарымен айтқан әңгімелерінен мәлім. Неміс фашистері бастаған сұрапыл соғыс көптеген адамдардың отбасыларын жақындарынан жалмап кетті. Ана баласыз қалды, бала әкесіз, анасыз жетімсіреп қаңғып қалды. Балалық шақтарында ойын емес қанның дәмін көрген балалар қанша десеңізші?! Біз, қазіргі ұрпақ, осындай бейбіт елде тұратын, қандай бақыттымыз!

Қазақ ұлдары мен қыздары қаншан да батыр елдің ұрпағы болып саналады. Оған дәлел Ұлы отан соғысына қатысқан бозбалалар мен бойжеткендер. Абылай хан мен Махамбеттің ұрпағы. Алға деп ұрандап, жеңісті ту еткен бабалардың ұрпағы. Наурызбай мен Баян батырды жаратқан, жерден шыққан батырлар! Елі үшін, жері үшін деп жан алысып, жан беріскен-біздің батырлар! Ұлы даланы үлкен бір дүрбелеңге салған, жер ананың жанын опырып, қан жылатқан, қызыл қаннан көл ағызған- жалмауыз соғыс.

Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасықтай қаны, шыбындай жаны қалғанша шайқасты. Жауынгерлер батырлықтың, батылдықтың үлгісін көрсетті. Олардың соғысқа қатысқандығының мақсаты – ұрпақтардың, яғни біздің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүсуімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қамында жүріп, бізге бейбіт өмірді сыйлады. Уақыт өткен сайын ата - бабамыз сыйлаған Жеңістің маңызы артуда. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге екені сөзсіз. Отансүйгіштік қасиет - әркезде қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істеп жүрген адамдардың еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі, олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көріп, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешіп, жеңісті жақындатуға олар да көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыңнан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық отан үшін ерлеріміз өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихта алтын әріптермен жазылады. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр топырағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау парыз...

Міне биыл еліміз Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 70 – жылдығын атап өтуде. Бұл – әр қазақстандық үшін елеулі оқиға болып, көкірегі қуаныш пен мақтанышқа толы айтылатыны мәлім. Иа, осы оқиғадан қаншама жыл өтсе де халық есінде мәңгі сақталады. Сол кездегі күннің шуағы, бір мезетте қараңғылықпен жабылады. Жасыл жайлау, кең дала, қалалар да барлығы соғыстың тынысын сезгендей болды.

«Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» - деген патриоттық сөздер естілді. Халқымыздың ата құлқы, ана сүтімен қанына сіңген осы Отаншылдық, ерлік намыскерлік, дәстүрлі кешегі сұрапыл соғыста ерекше түсті. Сол ерлерді туған жерлерінен мыңдаған шақырым алыста арыстанша алыстырып, қандарын қайнатқан, алдымен «Отан» деген қасиетті сөздің өзі болса, екінші жағынан, туған елінің абыройын, ата – салтын ардақтаған намыскерлік еді. Басқаны былай қойғанда, туған Қазақстанның қиыр шалғайда қаһарлы жаудан қаймықпай, тіс – тырнағына дейін мұздай қару құрсанған неміс фашистерін ондап, жүздеп, мыңдап о дүниеге аттандырып, қиын сәтте өз жолдастарын шабуылға көтерген қаршадай батыр ұл мен қыздарымыз.

Біздің ержүрек батырымыз Бауыржан Момышұлы аға лейтинант, ол 1941 жылы Мәскеу түбіндегі ұрыстарда өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Бауыржан Момышұлы полковник атағымен 9 – гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Ерекше ерлік көрсеткені үшін оған Кеңес Одағының батыры деген атақ берілді. «Артымызда Мәскеу! Алға!» - деп дауыс берген Бауыржан Момышұлы.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Менің ойымша, өмір бәрінен де қымбат, ал махаббат өмірден е қымбат, бірақ елімнің еркіндігі үшін қажет болса, екеуінде құрбан етуге барамын» - деген әмір – бұрықтай нақыл сөзінің өмірдің өзінен алынып, жүректен балқып шыққаны сөзсіз. Отан үшін отқа түскен ерлерін қайырымды халқы, Отан – анасы да ұмытпа, мәңгілік данққа бөлейді. Ежелгі отаншылдық рухқа ешнәрсе де жете алмас. Қазақ табиғатынан дәстүрге, оның ішінде ерлік, қаһармандық, дәстүріне қатысты жады өте мықты халық. Оның туған ел, ата - жұрт үшін жан шығарлық сезімін түп – тамыры сол жадында, тарих тереңінде. Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар отан үшін жанын пидә етті. Ал олардың әрқайсысының аналары, балалары, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ, олар елге қауіп төнген кезде бәрін де құрбан етті. Жап – жас болса да, отанын қорғап жатып, жан тапсырды. Бұл - шыңында да ерлік болатын. Майдан шебінде, сұрапыл да, жойқын соғыста жанын пидә еткен жауынгерлеріміз мәңгі есмізде қалады.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

Дүйсенбаев Назымбек

10 сынып, Алексеевка орта мектебі Алексеевка ауылы
Шарбақты ауданы Павлодар облысы
Жетекші: Куспекова Гүлмира Қадауқызы

Тарихта қалған қасірет

1941 жылғы 22 маусым - тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бүгін соғыс және еңбек ардагерлері, облыс орталығындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері, студенттер - елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһармен ерлерді еске алып, рухтарына тағзым етті. Қырық бірінші жылдың жиырма екінші маусымында таң қылаң бере фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында отырған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бозбалалар мен бойжеткендер елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды.

Бұл күні елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһармен ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді. Қалың жұртшылық соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етіп, "Мәңгілік алау" мемориалына гүл шоқтарын қойды. Ескерткіш басына соғыс куәгерлерімен қатар, Отан үшін отқа түскен ерлердің ұрпағы да келді. Олар бейбіт күннің астында, егеменді елде тұру бақыты үшін аға ұрпақ алдында бас иеді. Бұл күні жұртшылық 314-ші атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің ескерткішіне, Жеңіс және қалалық саябақтардағы ескерткіштерге де гүл шоқтарын қояды. Сондай-ақ соғыс ардагерлері госпитальдарда көз жұмған жауынгерлердің рухына тағзым етіп, ескі қалалық молада жерленген ерлерді де еске алады.

Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ешқашан ұмытылмақ емес. «Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және «отан» деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды. «Ұлы Отан соғысы» сөз тіркесі көптеген басқа тілдерде де қолданылады. 1941 жылдың мамыр айында әскерлер ішкі округтардан Днепрдің батысына, шекараға жақынырақ жерге жылжытыла бастады. Шекаралық дивизияларды толықтыру үшін қосалқы 800 000 адам әскерге шақырылды, маусымның 16-18-дерінде шекаралық округтардың резерв дивизияларын алға жылжыту басталды. Оларға шекараның маңында бекіну туралы бұйрық берілді. Бұл шаралар тым кеш жасалғандығы Германияның шабуылы басталғаннан кейін анық болды.

Әскерлер неміс шабуылын жүздеген шақырымға созылған, ұйымдаспаған күйде қарсы алуға мәжбүр болды. Сталиннің 1941 жылдың мамыр-маусым айларындағы әрекеттеріне талдау жасаған да мына жайттарды есте сақтау керек. Мамырдың 5-інде Сталин әскери академиялардың түлектерінің алдында сөз сөйледі, ал содан кейін «сталиндік бейбітшіл сыртқы саясат үшін» жасалған тосқа былай деп жауап берді: «бейбітшіл саясат деген жақсы нәрсе ғой, бірақ біз енді әскерімізді қайта құрып болғаннан кейін, осы заманғы шайқасқа сай келетін техникамен жарақтандырып болғаннан кейін, күшті болып алғаннан кейін, енді біз қорғаныстан шабуылға өтуіміз керек. Еліміздің қорғанысын іске асыра отырып, біз шабуылдайтын болуымыз керек. Қорғаныстан біз шабуылға өтуіміз керек». Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатында қорғаныс халық комиссары Тимошенконың және Басштабтың басшысы Жуковтың атынан, Василевскийдің қолымен жазылған, қол қойылмаған бір қатынас қағазы бар. Бұл қағаз 1941 жылғы мамырдың 15-інен бұрын жазылмаған. Қағаз Сталинге арналған, онда «Германиямен оның

одақтастарымен соғыс болған жағдайға дайындық үшін Кеңес Одағының қарулы күштерін стратегиялық орналастырылуы туралы ұсыныс-пікірлер» келтірілген. Онда былай делінеді: «Германияның әскері сақадай-сай дайындық күйіне келтіріліп, тылдары толығымен жазылып-дайындалғандықтан, ол қазіргі таңда бізге кенеттен шабуыл жасауы әбден ықтимал. Осыны болдырмау үшін және неміс әскерін талқандау үшін біз герман қолбасшылығының алдын алып, неміс әскері енді ғана орналасып, әлі майдан және әскер түрлерінің өзара істесуін

ұйымдастыра алмайтын кезінде алғашқы соққы беруіміз керек деп ойлаймын». дан әрі әскери қимылдардың жоспары баяндалады. Соғысқа Қазақстандықтарда аттанды, елде қалған әйелдермен бала-шағаларда еңбек етті. Қолқусырып отырған адам болған жоқ. Олар майданға тамақ, киім-кешек тігіп жіберіп отырды. Егін егіп, соқамен жер жыртып еңбектенді. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне біз басымызды иіп, алғыс айтамыз.

Жиенбаева Сания

11 сынып, №9 мектеп – гимназиясы Павлодар қаласы
Жетекші: Асылова Раушан Бекболатқызы

Қазақ елі – батырлар елі

Араға бірер күн салып адамзат өз тарихындағы қаһарлы соғыстағы Жеңістің 70 жылдық мерекесін тойламақ. Ұлы Жеңіс Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен оқиға.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Жарыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүргізді. Көрнекті Қазақ ақын, Жамбыл Жабаев, Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көремін.
Өркеш-өркеш жарасқан
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылдырған кемерін!
Шамы күндей жайнаған
Аспанға үйлер бойлаған.. .
Арқа тұтып алыста
Айбыным деп ойлағам!

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек. Ұлы жеңістің күні құтты болсын!

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата апаларымыз аман болсын!

Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Жеңіс Қасиетті мен ауыр. Халықтарды нығайтады, көмектеседі және бізге дейін жетеді. Жеңіс - біздің ата-бабаларымыздың батырлығы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жетістік, салтанат, мейрам.

1945 жыл бұл әлем үшін қуанышты да, естен кетпес күн, яғни бұл күні біздің ер жүрек ата-бабаларымыз, аға-әпкелеріміз барлықтары да өздерінің жерлері үшін Отаны үшін қандарын төкті, қанша қиналды, азап шекті, қыстың анау ызғарына шыдап бағып төске өрледі жүректерінде "Біз қазақпыз" деген от өрледі. Сонау ғасырлардағы аталарымыз жете алмаған арманға міне жеттік. Қандай тамаша дербес мемлекетіміз бар Отанымыз туған тіліміз отбасымыз қасымызда қандай бақыттымыз. Осылардың бәрі ата-бабаларымыздың арқасында деп білемін.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр қайратының, бірлігінің дәлелі.

Бұл соғыстың азабын тартпаған қазақ халқы жоқ шығар. Қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың ішінде менің атам Мукушев Рахат та бар еді. Мен өкінішке орай өзімнің атамды көрген жоқпын, бірақ Советхан атамның (атамның тұңғыш ұлы) айтуы бойынша атам соғыстағы майдандас достарын, жауынгерлердің ерлігі, соғыстағы шайқастары туралы үнемі айтып отырады екен. 1917 жылы Семей облысы Үржар ауданы Қызылту ауылында дүниеге келген.

Ол 1939 жылы Үржар ауданының әскери комиссариатынан әскер қатарына алынды. Әскери борышын Украинаның Житоммир қаласында өтеді. Сол жерде үш айлық шофер курсы оқыды. Содан Галышная артиллериясына әкеліп Белайкерков қаласындағы 170 автоавиакполкқа апарып қосты. Олардың полкін Трёмбоволь аэродромына орналастырды. Ол жерде үш ай бітпей, Финляндия соғысы басталды. Одан кейін Украинаның Киев қаласына апарды. Бұл 1939 жылдың аяғы еді. Украинаны азат етуге бар күштерін салды. Бұғаш қаласының жанында объекті бар еді. «Сол заводтағы оқ - дәріні күзетіп жаттық. 1941 жылы 22-шілдеде таңғы сағат төртте соғыс өрті басталды. Герман Фашизмі тұтқиылдан тисіп, опасыздық жасады. Біздің аэродромда тұрған самолеттерімізді немістің бомбардировщиктері бомбалап кетті. Жандарындағы полктің екінші истребителі көтеріліп немістің бомбардировщикін Бугаш қаласына дейін қайырып әкелді де, советтің самолеті бұрылып кеп қарсы ұшты да екеуі таран жасап немістің самолетін құлатып түсірді. Олардың соғыс күші зеңбіректері, самолеттері өте көп және басым еді. 70 шақырым жерде жаудың екі мыңдай самолеттері болды, ал бізден бір мыңдай самолет шығарылды. Үш айдан кейін Харьков қаласына келді. Сол жерде Рахат атам аяғынан жараланып, Москва госпиталіне жіберілді. Ол госпиталде жазылып шыққаннан кейін Саратов қаласына келді. Саратов қаласына жетпей 100 км жерге әкеліп түсірді, жол тегіс бомбаланған еді. Саратовтан ары қарай жүру мүмкіндік болмаған соң Астрахань қаласына әкелді. Сол жерден поезға отырып Грузияға аттандырды. Зеңбіректерін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тазалап, екі күннен кейін Аздок деген жерге жүріп кетті. Бұл жерден мұнай шығады екен. Осы жерде біраз шығынға ұшырадық. Элхотовский воротаға кеш батпай алып кетті. Ең бірінші сол жерде соғыста қаншама зеңбіректерден айырылды. Зеңбірек орнына зеңбіретер әкелініп толтырылды. Оларды қайтадан Осетиннің бір ауданына қарсы қойды. Жау әскері бізден 25-30 шақырым жерде еді»- деп есіне алады екен Рахат атам. Содан оларға Ленинград халқы келіп қосылды. Біздің жауынгерлер қасық қаны қалғанша күресті. Міне, атамның өмір жолы осындай!

Идрисова Аделя

8 сынып, СОШ №25 Павлодар қаласы

Жетекшісі: Теміржанова Меруерт Әсетқызы

Отан үшін от кешкендер

1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толады. Бұл дүние жүзіндегі есте қалатын соғыс болды. Осы соғыста қаза тапқан адамдардың саны көп болды. Сол кездегі Кеңес Үкіметінің өзіне 20 миллиондай адам қаза тапқан. Қазақстанда да көптеген жауынгерлер жауға қарсы жан аямай шайқасты. Сол соғыста бүкіл КСРО бойынша 12 мыңнан астам жауынгер, қолбасшы, командирлер, қарапайым халық өкілдері осы елдегі 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы құрмет-Кенес Одағының Батыры атағын иеленді. Солардың арасында қазақ ұлттың адамдары 103 болып отыр. 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия жарияламастан келісімді бұзып, КСРО аумағына басып кірді. Ұлы Отан осылайша басталды. Гитлерлік Германия осыған дейін Еуропаның көптеген мемлекеттерін басып алды. 1940 жылдың орта кезіндегі-ақ Гитлер командованиясы ССР-ге басып кірудің жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл жоспар бойынша фашистік Германия әуедегі және соғыс теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуыл жасады. Олардың идеясы бойынша 1941 жылдың күзінде аяқтау тиіс еді.

Фашистік Германияның негізгі мақсаты бүкіл Еуропаны даулап алу болды. Сол бұрынғы жоспары бойынша Германия Совет Үкіметін 6 айда жаулап алу. Сол жоспары іске асудың азақ алдында қалды. Олар 4-5 айдын ішінде Москва түбіне жақындап қалды. Сол кездегі Кеңес халқының мақсаты жанын берсе де, елін, жерін қорғап алу болды. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскери дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316 атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі М.В. Панфилов болды. Армия қатарына 1 млн 196300 қазақстандықтар қосылып, әрбір бесінші адам майданға атанды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар өз Отан үшін фашистерге қарсы шықты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақстанда ұйымдастырылған көптеген әскери бөлімдері майданға жіберілді. Даңқы Брест қамалына қорғаушылардың қатарына көптеген қазақстандықтар болды. Олардың ішінде: Ғ.Жұматов, В.Фурсов, К.Тұрдиев, Ш.Шолтырев, К.Иманқұлов, Е.А.Качань және тағы басқалары жаумен жан аямай шайқасып, өз ерліктерін көрсетті.

1941 жылы 30 қыркүйек - 1941 жылы 6 желтоқсан күні Москва шайқасы басталды. Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, әсіресе Москва түбіндегі шайқасқа шықты. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1075 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына тойтарыс берді. 28 танк жоюшылар тобы жаудың 18 танкісін жойып жіберді. Олар соңына дейін шайқасты. Кейбіреулері қаза тапты, бірақ бірде бір жауды өткізбеді. 316-дивизия жауынгерлердің еңбектері зая қалмады және оларды жоғары бағалады. 1941 жылы 17 қарашада 8-ші гвардиялық дивизия атағын беріп, Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1942 жылы 3 мамырда 238 атқыштар дивизиясы ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1942 жыл бұл дивизия 30-гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. 1941 жылы - 1943 жылы қантарда Ленинград шайқасы басталды. Үштен бірі қазақстандықтар Ленинград түбінде шайқасты. 316 атқыштар дивизиясы және 314 дивизия Ленинград облысының 22 мекенін темір жолын салуға қатысты. 156 қазақстандық шайқасып олардың ерліктері үшін орден, медальдармен марапатталды.

1942 жылы шілде - 1943 жылы ақпан күндерінде Сталинград шайқасы басталды. 1942 жылы 17 шілде күні Сталинград түбінде ұрыстар басталы. 1942 жылы 26 қазанда Орал аймағы әуе шабуылынан қорғану бөлімдерінің қатарына енгізілді. Қазақстан жерінде құрылған 292,387 атқыштар дивизиясы, 81 атты әскер дивизиясы Сталинградты қорғауға қатысты. 1942 жылы 19 желтоқсанда қарағандының ұшқышы Нуркен Әбдіров Боховская-Пономаревка ауданындағы әуе шайқасында ұшағын жау шоғырына құлатып, ерлікпен қаза тапты. 1943 жылы бұл дивизиялар 72 және 73 гвардиялық дивизияларға айналып, «Сталинград дивизиясы» атағына ие болды. Оңтүстік Қазақстан жауынгері Толыбай Мырзаев «Павлов үшін» қорғауда ерлік көрсетті. 116 атқыштар дивизиясы, 565 атқыштар полкінің жауынгерлері Сталинград көшелерінде ерлікпен шайқасты. Орлардың ерліктері үшін Сталинградта «Қазақ» көшесі ашылды. 11 жауынгер 300 фашистке қарсы шайқасып, түгел қаза тапты. Ержүрек жауынгерлер қорғаған төбе «Шығыстың 11 батырының төбесі» деп аталды. 1943 жылғы қыста Сталинград түбінен жау 600-700 км жерге қуылды. Сталинград шайқасы соғыс тарихында ерекше орын алды.

Біздің қаламызда да көп адамдар өз ерліктерін көрсете білді. Олар соғыстың соңына дейін өз күш жігерін аямады. Олар өз рухы үшін, біздің жеріміз үшін сақтап қалуға тырысты. Көп адамдар жарақаттанған. Кейбіреулері бір қолсыз, бір аяқсыз қалған. Олар ерліктері үшін әр түрлі медальдармен марапатталды. Біздің ұшқыштарымыз: Талғат Бигельдиновке, Леонид Бедаға және Павловқа, 37 ұшақты және топтасып жүргізілген ұрыстарда жаудың тағы

6 ұшағын атып түсірген үшін, Сергей Луганский екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ал біздің қыздарымыз: пулеметші Мәншүк Маметова мен мерген Әлия Молдағұлова Леонид орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталды. Өкінішке орай олардың саны азайып барады. Біз оларды мақтан тұтамыз. Олардың Отан үшін жасаған көзсіз ерліктері бізге өнеге! Олардың арқасында біз жарқын болашақта өмір сүріп жатырмыз.

Казека Ангелина

7 сынып оқушысы

«Қарабидай негізгі жалпы білім беру мектебі»

Шарбақты ауданының Павлодар облысы

Ұстазы: Назым Қуандыққызы Нургалиева

Біз күткен Жеңіс

Соғыс – бұл көптеген балалар мен адамдарды өмірлерін әкеткен қайғы. Әкелерді және аналарды майданға, ал балаларды лагерлерге әкетті. 30 - жылдардағы болған оқиғалар Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына әкеліп соқты. Бұл соғысты дайындаған және бастаған ел Германия фашистері болды. Ал 1933 жылы фашист партиясы сайлауда жеңіп, олардың басшысы Адольф Гитлер болды. Германия Гитлерлік әскери жоспарын 1939 жылы жүзеге асыра бастады. 1939 жылы 1 қыркүйекте фашист әскері Польшаға қосылып, Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Бір елден бір елді жаулап алап, 1941 жылы Германия КСРО шекарасының батысына келіп қалды. 1941 жылы 22 маусымда таңғы төртте Германияның фашист әскері КСРО аумағына, оның бүкіл батыс шекарасына басып кірді. Фашистердің әрекеті «Барбаросса» жоспарына сәйкес КСРО-ны үш –төрт ай ішінде жеңіп шығу және бұл елді шикізат базасына айналдырып, ал халықты өлтіру жоспарланады.

КСРО-ның барлық ұлты фашист басқыншыларымен күресуге өздерінің ұл, қыздарын жіберді. Қыз балалар мен ер балалар майданға өз еріктерімен барды. Соғыс жылдарының ішінде әскерге бір миллион екі жүз мың қазақстандықтар шақырылады. Бұны барлық қазақстандықтар майданға жіберілді деп есептеуге болады. Ұлы Жеңіске үлкен үлес қосқан Алия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы және Талғат Бигелдинов болды. Алия Молдағұлова 1925 жылы Ақтөбе облысы, Хобда ауданында дүниеге келді. Ол жастайынан жетім қалыптағасының тәрбиесінде болды. Онымен бірге ол Ленинградқа көшіп келді. Кейін Ленинградтағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1942 жылы Алия өз қалауымен майданға кетті. Алия снайпер еді, соғыста ол өзінің дәлдігімен көзге түсті. Алия соғыс кезінде көптеген шайқастарға қатысты. Ол 20 жасқа толмастан, 1944 жылы жау қолынан қаза тапты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мәншүк Мәметова 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда қаласында дүниеге келді. Алматы мектебінде оқыды. 1942 жылы өз мектебін тастап, Қазақстанда қалыптасқан 100-ші атқыштар бригадасы құрамына майданға кетті. Мәншүк 1943 жылы Невель қаласын жау шебіне босату кезінде қайсарлықпен қаза тапты. Невель қаласында Мәншүк Мәметова атына көше берілді.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келді. Ол Ұлы Отан Соғысының батыры және жазушысы болды. 1941 жылы және оның соңына дейінгі жылдарда соғысқа қатысты. Оның ақылы, ерлігі және оның батырлығы жайлы аңыздар айтылды. Оған 1922 жылы егемен республиканың биік марапаты – «Халық Қаһарманы» жұлдызы берілді. Ал 1982 жылы Бауыржан Момышұлы қайтыс болды.

Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов Қазақтың батыр ұлы 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысының Майбалық ауылында дүниеге келген. Оның балашақтағы арманы – ұшқыш болу еді. Ол Аэроклубта, одан әрі авиациялық училищеде оқыды. 1943-1945 жылдары Ұлы Отан Соғысына қатысты. 1944 жылы Кеңес Одағының Ері атанды. Қазіргі кезде дейін Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов Алматы қаласында тұрды. Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Бигелдинов 93 жасқа қараған шағында өмірден озды. Талғат Жақыпбекұлы Ұлы Отан соғысы кезінде ИЛ – 2 ұшағымен неміс басқыншылары мен олардың техникасын жою үшін 305 рет көкке көтеріліп, қайталанбас ерлік жасаған. Батырдың көк жүзінде ұшқан уақыты 500 сағаттан асқан. Ұшағы үш рет жанып, жарақат алған. Батыр 23 жасында Кеңес Одағының батыры атағын екі дүркін алған.

Батыр туған елінің көркеюіне де үлкен үлес қосты. 1957 жылдан 1970 жылға дейін азаматтық авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Қарағанды, Тараз сынды көптеген қалада аэропорт салу ісіне өлшеусіз үлес қосады. 1968 жылы Мәскеу инженерлік-құрылыс институтын бітіріп, мемлекеттік құрылыс саласында да қызмет атқарды, әсіресе, Алматыдағы небір тамаша зәулім ғимараттардың бой көтеруіне атсалысты.

Ұлы Отан Соғысына қазақстанның әр бесінші адамы шақырылды. КСРО соғысының барлық жылдары ішінен 11600 адам Кеңес Одағының ері мәртебесін алды, оның ішінде 497-сі қазақстандықтар.

1945 жылы Ұлы Отан Соғысы бітті. Бірақ Германияның жауға берілумен, Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған жоқ. Германия, Жапониямен одақтастық соғысы қыркүйекке дейін жалғастырылды. Адамзат тарихындағы соғыс 1945 жылы 2 қыркүйекте аяқталды.

Ұлы Отан Соғысы уақытында КСРО-ның 27 миллион азаматы, оның ішінде 410 мың қазақстандықтар қаза тапты. 1710 қала, 70 мың ауылдар қырылған болатын. Бұл өте қиын, барлық КСРО халқы үшін сынау жылдары болатын.

Қазелова Айғаным

3курс студенті

Екібастұз медициналық колледжі
Екібастұз қаласы, Павлодар облысы

Жетекші: Абдразакова Камшат

Жекетайқызы

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығы

Күткен Жеңіс жарқ етті сәуле шашып,
Жеңіс келді, қуандық көңіл тойып,
Жауды жойып батырлар елге оралды,
Ата-анамен қауышты құшақ жайып.

Мамыр келді ағаштар бүрін жарып,
Бейбіт өмір оралды күні жарық.
«Шүкір» деп әжелер жүр ақ жаулықтың
Ұшымен көздің жасын сығып алып.

Аспанда күн жарқырап күліп тұрды,
Бейбіт өмір шаттығы тұнып тұрды.
Соғыстан соңғы сәби күлкісімен
Қара күндер қайғысын ұмыттырды.

Ұлы Отан соғысы... Бұл ерте кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл - Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, “бірлік”. Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айтсақ алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

«Ерлік — елге мұра, ұрпаққа — үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы — біз үшін үлгі, шежіре, тағдыр — тарих. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ер жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз керек.

9 мамыр – Жеңіс күні. Әр жыл сайын осы күні барлық ел халық болып апа-аталарын, аға-әпкелерін еске алуға алаңға шығады. Мені мұңайтатыны соғыс ардагерлерінің саны әр жыл сайын азаюда. Бірақ соған қарамастан халық оларды естен шығармайды, мәңгілік жадында сақтайды. Менің атам Қазел Жұмаділұлы Ұлы Отан соғысы кезінде өмір сүрген халық қаһармандарының бірі. Өкінішке орай атам соғысқа қатыса алмады. Бұның себебі сол кездегі ел билеушілерінің опасыз, әділетсіз болуынан. Атам Қазел ержүрек, халқына адал, жұмысына мығым, өз елінің патриоты болған жан. Кезінде ауыл шаруашылығының меңгерушісі болып қызмет еткен. Алайда сол кездегі жоғарыдағы ел билеушілерінің қанауынан, зорлық зомбылығынан қасірет шеккен атам халық жауы атанды. Осылайша түрмеге қамалды. Соғыс кезінде торлы қамалда өзінің жолдастарымен, қазақ халқының ерлерімен қамауда болды. Қандай әділетсіздік? Бұл мұң мені ғана мазаламайтын шығар? Соғысқа қатысуға ұмтылған, халық жанашыры, елінің адал азаматы, ұлтжанды кісі Қазел атам соғысқа қатысуға мүмкіндік алмады. Тоғызыншы мамырда барша халық өз туыстарының суреттерін алаңға алып шыққанда мен оларға қарап қатты қызығам. Қала орталығында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің суретін көргенде, бойымды өкініш бойлайды. Бірақ біз отбасымызбен атамды жиі еске алып тұрамыз. Ол Ұлы Отан соғысы ардагері ретінде тіркелмесе де, мен үшін ол халқына жанын пиде еткен қазақ батыры.

Біз, яғни қазіргі ұрпақ, соғыс ардагерлерін, майданнан қайтпай қалған боздақтарды келешекдеп қанын төккені үшін басымызды иіп құрмет көрсетуіміз қажет, ол біздің адамгершілік парызымыз. Адамзаттың алдындағы үлкен міндеті осы тарихи шындықтарды болашақ ұрпаққа ешқандай өзгеріссіз жеткізу болмақ.

Каиржанова Адия

11 сынып, дарынды балаларға арналған
мамандандырылған гимназия
Ақсу қаласы Павлодар облысы
Жетекші: Шапауова Әсем

Ұранды елдің-ұрпағы қайсар.

Біз жыл сайын Ұлы Жеңіс күнін атап өтеміз. Қаншама жылдар өтсе де, соғыс салған жара енді-енді жазылып келе жатқандай. Жыл өткен сайын ардагерлер саны да сиреп келеді. Алайда, біз жеңіс күнін үлкен салтанатпен атай бермекпіз. Бұл – үлкен мереке. Бүкіл дүние жүзіне келген бейбіт күн. Бұл күннің қаншалықты қымбат екенін, сұрапыл соғысты басынан кешірген, осы күнге жеткендер ғана білер. Нағыз бақытты, жүрек жарды қуанышты сезінген адамдар - осылар. Олар - нағыз тозақты көріп, ажал құшағынан аман қайтқандар. Ал шейіт болып, Отанына оралмағандарға біз мәңгілікке бас иеміз. Мәңгілік есімізде сақтаймыз. Оларды ұмыттырмайтын әңгіме, естеліктер, ән-жырлар қалдырылған. Осы соғыстың басы-қасында болған қаһарман жазушыларымыз Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы аталарымыз өздерінің басынан кешкендерін де, оқ пен оттың ортасында бірге болған жауынгерлер туралы аз жазды ма? Осы соғысқа байланысты шығарылған «Қара кемпір» өлеңі ше? Естігенде сай-сүйегің сырқырап, төбе-құйқаң шымырлайды. Күні бүгінгіге дейін бұл өлең айтылғанда ақ шашты аналарымыз орамалдарының ұшымен көздерін сүртіп отырады. Адамның көз жасы ішіндегі қайғы-мұңын, қасіретін білдіреді емес пе. Бұл ақ шашты аналар соғыстан қайтпай қалған әкелерін, ағаларын естеріне түсіріп отыр ма екен. Асқар таудай әкенің, еркелетер жанашыр ағаның қамқорлығын сезінбей, жүрегі жаралы болып бой жетті ме екен, әлде, кім білсін. Қан майданда аттандырған жан жары, бауыр еті баласы орамай, жүрегі ащы зарға толып, шерменде болған аналарға есеп бар ма? «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», деп үміт отын өшірмей, күтумен бар өмірін өткізгендерге не дейміз. Олардың уыз жастықтары ауыр еңбекпен, шала құрсақ күндермен, ұйқысыз түндермен өтті емес пе. Олар осылайша жеңіс күнін жақындатты. Өздері қан жылап аттандырған ер-азаматтарының, ұл-қыздарының тілеуін тіледі. Өздері қиындық көріп, барлық ауыртпалықты тартып жатса да, қырғын соғысқа аттанған өрімдей жастарды аяды. Атың өшкір соғысқа қарғыс жаудырды. Мүмкін, неміс басқыншылары аналарымыздың қарғысына ұшырап, жеңіліс тапқан шығар. Иә, бұл соғыста қаншама ұл-қыздарымыз қаза болды. Ерліктің дастанындай болған Әлия мен Мәншүк апамыз барша қазақтың жүрегінде сақталып қалар. Жалт етіп жанып, өшкен жұлдыздар ғой олар. Қанды қол фашистерді қырып, олар да жеңіс күнін жақындатты.

Мен батыр қыз Әлияның суретіне қарап, ойға қалам. Ұзыншашын қырқып, басына пилотка киген қыздың бұрымын тілерсегіне түсіріп, өріп қойса, қалай жарасар еді. Нағыз бота көз қас сұлудың өзі болып шыға келер еді. Сұм тағдыр оған әскери киім киіп, қолына қару алуды жазыпты. Белі қайысып қару-жарақ асынды. Ерлерше

киініп, ерлерше соғысты. Олар Отанын осылай қорғады. Дүниеге батыр қыздың ерлігін, сұлулығын паш еткен өлең келді. Батыр қыздың ерлігі мен даңқын дәріптеген, әлемге танытқан өлең. Бұл құдіретті ән адамға лапылдаған отты сезім, күш-жігер, асқақ рух береді. Әннің сөзі де, сазы да ыстық қаныңды басыңа тептіреді, бойыңды дірілдетеді. Құдіретті ән айтушысын да дәл тапқан. Дәл Роза Рымбаевадан асып, бұл әнді ешкім де шырқай алмас. Жүректен шығып, бойды алған, тыңдаушысын жүрегін селт еткізген ән осындай болар. Мен «Әлияні» естіген сайын: «Жаса, Роза, апай, мың жаса», - деймін. «Сіз де өзіңіздің аттасыңыз Роза Бағланова апамыздай мәңгі жас болыңыз, мәңгі шырқай беріңіз», - деймін ішімнен.

Соғыс жылдарында Роза Тәжібайқызы майдан шебінде талай әндер шырқапты. Сыз тартқан окоптардағы жауынгерлерді әдемі даусымен, асқақ әнімен жігерлендіріпті. Қажыр-қайрат беріпті. Роза апамыздың әнін естіп барып, көз жұмған талай жауынгерлер болыпты. Ол кезде жап-жас әнші қыз аяғына керзі етік киіп, иығына ап-ауыр шұбалаңдаған шинель жамылып шығады екен. Ұрыс даласында қандай сән-салтанат болсын. Қалақтай ғана аяғы бар қызға қабат-қабат қылып шұлғау орап қоймаса, етігі қолқылдап, түсіп қалатын көрінеді. Ол да жат жердегі бораған оқтың ортасында жүрген ер-азаматтарға бір сәтке болса да көңілдерін көтеріп, қуаныш сыйлапты. Жас жауынгерлер сұлу қызға әзіл тастап, бір уақыт соғысты естен шығарғандай болыпты. Роза апамыздың өзі де талай үлкен-үлкен генералдардан орден-медальдар алғанын мақтанышпен айтып жүреді емес пе. Бұл кісі де барлық майдандастарымызды әнімен тербеп, жаралы жүректерге қуат берді. Ол да соғыстың аяқталуына осылайша үлес қосты.

Әңгіме Ұлы Отан соғысына келіп тірелгенде Бауыржан Момышұлы атамызды ауызға алмау күнә шығар. Өйткені ол кісінің жасаған ерліктері, істеген істері аңызға айналып кетті. Ол кісімен жұрттың көбі имене амандасып, жасқана сөйлесіпті. Кісіге түксііп қарағанынан-ақ адамның иіні түсіп, мысы басылып қалады екен. Қара қылды қақ жарған әділдігі, ойындағысын бірден тура айтып салатыны нағыз ерге тән мінез емес пе. Батыр осындай болса керек. Мен ол кісінің нақыл сөздерін үнемі есімде ұстап жүремін. Оның қанатты сөздері ақылсызға ой салып, адамды толғандырады. «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті». Көп болып ерлік істесек – елдігімізді сақтаймыз, жігіт адам атой салып алға шықсын, арыстандай айбатты болсын деп тұрған жоқ па. «Арпалысып жүріп алған абырой - өмірдің ең шырын рахаты» деген сөзі ше? Бұдан асқан ақыл сөздің керегі де жоқ шығар адамға. Алға қойған мақсатына бар күш-жігерін жұмсап, жеңісінің ләззатын татқан, оны бүкіл болмысымен түйсінген адамның сөзі. Ондайлар еңбегінің жемісін де көреді. Айбатты да қайратты, ақылды да дана Бауыржан атамызға ешкім тең келмес. Дүниеге келіп жатқан Бауыржандар бір мысқал болса да сол кісіге ұқсап тусын. Сол кісідей болып жатса, қазағымның мұртын балта шаппас. Ұрандап шығар ұлдарымыз көп болса – ешкім бізге көзін алартпас. «Ұранды елдің – ұрпағы қайсар» деген мақал біздің бүгінімізге де, ертеңімізге де азық болар. Атамыз қазақ жауға ұрандап шапқан. Көзіне қан толып, арқасы қозған. Небір ерліктер жасаған. Намысы қозбаған жігерсіз адам ерлік істей

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алмайды. Ал ерлік тек соғыста ғана жасала ма? Адам жанына арашашы болғандар. Құс екеш құсты, жүгірген аңды қорғағандар да ерлік істеп жатыр. Қарағайлы ормандарымызды, бүкіл жер-суымызды аялайықшы.

Менің бабаларым, аталарым, ағаларым, апаларым қандай соғыстарды бастан кешпеді. Сырттай бекем болса да, іштей қан жылап, жат жерлерге аттанды. Ажал құшып, мезгілсіз көз жұмды. Іштерінде орындалмаған армандары, айтылмаған сырлары кетті. Бұл бір Аллаға ғана аян. Осыдан дәл жетпіс жыл бұрын Ұлы Отан соғысы аяқталды. Бұл жеңісті немістерге қарсы соғысқан кеңес өкіметінің барлық елдері зор қуанышпен қарсы алды. Бір жылап, бір күліп бөріктерін аспанға атты. Салтанатты шеру болды. Бұл бақытты күн – тоғызыншы мамыр еді. Мен соғысқұмар, қанды қол қарақшыларға: «Ей, сендер адамның өмірін ойыншық қылмандар. Оларға өз қалауынша өмір сүруге мүмкіндік беріңдер», - дегім келеді. Мен соғысты көрген жоқпын, әйтсе де оның не екенін білемін. Адамды туғанынан айыратын, кемтар қылып, азап шектіретін қасірет енді қайтіп болмасыншы, болмасыншы...

Соғыс деген болмасын,
Тек тыныштық орнасын.
Ана жесір қалмасын,
Бала жетім болмасын.
Жерде сулар кеппесін,
Еккен егін көктесін.
Бейбіт өмір қайнасын,
Жерде гүлдер жайнасын,
Көк аспаным ашық боп,
Ақ көгершін самғасын.
Соғыс өрті болмасын,
Көңіл мұңға толмасын,
Қыран құс та қалықтап,
Алысқа ұзап кетпесін.
Көңілді кірбің шалмасын,
Келмеске кетсін қайғы-мұң.
Әсем әндер шырқалып,
Жеңіс күнін тойласын!

Касин Аксауле

7 сынып, Павлодар облысы, Ақсу қаласы,
Ақжол орта мектебі
Жетекші: Халқын С

Отан үшін от кешкендер

Күллі адамзат тарихында екінші дүние жүзілік қанды соғыс Ұлы Отан соғысы 1941-жылы басталып, 1945 жылы аяқталды. Ол соғыста біздің ата-бабаларымыз ешбір ескертусіз кеңестер одағына соғыс жарылаған фашизмге қарсы өз отанын қорғау үшін қаймықпай қарсы тұрды.

Бұл алпауыт сұрапыл соғысқа отанын жаудан қорғау үшін ерлігімен елге танымал аталарымызбен апаларымыз шыңыстың қос жұлдызы атанған, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов және тағы басқа көптеген жаужүрек батыр өр тұлғалы бабаларымыз ерлікпен өз Отанын қорғай білді. Аталмыш батыр бабаларымыздың жасаған ерлігі ел аузында айтыла бермек. Солардың ішінде аты аңызға айналған батыр бабамызға тоқталсақ. Бауыржан Момышұлы 25 жыл әскерде болды. Әскери тәртіпті жете білді. Осы 25 жыл ішінде талай генералдың қол астында жұмыс істеп, сабақ алып, көптеген қолбасшылармен жұмыс жасаған екен. Б.Момышұлы 1910 жылы дүниеге келіп, 1983 жылы қайтыс болды. Бауыржан Момышұлы "Өз халқын сүймеген адам-опасыз, онбаған адам" - деп жазған. Ал енді ұлы жеңістің 70-жылдық торқалы тойын тойлауға санаулы уақыттар қалғанда көмейге мынадай өлең жолдары оралады.

Жаңғыртып әнмен аспан кеңістігін
Халқымыз қуанышты тегіс бүгін.
Жауды жеңіп, отанды азат еткен,
Құрметпен қарсы алады Жеңіс күнін.
Оңайлықпен түскен жоқ жеңіс бізге
Соғыс елді түсірді – ауыр, ауыр күйге.
Жұрт күйзелді, төгілді қанша көз жас,
Түнерді қайғы бұлты талай үйде.
Аз емес, зар жылаған, егілген жан,
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.
Кеудеге зілді қасірет салды соғыс,
Қиратты талай арман көңілге алған.
Сұм фашист бейбіт елді болса құртпақ,
Алды-арты құрыш қамал тұрды құрсап.
Жау жеңілді, сол жеңіс арқасында,

Өсті, ер жетті бүгінгі батыр ұрпақ. 70-жыл аз уақыт емес. «Өлі риза болмай, тірі байымайды». Ешкім де ешқашан да ұмытылмайды. Елі үшін ерлік жасаған жерлес атамыз туралы қысқаша мәлімет келтіруді жөн көрдім. Аудандық Калинин орта мектебіне ҚР үкіметінің 1576 қаулысы шешімімен 2000 жылы Кеңес Одағының батыры жерлесіміз Ж. Қалдығараев есімі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

берілді. Ж. Қалдығараев 1922 жылы қарапайым темірші ұстаның жанұясында дүниеге келеді... Жұмағали кішкентайынан өжет, айтқанынан қайтпайтын бірбеткей болып өскен.

Өсе келе жас жігіт колхозда тракторшы, жылқышы, әртүрлі жұмыстарда еңбек еткен.

Танкте қарсы ататын үш расчетпен бірге қару-жарағын жинақтап ағаштан сал жасады. Жауынгерлер 1943 жылдың 26 қыркүйегінен 27-не қараған түнде Днепрдің оң жағына жүзуге бет алды. Жұмағали атаның тобы Днепрдің екіден үш бөлігін жүзіп өткен сәтте, бұлт арасынан ай көрініп фашистер салынбайқап оларға оқ жаудырады. Өзен жағасына 50 км қалғанда Жұмағалидің салы бұзылады. Жұмағали жараланып жағаға жүзіп шығып, жарасын таңып, артына қараса екі танк және жаяу солдаттар қаптап келеді екен. Жұмағали жалғыздығына қарамай тактерді жақын жіберіп, бар күшін жиып оқ атты. Сөйтіп, екі танкіні де кезекпен атып жандырды. Пландарымды қорғаған ержүрек батылдығымен, жарақаттанса да арыстандай айбаттылығымен көрсеткен ерлігі үшін 1944 жылы 15 қаңтарда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Өкінішке орай, ол құжат қолына тимей 1944 жылдың 26 қаңтарында қаза тапты. Оның сүйегі Гомел облысы, Мозыр қаласының түбінде жатыр. Қазақстанда мектепке аты берілген және майданға түркменстаннан атанған соң, Калинин ауданы «Қызыл жұлдыз» колхозында оның атында мектеп бар. Хожеліде көшесі және мектебі бар. Мектеп мұражайында батыр ұстаған мүліктер, ағасы мен өзінің қайтыс болған жерінен әкелінген бір уыс топырақ сақтаулы.

Сүйікті Отанға қауып төнген кезде елін, жерін, бостандығын қорғай, бүкіл ел үлкен демей, кіші демей қолдарына қару алып, теңдесі жоқ ерлік жасады. Ер адамдармен бірге қыздар да соғысқа аттанды. Қазақ халқының көзінің ағы мен қарасындай болып, Шығыстың қос шынары атанған, Отан соғысында ерлік көрсетіп, батыр атағын алған екі апамыз бар: Әлия Молдағұлова және Мәншүк Мәметова.

Әлия, Мәншүк қайсар гүлі қазақтың,
Ерлігіне танданамын ғажап тым.
Солар төккен қызыл қанның арқасы,
Қазақстан аспанында азат күн.
Желбіреді бейбітшілік жалауы,
Орындалып жас ұрпақтың қалауы.
Әлия – Мәншүк өлмегені сол болар,
Қос Қарлығаш ардақталар, қорғалар
Адамзат баласына орасан зор қайғы,

– қасірет, орны толмас өкініші мол, жазылмас ауыр жарақат салып кеткен екінші дүниежүзілік соғыстың алапат өртінің тұншыққанына да биылғы жылы 70 жыл толып отыр. Сұрапыл соғыстың Жеңіспен аяқталғанына

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

70 жыл уақыт өтсе де, оған жауатын лағнет дүмпуі жерді шайқалтып, тау – тасты тебіреніп түсетіні анық. Біз Отан үшін от кешіп, Жеңіс үшін жанын қиған ерлер аруағы алдында басымызды иіп, тәжім етеміз әрдайым! Ерлік істері мәңгі ұмытылмайды. Бүгінгі күні сол бір естен кетпес сұрапыл жылдар сызы өшкенімен, майданда ешбір қабарсыз кеткен бөтен жер бөтен елдің топырағы бұйырған боздақтарын мәңгі естен шығармау болашақ ұрпақ біздің бұлжымас парызымыз! Қазақстан халқы жыл сайын жеңіс күнін салтанатты түрде атап өтіп мереке ретінде тойлауда. Бұл күн біздің еліміздің тарихында, халқымыздың тағдырында ерекше орын алады. Бұл – бүкіл халықтық мереке. Осындай қымбатқа түскен жеңіс біздер үшін әрдайым патриотизімнің үлгісі, қазақстандықтардың жоғары борышы іспеттес болып қала береді.

Ардагер әке – ағалардың ерен ерлігі, қажырлы еңбегі, отан сүйгіштік асқақ рухы кейінгі толқын ұрпақ үшін үлгі - өнеге. Ерлер бейнесі бізбен бірге мәңгі жасай бермек.

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келмеген,
Ешкім оны сыйлап бізге бермеген.
Жеңіс деген сәбилердің күлкісі ол
Зеңбіректің үнін естіп көрмеген.
Жеңіс деген, дара батыр қол бастар,
Жеңіс деген – керзі етікті солдаттар.
Жеңіс деген майданда өлген жастық шақ,
Жеңіс деген оралмаған боздақтар

Осылай ша біздің ата бабаларымыз елін жерін қорғап, Ұлы Отан соғысында жеңіске жетіп, өз елін өз отанын сақтай білді. Кеңестер одғы соның ішінде біздің қазақ әскелерінің жасаған ерлігі мәңгі ұмытылмақ емес! Өйткені еліміз дербес ел болып, күллі әлемге танымал мемлекетке айналды. Қазақтың көк байрағы көгімізде желбіреді. Біз өте бақытты ұрпақпыз бейбіт өмірде алаңсыз білім алудамыз!

Сөз соңында енді қайтып соғыс өрті тұтанбасын еліміз аман отанымыз тыныш болсын, барша қалық бейбітшілікті сақтай берсін дегім келеді!

Келген Дария

10-сынып оқушысы,
Ақжар жалпы орта білім беретін мектеп
Май ауданы, Павлодар облысы
Жетекшісі: қазақ тілі мұғалімі
Болатхан Сатыболд

Жеңіс күні

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл бостандық оңайлықпен келмеген,
Ешкімде оны сайлап бізге бермеген
Жеңіс деген сәбилердің күлкісі ол
Зеңбіректің даусын естіп көрмеген.
С.Мұқанов

Соғыс...

Неткен үрейлі жан түршігерлік сөз еді. Осынау бір ащы сөз талайдың өмірін қыршынынан қиып, талай елдің іргесін сөкті. Бүгінде сол сұм соғыстың салған зардаптары тәннен де, жаннан да өшпек емес. Тән жарасынан гөрі, ауыр да ащы жан жарасы әлі де болсын халық жадында. Ел басына күн туған, қанқұйлы кез көзден кеткенмен, көңілде мәңгі сақталып қалды. Бейбітшілікті ту еткен бабаларымыз ел басына күн туған күні, етігімен су кешіп, етегімен су ішіп, аттың жалы, түйенің қомында жүріп аңсап күткен Жеңіс туын желбіретті. «Алға» деп атойлап ұран салған аталарымыздың ерліктері біз үшін үлкен тарихи тағылым.

Бұл соғыс 1941 жылдың 22 маусымында бастау алып, дүниені дүр сілкіндіріп, дүрбелең салған сұм соғыстың шарықтау шегі 1945 жылдың 9 мамыры болды. Зұлым да зұлмат соғыстың салған қайғы-қасіреті біткеніне мінекей, 70 жыл да болып қалды. Қырық жамау қасірет болған бұл неміс шапқыншылығы біздің пайдамызға шешілгенімен, талай адамның өмірін жалмап, өшпес із қалдырды. Соғыстың аты – соғыс, дегенмен де, адам қанымен келген Жеңіс қай елге де ауыр тиетіні айтпаса да түсінікті. Бәрі де ұрпақ үшін, өскелең ұрпақтың болашағы үшін екенін жоққа шығара алмаймыз.

Қасіретпен келген, сәбилердің көз жасымен, аналардың зар-мұңымен, ата-бабаларымыздың үлкен күш-жігерімен келген Ұлы Жеңістің қадірін бірі түсінсе, бірі түсінбейді. Осы түйткіл өзекті өртейтіні өтірік емес.

Жойқын соғыс талай боздақтардың өмірін жалмауыздай жалмап жіберді. Тіпті бірқатар азаматтар мәңгі мүгедек болып қалды. Керек десең кейбірі ұшты-күйлі хабар-ошарсыз кетіп, мәңгіге қол үзіп қалдық. Осы тұста «Елім» деп соққан жүрегі қайсар да батыл қазақ азаматтары табылып жатты. Қазақстандық жүз мыңдаған қандастарымыз елдің артқан сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Майданға қатысқан бес жүзге жуық жауынгер «Кеңес Одағының батыры» атағын алды. Оның ішінде сайдың тасындай іріктеліп, суырылып алға шыққан кесек тұлғалар жетерлік. Атап айтсақ: Бауыржан Момышұлы, Шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк, Талғат Бигелдинов, Сұлтан Баймағанбетов сынды көптеген тұлғалардың есімі тарих сахнасында алтын әріптермен жазылған.

Ер азаматтар әскер қатарында болғандықтан, тылда, әйел, қариялар мен жасөспірімдер тынбай еңбектенді. Бүкіл қара жұмыстың бәрін дерлік мойымай атқарды. Бұл кісілердің еңбектері де еленіп жатыр.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ел ішіне зор зобалаң салған бұл соғыс бізге жеңіс әкелгенімен,мың батпан мұңды да өзімен бірге арқалай келді.Сұрапыл соғыстың салдарынан қан майданнан оралмай бала жетім, ана жесір атанды. Есебі жоқ, сансыз адам батыстан тұтанған қызыл өрттің, қанқұйлы соғыстың құрбаны болып кете барды. Көз жанары мөлдіреген көзден жас емес, қан жылап, қаһарлы жылдар ызғары жүректегі өшпес сызға айналды. Өскелең ұрпақ жолында өз өмірлерін өлімге тіккен талай боздақ қыршынынан қиылып жатты. Көз алдыға елестетудің өзі адам жанын түңілдіреді. Бір сәт болсын өзімізді, сол шейіт болған бабаларымыздың орнына қойып көрейікші?! Елдің неге бұлайша қынадай қырылғанын, біз сонда ғана жан-тәнімізбен түсінер едік. Әттең, арамызда осы азаттықтың ақ таңы қалай атқанын білмейтіндеріміз де баршылық. Отан үшін мерт болып, шыбын жанын шүберекке түйген жандардың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Азаттық жолында ажал құшқан азаматтар ел жадында мәңгі жатталып қалады. Олардың ерен ерліктері, қайсар да батыл жүректері болмағанда, ақ білектің күшімен келген Жеңістің баға-байыбына құрметпен қарар едік. Бақилық болған батырларымыз осынау күнді аңсап күткен жеңістерінің жемісін көре алмай кетті. Ата-баба аманатын жас ұрпаққа аман-есен жеткізу, өскелең ұрпаққа өшпес ерліктерін насихаттау – мына біздің міндетіміз деп білемін. Олардың ерліктерін есімізге алғанда бойымызды патриоттық рух билеп, еріксіз жанарыңа жас келеді. Сұрапыл соғыс жайлы қаншама шығармалар жазылып жатса да, қанша деректі фильмдер түсіріліп жатсадағы, Жеңістің оңайлықпен келмегенін тарих ақтаңдақтарынан қарап көре аламыз. Адамзат өлгенмен, тарих өлмейді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні қорыта айтқанда, «Өткенімізді ұмытпайық, болашақты ұлықтайық», – дегім келеді. Өйткені, өткеніңді ұмытқаның, болашағыңа балта шапқаның! Елімізде әрқашан Жеңіс күнін тойлай берейік!

Құрбанбаева Севара

9 - сынып, Абай Құнанбаев атындағы
орта жалпы білім беру мектебі

Шарбақты ауданы Павлодар облысы

Жетекшісі: Діқанбаев Насыр Жеңсікбайұлы

Даңқты ерлер

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Сол кездегі кеңес халқының батырлығы мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалған күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің соғыстағы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын берген, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан түршіктірер соғыс болып жатты. Бір күшке жиналған орыс, тәжік, грузин, белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің үлесін қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ елбасына күн туғанда жалғыз жанын шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоты болуға, тілін құрметтеуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бізге бейбіт күн оңайлықпен келмеген. Ардагерлерді құрметтеу- біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан өткізді, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді тарту етті. Сол үшін ардагерлерімізге басымызды иіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

рахмет айтуымыз қажет. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға тырысуымыз керек. 2-ақпан күні Ұлы Отан соғысындағы алғашқы жеңіске 70 жыл толады. 200 күн мен түнге жалғасып, 100 мың шақырымдық аумақты қамтыған Сталинград түбіндегі ұрыс екінші дүниежүзілік соғыстың басты шайқастарының бірі болатын. Бұл қанды майданға әрбір бесінші қазақстандық аттанған еді. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және т.б. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Ұлы жеңістің күні құтты болсын! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата - апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. «Осыдан 70 жыл бұрын, 1941 жылы 22 маусымда нацистік Германия мен оның серіктестері Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Көпұлтты кеңес халықтарының тарихындағы зұлмат сынақ - Ұлы Отан соғысы басталды. Кеңес халқы сол соғыста абыроймен жеңіске жетті.

Отанын қорғауға көтерілген біздің халықтарымыз Баренцев теңізінен Қара теңізге дейінгі аралықта шарпыған соғыс даласында зұлым жаумен шайқасып, әлемге майдан даласында ғана емес, тылда да батылдықтың, табандылық пен патриотизмнің ұлы үлгілерін паш етті. Барлық тауқымет пен қиыншылықты тең бөліскен олар, өз жеңістеріне сенді және қатар шайқасып, жауды жеңді», -

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

делінген Мемлекет басшыларының үндеуінде.«...Біз майдан даласында қаза тапқан, концлагерьлерде, фашистердің тар қапастарында азаптап өлтірілген, аштықтан, жоқтықтан опат болған адамдардың рухтарына тағзым етеміз. Ұлы Отан соғысының басталуының 70 жылдығы, мұндай соғыстың ешқашан қайталанбау керектігін және кез келген агрессорды әділ жаза күтіп тұрғанын баршамыздың есімізге салады. Осы соғыс туралы тарихи шындықты, оның қалай басталып, қалай аяқталғаны туралы келер ұрпаққа жеткізуді маңызды міндет санаймыз. Ұлы Жеңіс - біздің елдеріміздің халықтарын біріктіріп отырған басты тарихи оқиғалардың бірі, Ұлы Жеңіс - достық, бауырластық және тату көршілік мұратында тәрбиеленіп отырған соғыстан кейінгі жылдардың барша ұрпақтары маңызды рухани құндылық, адамгершілік тұғыры.

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн! Ендеше, бейбіт көк аспанды кейінгі ұрпақ үшін киелі болсын деп қан-майданға аттанған жауынгер аталарымызға кезек берсек. Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Бейбіт күн бізге аналардың көз жасымен, бабалардың қанымен келді деп айтуға оңай. Тіпті, көркем шығармалар мен фильмдер де соғыстың ащы ақиқатын жеріне жеткізіп баяндай алмайды. "Тарих тағылым алу үшін жасалады" демекші, бұндай сұрапыл шақты, запыран заманды адамзат баласы енді ешқашан көрмесе екен деп тілеймін. Достар, "Арым - жанымның садағасы" деп толарсақтан саз кешіп, жанқияр ерлік көрсеткен бабаларымызға мың тағзым етейік! Ұлы Жеңіс күнінің 70 жылдығы құтты болсын! Таңдарымыз тыныштықпен ата берсін! Бауырымыз бүтін, еліміз тыныш болғай! Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болайық. Ұлы жеңіс – жасасын!

Молгозинова Баян

9 класс, Михайловская СОШ, с. Михайловка
Железинского района, Павлодарской области
Руководитель: Шайзаденова Акмарал Аманбаевна

Ұлы Отансоғысы

Адамзат тарихында XX ғасыр екі бірдей дүниежүзілік соғыс пен мәңгілікке қалады. Әуелі 1914 жылы басталып 1919 жылы аяқталған Бірінші дүниежүзілік соғысты бастан кешірді. Ол соғыста 10 миллионнан астам адам

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қаза тапты. Ал Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылына нацистік Германияның Польша мемлекетіне жасаған шабуылынан басталды. Енді біз сөз еткелі отырған Ұлы Отан соғысы деген Кеңес Одағының өз отанын қорғау жолындағы жанқиярлық соғысы 1941 жылдың 22 маусымында жергілікті уақыт бойынша сағат төртте нацистік Германияның соғысты жарияламай Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасап, оңтүстікте Қаратөңіз жағалауымен солтүстікте Балтық теңізіне дейінгі аралықта жаппай шекараны бұза - жарып соғыс қимылдарын жүргізген күннен басталады. Бұл соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс ішіндегі ең шешуші майдан болды және соғыстың нәтижесін анықтады.

«Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Кеңес Одағының Басшысы - Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және «отан» деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды. Кеңес Одағын мекендеген көптеген ұлттармен ұлыстардың басына бұл соғыс көп қасырет әкелді. Миллиондаған адам соғыс даласында қаза тапты, қаншама адам бомбалаған үйлердің астында қалып, көбі, өлім құшты. Соғыстың алғашқы күндері Кеңес Одағы көп шығынға ұшырады. Қанша мақалалар жау қолында қалды, Украина, Белоруссия республикалары неміс басқыншыларының аяқтарының астында жатты. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының Севастополь, Смоленск, Новгород, Псков, қалалары жау қолында қалды, ал Ленинград, Сталинград қалалары жау қоршауында қалды. Бұл соғыс бүкіл халықтық сипат алды, сөйтіп шынында да нағыз Ұлы Отан соғысы болды. Қазақ халқы көп ғасырлар бойы өзінің байтақ даласының шекараларын ойдағыдай қорғап келген болатын. Отаршылдыққа қарсы күрес, орыстың үш төңкерісі жылдарында, азамат соғысының майдандарында, бесжылдықтың құрылыстарында халықтар достығы қалыптасып, нығайды. Соғыстың алдындағы жылдардағы фашизмге қарсы насихат адамдарға зор ықпал жасады. Кеңес адамдарының көпшілігі жауға қызмет істеу деген ойдан аулақ болды. Отанға берілгендік, патриотизм жаңа дүниені жасаушылардың саяси пафосымен астаса отырып, халықтың көпшілігіне сталинизмнің қайғылы әсерін жеңе отырып, Отанды қорғау үшін топтасуға мүмкіндік берді.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 11600 адамға Кеңес Одағының батыры атағы берілді, олардың 497-і қазақстандық, соның 103 қазақ. Қазақстандықтардың ішінен бірінші болып, 1941 жылы 22 шілдеде Кеңес Одағының батыры атағы 19-танк дивизиясының командирі генерал-майор К.А.Семенченкоға берілді, ең соңында мұндай атақ панфиловшы, аға лейтенант Б.Момышұлына берілді, ол 1941 жылы Мәскеу түбіндегі ұрыстарда өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Б.Момышұлы полковник атағымен, 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ерекше ерлік көрсеткен төрт жауынгер: ұшқыш-штурмовиктер Т.Я.Бигелдинов, Л.И.Беда, И.Ф.Павлов және ұшқыш-истребитель С.Д.Луганский Кеңес Одағының батыры атағын екі реттен алды. Батырлардың қатарында пулеметші М.Ж.Мәметованың, мерген Ә.Н.Молдағұлованың, атқыштар С.Баймағамбетовтың, С.Лұтфүллиннің, Мие Сен Юрдың, зеңбірекшілер С.Мүткеновтың, И.К.Новиковтың, брон бұзушы П.К.Миллердің, минометші Қ.Сыпатаевтың, атты әскер М.М.Қатаевтың, сапер П.И.Гонардың, торпеда катерінің командирі Ғ.Б.Сафиуллиннің есімдері бар; 110 қазақстандық Даңқ орденінің үш дәрежесіне де ие болды. Соғыс бітерге қарай сақталған барлық қазақстандық 12 дивизия құрметті атаққа ие болды, олардың бесеуі бір орденге, төртеуі екі, екеуі үш орденге ие болды.

Ұлы Отан соғысында жауынгерлік ерліктің ең керемет үлгісін көрсеткен қазақ жауынгерінің біреуі қарағандылық ұшқыш Нұркен Әбдіров болды. Ол өзінің қысқа ғұмырында барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысып үлгерді. Сол шайқастарда Нұркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, оның ішінде оқ дәрі тасыған 18 керуенді, жанар май құйған 3 цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты.

1942 жылы желтоқсанның 19-да біздің батыр жерлесіміз өзінің серігі, атқыш әрі байланысшы Саша Комиссаров екеуі соғыс аспанына соңғы рет самғап шыққан еді. Боков – Пономорев станциясы маңайында олар тас құрсаңға жаудың үлкен алты танкін, бірнеше атыс ұясын, зенит артиллериясының екі қондырғысын жойып жіберді. Жау оғы самолетке дөп тиіп, өртене бастады. “Өзекті жанға бір өлім” деген ой шарпып өткен ұшқыш, отқа оранған күміс Қанат сұңқарды фашист танктері шоғырланған тұсқа қарай бұрды. Осылайша құлдилай құлаған самолет ішіндегі Нұркен мен оның қандыкөйлек серігі Александр Комиссаров екеуі ақырғы рет қаншама жауды қырып, жастықтарын бірге ала кетті. Осынау теңдесі жоқ ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылғы наурыздың 31-де Кеңес Одағының Батыры атағы берілген еді. Ұлы Отан соғысында Александр Матросовтың ерлігін қайталаған қазақстандықтар көп болды. Солардың бірі оралдық - Кеңес Одағының Батыры Сүндетқали Есқалиев еді. Ол 1924 жылы Шыңғырлау ауданының Аққұдық (Константиновка) елді мекенінде дүниеге келген. 1942 жылғы шілде айында әскерге алынған. 1944 жылы 556-атқыштар полкінің құрамында Могилев облысы Быхов ауданы Лудчицы деревнясын азат етуде мәңгі өшпес ерлік көрсетіп, тарихта батыр болып қалды. Бұл маусым айының 23-нен 24-не қараған түн еді. 556-шы атқыштар полкінің ротасы деревня маңында ұрыспен жаудың қорғаныс шебін бұзып өтіп, алға ұмтылған еді. Шағын деревняны қалайда бермеуге жанталасқан немістер шабуылды әлсін-әлсін тойтарып, заулатқан зеңбірегімен, қарша боратқан оғымен талай сарбаздың өмірін қиды. Әсіресе, Лудчицының шығыс жағындағы дөң үстінде дзотқа орналасқан «аузы жабылмаған» жау пулеметі жауынгерлердің басын

көтертпеді. Осы жау нүктесінің үні өшкенде ғана шешуші сәт өз жақтарында болатынын бәрі де түсінді. Сарбаз Сүндетқали қаруластары күтпеген шешімге келді. Жер бауырлап барып, пулеметке граната лақтырып еді, бірақ ол жарылмай қалды. Бұны көрген жауынгер ұшып тұрып, амбразураны өз кеудесімен жаба құлады. Қақалып-шашалған пулеметтің үні сонда ғана өшті. Осылайша жанқиярлық ерлігімен С.Есқалиев өз жолдастарына жол ашқан еді. А.Матросовтың ерлігін қайталап, небәрі жиырма жасында қыршын кеткен қазақ жігітіне 1945 жылы 24 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Дәл осындай ерлікті екінші бір қазақ жауынгері Сұлтан Баймағанбетов Ленинград майданында қайталады. Ол оқ жаудыртып тұрған дзотқа қол гранатасын лақтырады. Бірақ граната жарылмай қалады. Сонда ол қалған жауынгерлерге жол ашу үшін пулеметтің алдына кеудесімен құлап өз жанын құрбан етеді. Сөйтіп оқтан бастарын көтере алмай жатып қалған жауынгерлерге жол ашып береді. Оған осы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Соғыс өте өте ауыр жағдайда өтіп жатты. Себебі, ол кезде соғыс қару жарағын, сондай ауылшаруашылық техникасын жасап шығаратын заводтар жау басып алған территорияда қалды. Сондықтан соғыстың алғашқы айларында жау қолына түспей қалған заводтарды елдің батысына көшіру шұғыл түрде қолға алынды. Мысалы, Сталиград, Харьков трактор заводтары Орал тауларын батысында жатқан Челябинск, Курган қалаларына көшірілді. Ал Қазақстан қалаларында соғысқа керек құрал-жабдықтар шығаратын көптеген заводтар салына бастады. Олар Жезқазған мыс комбинаты, Өскемен қорғасын - мырыш заводы болды. Сондай, Семей қаласында жауынгерлерге киім-кешек тігетін, аяқтарына қыста киетін пима басатын фабрикалар жұмыстарын күндіз-түні тоқтаусыз істеді. Семей ет-консерві заводы майданға қаншама тонна ет өнімдерін жіберіп тұрды.

Соғыс кезінде жауға атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда құйылып шығып тұрды. Сондай Қазақстан майданға астық өнімдерін ұндай, нандай жіберіп тұрды. Ал соғыс даласында жаумен шайқаста қаншама қазақстандықтар тамаша ерліктің үлгісін көрсетті...

Ұлы Отан соғысы төрт жылға созылып ақыры Германияның күйреуімен 1945 жылы 9 мамыр күні Кеңес Одағынан Ұлы Жеңіс күнімен аяқталды. Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағы 27 миллион адамынан өлідей айрылды. Қаншама адам сол соғыста хабарсыз кетті. Біздің сүйікті Отанмыз – Қазақстаннан Ұлы Отан соғысына 1 миллион 200 мың адам қатысты. Соларды 750 мыңы соғыс даласында мәңгілікке көз жұмды. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Алдымызда келе жатқан Ұлы жеңістің 70 жылдығы құтты болсын, ардақты халқым менің!

Мұхаметқали Жандос

8 класс Железин №3 жалпы орта білім беру мектебі

Павлодар облысы

Жетекшісі: Даулетова Күмісай Теңдікқызы

Атамның ерлігі

Ұлы Отан Соғысы тарихтан ерекше орын алады. Мен қазіргі өмір сүріп жатқан кезеңде снарядтардың атысы, бомба жарылысы да жоқ, осыдан бірнеше жылдар бұрын өмір сүрген ата- әжелеріміз ғана бұл шайқасты көрді. Біздің жерлестеріміз, төрт жыл бойы осы қанды соғыстың ауыр кезеңдерін басынан кешірді. 1940 жылдар баршаларымызға ауыр жағдай болды. Олар тылда еңбек етіп, Ұлы Отан Соғысының жеңісіне көп үлестерін қосты.

1941-1945 жылдары менің атамда соғысқа атанған болатын. Біздің үйде жыл сайын атамның жеңісіне байланысты мерекелік кеш өткіземіз. 9- мамыр жеңіс күнінде Отанға деген сүйіспеншілігім арта түседі. Биыл біздің еліміздің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан Соғысының -70 жылдығын атап өтпекші. Елінің еркіндігі үшін соғысқан, тылда еңбек еткен ардагерлерімізді ерекше атап айтуға болады. Ұлы Отан Соғысы кезінде бірнеше мәрте жарақат алсада өзінің қиналысын әжем Қорлығайымға сырын ашып, мұңын жасыра білген. Мен атамды көрмесем де оның ерліктерін әжем мен әкемнің айтуы бойынша ерлігін суреттеп жазып отырмын.

Атам, Мұхаметқали Дәулетұлы «Қараағаш» ауылының тумасы, осы ауылдағы бастауыш мектепті бітірген соң, «Есқара» ауылындағы Талапкер орта мектебіне оқуға барады. Павлодар педагогикалық училищесін бітіріп, мұғалім болады. 1939 жылы «Жалпыға бірдей әскери қызмет туралы» заңға сәйкес жұмысшы – шаруа Қызыл Әскері қатарына шақырылады. Әуелі Краснояр өлкесі, Ачинск қаласындағы әскери борышын өтеп жүрген қатардағы сарбаз Ленинградтағы саяси қызметкерлер училищесінде оқуға барады. Осы курстан кейін танк училищесінде оқиды. Училищені жақсы аяқтап, кіші офицер шенімен Фин соғысына қатысады. Танкпен шабуылдау кезінде қыс ішінде жауған қардың қалыңдығына қарамастан жауға қарсы шабуылын тоқтатпайды. Маннергейм шебін бұзып өтеді. Соғыста осылай аяқтаған кеңес әскерлері Ленинград маңына қайта әкелінеді. Атамның әскери міндетін атқарып үйге қайтуға аз уақыт қалғанда Ұлы Отан Соғысы басталып кетеді. Ұлы Отан Соғысында бұл жолы атам танк взводын басқарады. Ленинград майданында бірінші, екінші танк батальонының командирі болып, талай жорық жолдарынан өтеді. Ақыры Рейхстагқа шабуылмен соғысты Берлинде аяқтайды. Батыс Германияда соғысты жеңіспен аяқтап, Империалистік Жапонияға қарсы енеді. 1945 жылы 8 тамызда Гоби шөлі арқылы маршпен өткен танк полкі Маньчжурия шекарасын бұзып, жапондарға қарсы шабуылға қатысады. Бір миллион сарбазы бар Квантун армиясымен ұрысты бастайды. Шығыстағы жауды тықсыра қуып, Харбинге жетіп, соғысты осында аяқтайды. 1946 жылы әскер қатарынан босап еліне, өзінің отбасына аман-есен оралады. Осы Ұлы Отан Соғысынан алған қандай да бір қиындықтарын білдіртпей, өзінің елінде адал еңбегін жалғастыра бастайды. Аяқтайалмаған оқу педучилишеге сырттай оқуға түсіп оқуын жақсы аяқтап, жоғары оқу орнына сырттай оқуға түседі. Өскемен сырттай оқуы педагогикалық институтын аяқтап, мұғалім болып қызмет істейді. Әжем Қорлығайымның айтуынша, атам мақтаншақ болмаған, өзінің пікірін тура бетке айтып салып отырған. Мен атам көрмесемде оның ерлігін әкем айтқанда сүйсініп тыңдап, алдында ұйықтап қалған сәттерімде болды. Соғыс жайлы әңгіме болса, оның халқына келтірген кеселін, қасіретін айтатын. Атам қарапайым мұғалім болса да, омырауында екінші дәрежелі Ұлы Отан Соғысы ордендері, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінде ұстаздықпен қызмет еткен, атамның еңбегімен ерлігін мақтан етемін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Биыл Ұлы Отан Соғысының 70 - жылдығын үйде өзіміздің отбасымызбен атамыз Мұхаметқалиді ерекше еске алып, салтанатты дастарқан жасаймыз. Біз өсіп келе жатқан немерелері атамның ерлігін мақтан етеміз.

Ниязова Марина

11 класс, СОШГ№9 Павлодар қаласы
Жетекші: Асылова Раушан Бекболатовна

Жойылсын мәңгіге соғыс деген

Қазақстан - батырлар елі, ер елі,
Бауырмалдық, достықтың елі өрелі. Қазақстаным –
Сары жайлау, асқар тауларым,
Мәңгі – бақи жырланып бітпес
өлеңім!

Ұлы Отан соғысы... Бұл сөздердің мағынасы өте терең. Бұл қорқыныш та, қасірет те, аштық та. Өзгеріске толы зымырап бара жатқан заманда ел есінде халық тарихын мәңгіге қалдыру қажет. Жалпы өз тарихын білген азамат елінің даму жолында аяғын нық басады. Мемлекет тарихындағы әрбір кезең өз заманына сәйкес келетін атаулар мен аттарды талап етеді. Тарихта әр кезеңге сай келетін атаулар бар!

Мен тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмірде дүниеге келдім. Ал соғысты нағашы атамның естеліктерінен, әңгімелерінен тыңдап, атамның өзі сияқты соғыс ардагерлерінің әңгімесінен білемін. Сондықтан мен соғысты тарихтан өте көп білемін. Мысалы, Ұлы Отан соғысының басталуына Жамбыл Жабайев бір топ патриоттық өлеңдермен жауап беріп, бүкіл халықты жауыз басқыншылармен күресуге шақырды. Олардың ішінде Жамбылдың қоршауда қалған Ленинградты қорғағандарға арналған «Ленинградтық өренім» атты өлеңі бар. Жамбыл өзі көптен күткен ұлы жеңісті көріп, бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылдың жиырма екінші маусымында қайтыс болды. Ол өзінің тамаша өлеңдерімен, дастандарымен халықтың есінде мәңгі сақталмақ.

Мен Павлодарда тұрамын. Павлодар көшелерінің аталу тарихы қызық. Рас, көше адам қолымен жасалып, халықтың күнделікті және мерекедегі өмірін айна тәрізді көрсетіп тұрады. Қазақстанның Азамат және Ұлы Отан Соғысы батырлары (Чапаев, Кунавин, Баратбаев, Баймолдин, Рубаев), Кеңес Одағы Батырлары (Бабин, Қамзин, Мүткенов, Қайырбаев, Катаев, Кривенко) құрметіне аталған. Мысалы, 1944 жылдың жылдың 13 қыркүйегінде жарық көрген КСРО-ның жоғарғы кеңесінің Президиумының нұсқауымен берілген тапсырмаларды үлгілі орындағаны және батырлығы мен ержүректілігі үшін Қанаш Камзинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

марапатталған. Ал Қайырбаев көшесі жеңістің 50 жылдығына орай Кеңес Одағының Батыры, Павлодар қаласының Құрметті азаматы Махмет Қайырбаевтың (1925-1996) құрметіне аталған. Бәкір Демеуов: «Игі істерімен туған халқының өркендеуіне өшпес із қалдырған біртуар тарихи тұлғаларды жадымызда сақтау мақсатында көшелер мен алаңдарды даралардың есімімен атап, осы орайда Қазақстан Президенттінің тілегін орындап отырмыз».

Бірнеше айдан кейін – Ұлы Отан соғысының жеңісіне 70 жыл. Бірлік, ынтымақ – байлық, бақ. Рас, менің Қазақстаным – көп ұлтты егеменді мемлекет. Қазіргі 130 ұлттың өкілдері тұрады. Халықтың үні зеңбіректердің дүмпуінен күштірек. 9 мамыр күні мәңгілік алау басына барып, соғыста біздің жарқын болашағымыз үшін қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, гүл шоқтарын қоямыз. Оларды ешқашан ұмытпаймыз. Әрқашан аталарымызға басымызды иеміз, құрмет тұтамыз.

Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ешқашан ұмытылмақ емес.

Нұрланов Теміржан

10 класс, «Ертіс ауданының
Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі»
мемлекеттік мекемесі,
Ертіс ауданы,
Павлодар облысы
Жетекші: Аушенова Салтанат Қадырбайқызы

Жеңіс туын желбіреткен!

Екінші дүниежүзілік соғысы өз ізін салмаған отбасылар кемде-кем шығар. Қиындықтың ащы да, кермек дәмін татқан халық ендігі уақытты соғыс туралы мәліметтерді тек тарихи мағлұматтардан ғана біледі. Жеңіс туын құшып, еліне аман оралған жауынгерлер ел мақтанышы, ел намысы және сол заматта ел тірегі болды.

Біздің Қараағаш ауылынан да талай боздақтар қан майданға жеңіс үшін, Отан үшін аттанып, оның жартысына жуығы майданда қаза тапқан. Соғыс зардабы денсаулықтарын кемітіп, жарақаттары сыр беріп - бәрі де дүниеден озды. Сұрапыл соғысқа қатысушы жауынгерлердің бірде-бірі ұмыт болмауы керек. Осы соғысқа барып, хабарсыз кеткендерге және соғыста құрбан болған ардагерлерге 2007 жылы мектеп ауласында Тельгузинов Өмірзақ ағамыз тастан «Ұлы отан соғысына қатысқан ауылдастарға» арнаулы ескерткіш жасады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан Соғысы көптеген аталарымыз қаза болып, хабарсыз кеткендер де бар. Солардың ішінде менің атам Салықов Теміржан да бар. Атам 1925 жылы туған. 1941 жылы соғысқа кетті. Соғыста қаза тауып, Красноярский край, Абақан қаласында бауырластар зиратында жерленгені белгілі болды. Соғысқа аттанған аталарымыздың бірі, Қараағаш ауылының Ұлы Отан Соғыс және еңбек ардагері, Әміржан Лекеров атамыз 1919 жылы қазіргі Северное ауылдық округіне жақын орналасқан Чапай колхозында өмірге келген. Жас шағында жетімдік пен аштықтың азабын тартқан ардагер Әміржан атамыз соғысқа дейін сол колхоздың ауыл шаруашылығында еңбек еткен. 1939 жылы Кеңестер әскері қатарынан шығарылып, еліне оралған. Аман-есен еліне келген майдангер еңбекке араласып кетті. Ал 1996 жылы жауынгер атамыз ауыр науқастан қайтыс болды.

Северный ауылдық округіне қарасты Қараағаш ауылының Ұлы Отан Соғыс ардагері Укужанов Дос 1914 жылдың 10 қазан күні Павлодар облысындағы, Ертіс ауданының, Чапаевка (қазіргі Қараағаш ауылы) қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1978 жылы құрметті демалысқа шыққан. Соғыс және еңбек ардагері Дос Укужанов атамыз «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Берлинді алған үшін», Кеңес Одағының маршалы Г.К. Жуковтың және «Еңбек ардагері» медальдармен марапатталды.

Соғысқа қатысқан жерлестеріміздің бірі Қараағаш ауылының тұрғыны Мағзұм Сасықбаев 1924 жылы Северный кеңшарында дүниеге келген. Ұрыста көрсеткен ерлігі үшін Ұлы Отан соғысының екі ордені және медальдармен марапатталған.

Өз еркімен майданға аттанған Қараағаш ауылының Ұлы Отан Соғысардагерлерінің бірі, соғыстан хабарсыз кеткендердің арасынан Мұхамеджан Құсаинов атамыз да жастайынан еңбекке араласып, туған жеріне адал еңбек еткен. Атамыз әскери қатарға кіргенде он сегіз жасқа толмаған еді.

Осы және тағы басқа майдангерлеріміздің арасында дүниеден озғандар, хабарсыз кеткендер, өз еркімен аттанғандар осы күнге дейін ғұмыр көріп жүрген аталарымыз да бар. «Ерлікпен бірлік жеңіске жеткізеді» демекші, жауынгерлеріміз тек ерліктің ғана арқасында емес, бірліктің арқасында жеңіске жеткен. Жандарын пидә еткен аталарымызға мың тағзым! Батырларымыз Отаны үшін тер төгіп, қасық қаны қалғанша жаумен арпаласқан. Келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай ерлік жасаған.

Аман қалған шабуылдан жүздеген,

Батыр халық екенбіз ғой, біз деген! - толғағандай, біздің батырларымыз тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті Ұлы даласына табан аудармай, дауылдармен арпалысып, тағдырымен қарысқан. Оларды дәріптеу, құрмет тұту, елге таныстыру, келешек ұрпаққа мұра етіп қалдыру мақсатымен мектебімізде «Жас ізшілер» тобы құрылды, жан-жақты мақалалар мен тарихи

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

деректерді жинастырып, батырларға арналған «Ерлік мұражайы» ашылды. Осы мұражайдың арқасында біз жауынгерлерімізді тереңірек танып, біліп, олардың ерліктерін өз бойымызға сіңіреміз.

Ұлы Отан соғысының аяқталуына міне 70 жылдығы да таяп қалды. Бүгінгі күнімізге өз жандарын берген, қанды майданнан өткен, тіпті сонау қырғынның қиындығын көріп хабарсыз кеткен аталарымыз бен апаларымыздың да алатын орны ерекше. Біз оларды ешқашан да ұмытпауымыз керек. Бұлар біздің мақтанышымыз. «Ер есімі, ел есінде» деп қазағым бекерге айтпағаны көрінеді. Демек, бұл - халқымыздың майдангерлеріне ерекше құрмет тұтып қарағаны. Сондай-ақ, Мұқағали Мақатаев атамыз айтқандай:

Сен үшін, Отан, сертім сол-
Неден де болса тайынбан!
Киелі менің өрісім,
Барлығы-дағы сен үшін,-

демекші аталарымыздың жасаған ерліктерін өзімізге үлгі етіп, ешқашан ұмытпай, құрметтейік!

Нұржігітова Ғайни

Павлодар облысы Железин ауданы
Жаңа жұлдыз ауылының жалпы білім беру
орта мектебінің 8 сынып оқушысы
Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Косенко Лидия Николаевна

Жеңістің таңбасын басқан күн

Соғыстың құны – кесілген білек,
Соғыстың құны – тесілген жүрек.
Соғыстың құны – лаулаған орман,
Соғыстың құны – уланған арман.
Қадыр Мырзалиев

Шайқастардың ащы күндерін еске алып отырған аталарымыздың естерінде мәңгілікке өшпестей боп қалған естеліктер аңызға айналып отыр. Бірақ бұл аңыз – қанды қырғын соғыстың, ажал мен арман арпалысының шындығы.

Отанын дұшпаннан қорғаған, өз жері үшін аямай күрескен хандарын, билерін, батырларын қазақ халқы ардақ тұтады. Олар – ұлтымыздың мақтанышы, талай асуларды кешкен абыройлысы. 1941 жылдың соғысы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жалмап, аға, іні, бауырды зар жылатты, тыныш жатқан ауылды лаулаған отқа жалатты. Қыз демей, ер демей талай тарлан жастарымыз, талдай белі қайысқан қыздарымыз соғыстың отты аузында, қазандай қайнаған шабуылдарға бір сескенбей кетті.

Сонау жылы жер-көкті,
Соғыс бұлты торлаған.
Сонда Мәншүк апамыз,
Жаудан елді қорғаған,-

дей келе, бүгінгі күннің жалынды жастары Әлия мен Мәншүк сынды қыздарымызды былайша еске алады:

Қош айтып оқу-ойынға,
Әжесін тастап қария.
Қол бұлғап туған Ойылға
Майданға кетті Әлия.

«Қош айтып оқу-ойынға» деген сөздің жаны бар-ау деймін, бүгінгі күннің жеткіншегі мен бойжеткені жоғары білім алып, еліміздің елеулі азаматтарының қатарын толтыруға тырысады, жарқын болашақты арман етеді. Әрине, сол кездің жастары да осы арман белестерінен өткен, олар да біз сияқты бейбіт күнді аңсаған, бірақ олардың күндері қызу майданмен, түндері лаулаған отты шайқастармен өткен. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарих беттерінде мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде тәуекелді нар мініп, қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер ерекше тойлайды. Көздің жасын бұлап, қара жерге көмілген жолдастары мен бауырларын еске түсіреді.

Неменеңе жетістің, бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, -

деп тереңінен тебіренген Мұқағали ақынымыздың ойында жұмырбасты пенде, өмірін қиған атасы мен туысы үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, мақтаныш сезімдері анық сезіліп тұр. Қарттарымыздың азайып, қатары сирейгенін, әсіресе, Ұлы Отан соғысынан аман оралғандарының саны жыл сайын азайып бара жатқан жоқ па? Аталарымыздың жан терісімен, қара қанымен, көз жасымен, күшімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ана мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қарындасының намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп, түйедей боздап, жауымыздың тауын шағып, туын отқа жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туған жері, елі мен халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан болар, 9 мамыр – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастардың үміті мен аманатын арқалап, өзегінен оқты өткізген ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорғаны мен қамқоры болып оралған арттағы қалың жұртшылықтың жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарихы ешқашан ұмытпас.

Бүгінде басқа елдерге қарап, ұлтаралық келіспеушіліктің жиіленуін көруге болады. Оған қарап жүрегің ауырып, жаның налиды, осындай кезде аталарымыздың майдандағы тұрмысы бірден еске келеді, он бес одақтас республиканың қара баласы мен сары баласы бірге тізе қосып, орыс, татар, қазақ демей, бір ошақтың баласындай бір мақсат – ел мен жерді қорғауға бет алған. Соңғы үзік наны мен шыныаяқ шайын аямай, ақырғы демі қалғанша, жаралы жолдасын арқалаған.

Қазақстанның арлан жауынгерлері тек Москва түбінде ғана емес, Сталинградта, Днепр өткелінде, Ленинград үшін болған шайқастарда ерен ерлік танытқан. Қазақ елі басына ауыр күн туғанда толарсақтан саз кешіп, жеңілмейтін халықты тізе бүктірген. Қаһарлы күндердің қанды жолдарын кешіп, көк аспанның төріне Тәуелсіздіктің туын желбіретті. Тар жол мен тайғақ кешуден өтіп, ардагер аталарымыз біздерге бұл ұлы қуанышты сыйлады. Абзал жандарымыздың өмір жасы ұзақ боп, қуанышы мен мақтанышында шек болмаса, біздің Тәуелсіздігіміз, Жеңісіміз тұғырлы болар деп ойлаймын.

Нұртазин Мақсат

7 сынып, Абай ЖОББМ Ертіс ауданы

Павлодар облысы

Жетекшісі: Қаламов Жорабек Аманжолұлы

Отанды отшарпыған жылдарда

Елімізге тұтқиылдан опасыздықпен шабуыл жасап, жерімізді от-жалынға орап, әр ұрпақтың, әрбір отбасымен жекелеген адамдардың тағдырларында терең із қалдырып, сан адам мәңгі өшпестей қалған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толды. Біздің жарқын болашағымыз үшін майдан алаңында теңдесі жоқ күшті жаумен қасықтай қаны қалғанша айқасып, жанын пидә еткен азаматтар қаншама құрбандар, қыршын кеті. Сол алапат соғыста елден майданға аттанғандар ішінде менің атам да бар.

Менің атам Нұртазин Шайғапбас 1920 жылдың 10 қыркүйегінде Ресей мемлекетінің, Омбы облысы, Азов ауданы, Бәкзе ауылында дүниеге келген. 7

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сыныптық білімі ғана болған. Отбасында 9 бала тәрбиеленген. 1941 жылдың 29 сәуірінде Азов аудандық әскери комиссариатының шақыруымен әскерге алынып, Кемерово жеріне түседі. Әскери қызмет атқарып жүрген жерінен 20 жасында Ленинград майданына аттанады. 1943-1944 жылдары 128 атқыштар полкіне атқыштар бөлімінің командирі болады. Жаумен айқаса жүріп қызу шайқаста өз бөлімімен жау тылында қалып қояды. Украина орманы сарбаздарға пана болып, 3 ай бойы орманда сенделіп, Житилов атындағы партизандар отрядына қосылады. Атам әңгімелерінде айтқандай, соғыстың залалы мен қиыншылығы, әр бұтаны паналап жауға тосыннан қимыл жасайтын партизандар көп көрген. Орман ішінде кейде апталап ас-сусыз аш қалған кездері де болған, сондай бір сәттерде жылқының терісін тауып алып, оны қайнатып талғажу еткен. Атам еңселі, нар тұлғалы қарулы адам болған. Бірде жаудан «тіл» әкелмек үшін барлауға шығады, сапары сәтті болып екі немісті екі қолтығына қысып, өз бөліміне жеткенше екі фриц тұншығып өліп кеткен екен. Қайратты, күшті қарулы қолдарымен немістермен жекпе-жек айқасқа да шығып, талай фашисті жан тәсілім еткізген. Атам 1945 жылы 20 ақпанда қолына оқ тиіп, жараланып госпитальға түседі. Ұлы Жеңіс күндері жақындап қалған сәуір айында Украинада 34 мотоатқыш бригадасының атқыштар бөлімінің командирі болады. Атам құралайды көзге атқан мерген, нысанаға атқан қараны құлатпай тынбайтын мерген атқыш болған. Алапат соғыстың соңғы күндеріне дейін болып, тізе бүккен фашистерді түре қуып Берлинге дейін жеткен.

Майданда көрсеткен ерліктері үшін бірнеше орден-медальдармен марапатталған. «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», 1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысында «Германияны жеңгені үшін» медальдармен және Отан қорғау жолындағы батырлығы үшін Қызыл Жұлдыз орденімен екі мәрте марапатталған. Атам майданнан кейін екі жыл әскери міндетін атқарып елге 1947 жылы оралады. Ол жауынгер қандыкөйлек жолдастары арасында өзінің мергендігімен, ақылдылығымен өте беделді болған. Соғыстан кейін бейбіт өмірде де өзінің жолдастарымен 1970 жылға дейін хат алысып тұрған. Бұрынғы пулеметші Қызыл Жұлдыз орденінің иегері Н.А.Трешилов және С.Г.Самриди жауынгер жолдастарының суреттері мен хаттары үйде сақтаулы.

Елге келгесін үйленіп, 5 бала тәрбиелеп өсірген. Светнополье ауылында майзауыт директоры, одан кейін сельпо төрағасы қызметтерін атқарған. 1973 жылы Ресейден атамекені Қазақстан жеріне көшіп келеді. Туған атамекеніне келгесін де еңбектен қол үзбей кеңес шаруашылығында әр түрлі қызмет еткен. Атам 1991 жылдың 17 наурызында өз атамекені Қоскөл ауылында қайтыс болады.

Соғыс жылдарында майдан жолымен жүріп өткен атамның ерліктері, қиыннан жол тапқыш ерекше қабілетті, еңбекқорлығы жайлы естіп, осындай атамның болғанын мақтаныш тұтамын.

Савченко Алина

7 сынып, Михайлов ОЖББ мектебінің
Михайлов ауылы, Железин ауданы
Павлодар облысы
Жетекші: Ахметова Танагүл Телкенқызы

Құрбан боп кетті қанша жан!

«Әлем –бұл барлық әлемдегі басты сөз
Әлем үлкендерге керек,
Әлем бала-шағаға керек
Әлем барлығына керек!»

Менің аты-жөнім Савченко Алина. Мен Павлодар облысы, Железин ауданы, Михайловка ауылында тудым. Отаным-Тәуелсіз Қазақстан. Бұл өмірге мен бейбітшілік кезде келдім, сондықтан соғыс туралы тек кітаптан, кинолардан және қарт адамдардан естідім.

« Соғыс – бұл сәбилердің жетім қалған кезі,
Соғыс-бұл аналардың көз жасы, әйелдердің жесір қалған кезі.
Соғыс-бұл адамдардың өлімі, жаралары.

Әжемнің әңгімесінен оның, бақытты жастық шағы жеті ай ғана болған екен, сосын соғыс басталыпты. Әжемнің отбасы соғысқа дейін Ленинград қаласынан алыс емес Пюхя-Ярви дегн станцияның Карело-Финск жерінде тұрыпты. Бомбы басталған кезде, адамдарды қоныс аударыпты. Сол кезде атамның әкесі шешім шығарып, әйелімен балаларын өз жеріне жіберіпті Михайлов ауылына. Сол кезде тоғыз кеме жол жүріпті. Жол бойы кемемен жүзіп келе жатқанда атыстын астында қалыпты. Тоғыз кемеден тек үш кеме ғана аман қалады. Сол кемелердің ішінде көбі әйелдер мен балалар болыпты. Олар судың үстінде қайтыс болыпты. Менің әжемнің шешесі жолдасының әке-шешесінің жеріне балаларымен төрт жыл бойы жол жүріпті. Волга бойымен жүзіп, Гурьев темір жолымен де, жол бойы балалар ауырып, әсіресе менің әжем-өйткені ол кішкентай болды ғой. Осылай менің әжемнің шешесі балаларымен Михайловкаға жетіпті. Осы жерде әжемнің шешесі жолдасы қаза тапты деп «қарақағаз»алыпты. Әжемнің әкесі Морозов Василий Сидоровия политрук қазан айының 1941 жылы Ленинград қаласын қорғаймын деп қайтыс болған. Әжемнің шешесі 28 жасында төрт балаларымен жесір қалған. Қазір біздің ауылымызда жерлестерімізге алтын әріпен жазылған ескерткіш тұр. Сол ескерткіште менің атамның әкесінің есімі жазылған. Майданда болмаса да ауылдағы адамдар әсіресе әйелдер «Барлығы Соғыс үшін, барлығы Жеңіс үшін» деп, дамыл тапай жұмыс істеген екен. Сол кездегі адамдарға барлық әлем таңғалған. Олардың шыдамдылығына. Сол соғыста 27 миллион адам қаза тапқан екен, солардың ішінде Әлия мен Мәншүк апаларымыз да бар. Олардың ерліктері еш қашанда ұмытылмас. Өйткені олар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өздерінің жастық шағын біз үшін берген. «Адамдар есте сақтандар, Қандай қиыншылықпен бізге бақыт келді, Есте сақтап ұмытпандар!». Көп күткен соғыс бітіп Жеңіс келді 1945 жыл 9 мамыр. Жеңіс Туы рейхстагта көтерілді. Тыныштық заман келді. Елімізде көп құрлыстар, ауыл шаруашылығы басталды. Сол уақытан міне Жеңістің 70 жылдығы да келді. Сол соғыстың ардагерлері азайып келеді.

Еске алып батыр баба даналарды.

Оралдық өткен кеткен ағаларға.

Бүгінде бір аунасын аруағы.

Елеусіз қалдырмайық бабаларды.

Құрбан боп кетті қанша, ағаларым.

Жұртына оралмаған, бабаларым.

Тағдырдың салғанымен кете бардың.

Данышпан ұлы баба даналарым- деп өлең де шырқалады.

Біздің ауылда көп ардагерлерден бір ақ кісі қалды Чуйкин Кузьма Иванович. Кузьма Иванович 91 жаста, ол кісі біздің, ағайын туыстарының, көршілерінің, ауылдастарының қамқаршылығында. Біз оқушылар Кузьма Иванович пен мектепте тәрбие сағатында, мерекелерде кездесеміз. Ол кісі өз өмірін бізге әңгімілейді. Бізден басқа аудан, облыс азаматарыда ұмытпайды. Әр Жеңіс күні Кузьма Иванович өз әдемі формасын киіп мерекеде құттықтау сөзін айтады.

Құрметті Ардагерлер! Сіздерге біз Қазақстандықтар көп алғысымызды айтамыз, көптен-көп рахмет.

Біздің Қазақстан береке-бірлік, тату мемлекет. Біздің Елбасымыз Нұрсұлтан атамыз барлық жақсылықты істеп жатыр. Елімізде тек ынтымақ, тату, берек-бірлік болсын деп. Мен біздің Қазақстан Республикасы әр дайым ынтымақ, бірлік мемлекет болатына сенемін. Бәріміз де бейбітшілікті қорғайық, қолдайық! Сонда ғана сәнді өмір, мәнді тірлік болады.

Сағандыкова Сабина

9- сынып Қ. Шүлембаев
атындағы

Орта мектеп. Ақсу қаласы
Жетекшісі: Айтмағамбетова Б.Ж

Әжемнің өткен күннен әңгімесі

Әжем әңгімесін бастамас бұрын біраз үнсіз қалып, ауыр күрсініп, қалың бір ойға шомды. 1941 жылдың май айы болатын. Жанұямыз Семей облысы, Жарма ауданының Қорғанбай деген ауылында тұрды. Мен ол кезде 4 жастамын, әкем ұзын бойлы мұртты, денесі еңгезердей, екі иығына екі кісі

мінгендей өте сымбатты, домбырашы адам болыпты. Қашанда сабырлы, салмақты, үнемі ой үстінде жүретін оның сөзі де, жүріс-тұрыс, қимыл-қозғалысы да ширақ болса керек.

Әкемнің аты-жөні - Бадамбаев Ақылбай.

Әскери комиссариаттан шақыру келіп, тез арада соғысқа аттандырады деген жарлық келеді. Бұйрықты естіген бала-шағаның зарлаған ащы дауысы әлі есімде. Шешем мені құшақтап, еңіреп жылап, әкемді майданға шығарып салды. Ол ел басына қиын-қыстау күн туып, тілерсектен су кешкен кезеңде майданға аттанды. Алақандай ауылдан қан майданға аттанбаған азамат болмапты. Өлім мен өмір арпалысқан бұл соғыс кімді жылатпады дейсің. «Аттан, ауыр зор айқасқа»- деп басталатын жалынды жыр жолдары бүкіл жауынгерлердің патриоттық сезімдерін тербетіп, кеудесіне кек дауысын туғызды. Ауыр қасіретке қайыспадды, бүгілмеді. Белін бекем буып, білегін түріп, еңбекке бұрынғыдан да белсене атсалысты. Шешем күндегі әдетімен әкемізден тағат таппай хат күтумен болыпты.

Хат... Жауынгер хаты. Оны тағатсыздана күткен адам үшін қаншалықты қымбат десеңші. Не керек, қанша зарығып күтсе де, хат келмепті. Тағдырдың жазуы болар, хат орнына 1943 жылдың майында қаралы қағаз келіпті. Қанша бір күйік шексе де, шешем майдангер күйеуінің «бекем бол» деген бір ауыз сөзін көкейіне мықтап түйген. Шешем үшін бұл күтпеген сұмдық хабар болды. Қан майданнан қайтпай қалған боздақтардың саны қаншама болды. Біздер соғысты көрген жоқпыз. Бірақ сол бір алапат жылдардағы ел басына түскен қиыншылықтарды, бүкіл халықтың зұлым жаудың көзін жойып, азаттық, теңдік әперген ұл-қыздарымыздың Отанын қорғап қалу жолында қаншама қан мен тер төккенін жақсы білеміз. Соғыс жылдары мен одан кейінгі уақыттардағы үлкенді-кіші оқиғалардың бәрі де патриоттық сезімімізді шыңдап, үлкен тәрбие мектебі болғаны аян.

Маған осы әңгімеден кейін мынадай ой келді... Менің атам секілді көптеген адамдар бізге бейбіт өмір сыйлады. Олар қаншама қауіп-қатерді бастарынан өткізді. Көптеген жауынгерлер майдан даласында хабарсыз қалды. Ел қорғаған батыр аталарымыздың ісі біздер үшін үлкен бір ұмытылмас тарих, зор мақтаныш. Атамның ерлік өнегесі бүгінгі жас ұрпаққа өшпес үлгі. Оның жарқын бейнесі әрдайым көз алдымда, көңілі-жадымда. Белгісіз кетуін қаһармандық ерлігі деп санаймын. Біздің жарқын ісіміз үшін батыр қаза тапты, бірақ оның тамаша ерлігі халқының жүрегінде мәңгі сақталады. Өшпес өмір осындай адамдардың ержүректілігінен туады.

Әжемнің өткен күннен айтқан әңгімесі менің болашағыма үлкен бір ой тастайтындай сабақ болды. Менің әжем соғысқа кеткен жауынгердің қызы деп бұлтсыз, ашық аспанға қарай бердім...

Саттибай Марал

5-сынып оқушысы,

Ақжар жалпы орта білім беретін мектеп
Май ауданы Павлодар облысы
Жетекшісі: қазақ тілі мұғалімі
Болатхан Сатыболд

Соғыс болмасын!

Тоғызыншы мамыр Ұлы Жеңіс күні. Бұл күнді тағатсыздана күтіп, соғыста қаза тапқан жора-жолдастарын, сол бір қасіретті жылдарды еске алар ардагерлер қатары да сиреп барады. Ұлы Отан соғысының аяқталып, Ұлы Жеңісті белгілегенімізге 70 жыл уақыт өтті. Бұл да өте көп уақыт-бір адамның ғұмыр жасындай ұзақ. Ұзақ уақыт өтсе де ұрпақ жүрегінен мәңгілік өшпей, орын алған жеңістің мәні неде?

Мұны қазіргі өскелең жас ұрпақтың бірі ұқса, бірі ұқпас. Себебі, біз бейбіт кезеңде өмір сүреміз, соғыс дегенді білмей өстік. Оны тек фильмдерден көрдік немесе көркем әдебиеттен оқығанымыз арқылы ғана білеміз. Иә, соғыс болмай-ақ қойсын, біз тек бейбіт өмірді жақсы көреміз. Қанды-қырғын соғыстың кімге қажеті бар?

Тарихтан белгілі талай ата-бабаларымыз, ұлтарактай жеріміз үшін талай рет ақ найзасын асынып, шыбын жанын шүберекке түйіп ел-жерімізді қорғап келген жоқ па?! Біз сол елімізде тыныш өмір сүреміз. Осындай бейбіт өмір, тыныштық сыйлаған ата-баба, ардагерлерімізге айтар алғысымыз шексіз. Мен кішкентай болсам да соғыстың халыққа тигізген зиянын, халық басына түскен күйзелісін сезіне отырып, соғыс болмаса, әлемдегі барлық елдер бір-бірімен бірлікте, тату-тәтті өмір сүрсін деп тілеймін. Соғыста қаншама боздақ ел-жерін қорғап, өз Отаны алдындағы борышын өтеу үшін, отбасын елін-жерін жауға бермеу үшін соғысқа аттанды. Мыңдаған жандар жан пида болды. Олардың отбасы, бала-шағасы жетім қалып жатты. Кескілескен айқаста әрбір атылған оқ — осы бейбіт өмірді талқан етіп, адамзатты қолына қару алуға мәжбүрлегені үшін кекке толы еді. Соғыс өрті, соғыс қиыншылығы, қасіреті тек майдандағы азаматтар ғана емес ауылдағы адамдарға да өте көп қасірет, қиыншылық әкелді. Әрбір соғысқа аттанған адамдар опат болды немесе еліне мүгедек болып оралды. Соғыс кезінде мүгедек болсын бәрібір азаматтың үйіне аман-есен елге оралғаны үлкен қуаныш болды.

Біз сияқты балалар балалық шағын ұмытып, күні-түні жұмыс істеп, үлкендерге көмектесті. Олардың балалығын ұрлаған соғысты атарға оғымыз жоқ. Қазақстан халқы да біріге жұмылып, тылда еңбек етіп, әрбір жіберген астығы, көмегі майдангерлерге демеу болды. Олар таңертеңнен кара кешке дейін бел жазбай жұмыс істесе де ешқашан қабағын шытқан емес. Өйткені Жеңіс күні болса деген тілектен, үміттен айныған емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Көп тілеуі—көл» деп қазақ атамыз тегін айтпаған. Сол жеңіс күні де келді. Майданнан жауынгерлер елге оралды.

Сол Жеңістің туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев атамыздың ерлігі шексіз. Қазақтан шыққан батыр ағаларымыз бен апаларымызды мақтанышпен айта аламыз. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде тоқсан алтысы Кеңес Одағының батыры атағын алды. Сол жылдары Қазақ елі миллиондаған босқынды өз бауырына тартып, оларға қолұшын беріп, қазақтың қонақжайлылығымен қиын-қыстау күнде де айрылмай көмектесе білді. Майданда жауынгер, еңбек даласында мыңдап жұмыс істеген әйелдер, жасөспірімдер мен қарттардың Жеңіс күнін асыға күткені ақиқат еді.

Қазақ халқы қанішер жаумен қасық қанын аямай шайқасты. Ұлы Отан соғысы шежіресінде мәңгі сақталған батырларымыз М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Т.Бигельдинов т.б. әрбіреуінің ерлігі жеке кітап, Жеңіс туын Рейхстагтың күмбезіне желбіреткенін айтудың өзі жеткілікті емес пе? Бұл қандастарымызға жеңіске жетуге дем берген артында қалған Отандастарымыздың сенімі мен рухшыл бірлігі еді. Әрқашан бірлік пен бейбітшілікті ту қылып, қазірде жүзден астам түрлі ұлт өкілдері тұрсақ та бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған бірлігінің белгісі еді. Егемен ел болып осы ардагерлердің елі үшін қан кешіп орнатқан бейбіт өмірді сыйлағанына әрбір ұрпақ қарыздар болары анық. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майданда да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап, жасы жүзге келген Жамбылға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданда өз үлесін қосып, майданға қатысты. Ендеше осындай қиындықпен, жанталасқан майданда қан кешкен ерлердің ерлігімен, тылда еңбек еткен жандардың терімен келген бұл жеңістің мәңгі болары анық. Бейбіт өмірде Жеңіс күнін тойлаған барша адамзаттың айтар алғысы шексіз.

Соғыс болмасын! Егемен елдің ерен ұрпағы ретінде бейбіт күнді. 9-мамыр Жеңіс күні ешқашан өшпек емес, өшпейді де. «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» – дегендей ерлеріміз, еліміз аман, тыныштық болсын!

Тайлакова Аяжан

7-сынып

«Қызылжар селолық округінің орта мектебі»КММ

Ақсу қаласы Павлодар облысы

Жетекшісі: Жангабулова Асемгуль Ергалиевна

Мәңгілік естен кетпес отты жылдар

Жеңіс күні жарқын күн, шуақты күн,
Ол келген соң мен дәйім қуаттымын.
Аталардан кешегі қалған бізге
Көтергенде қуанам жеңіс туын.

Тарих парақтары үнемі жаңаланып, жаңарып отырады. Кешегі ұлан байтақ даламызға орнаған отты жылдардың шоғы сөніп, бүгін бейбіт күннің бесігінде тербелудеміз. Талай азаматтың тағдырын жалмаған, талай ошақты сөндіріп, талай ұлды жетім, талай ананы жесір еткен замана қасіреті келмеске кетті. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі – әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қаһарлы қасіреті мен қан майдандағы арпалыстар. Одан кейін сол сұрапыл күндердің бәрін артқа тастап, біздің өмірімізбен қайта қауышқан Ұлы Жеңіс күні де мыңдаған жылдар бойы ұмытылмайтын ұлы тарихи оқиға.

Тәуелсіз де азат еліміздің бейбіт аспаны астында өмір сүріп жатқан барша қазақстандықтар сол Ұлы Жеңісті сыйлаған батырларымызға мәңгілік қарыздар. Сол үшін бейбіт күнге жеткізген ардагерлер алдында басымызды иіп, ұрпақ алдындағы перзенттік борышымызды өтеу арқылы адамгершіліктің биік шыңына шыға аламыз.

2015 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толғалы отыр. Сол жеңісті сыйлаған батырлардың ерлік істері мен қаһармандығы жыл өткен сайын жаңарып, жадымызға сіңіп жатыр. Ұлы Жеңіс күнінің әрбір жылы біз үшін өте қымбат. Осы күні елі мен жері үшін шайқасып, қан майданда жандарын құрбан еткен жерлестерімізді, батыр бабаларымызды еске аламыз. Туған еліне оралмай кеткен марқұмдарды бүкіл ел боп еске түсіреміз. Ұлы Жеңіс күні көзімізге жас келеді. Бойымызда рух оты пайда болады, еңсеміз көтеріледі. Барша қазақ баласына бұйырған ұлтарақтай жеріміздің қаншалықты қымбат, қаншалықты құнды екенін түсінеміз. Көз алдымызға Рейхстаг төбесінде желбіреп тұрған Жеңіс жалауы елестейді.

1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан бір миллион екі мың адам аттаныпты. Олардың алты жүз отыз мыңы майдан даласынан оралған жоқ. Жау өтінде кеудесін оққа төсеп, елі үшін жан берді. Соғыстағы ерлігі үшін бес жүзге жуық жауынгер Кеңес Одағының батыры атағына ие болды.

Соның ішінде аты жер жармаса да, ертеңгі балаларым бейбітшілікте, бірлікте өмір сүрсін деп жанын пиде еткен Ұлы Отан соғысының ардагері Тайлаков Дайыр Нұркенұлы да бар. Ол майдан даласында шайқастың дәмін небары 28 жасынан татты. Атамыз көп қиыншылықты басынан өткізіп, сұм соғыстың зардабын тартты. 1942 жылы фашистер бүкіл батальонды қоршап,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тұтқынға алады. Атам Финляндияның қасында концлагерге түседі. Бұл кезде оның өтпелі де, қиын өмірі басталады. Жау әскерлері оларға күн көрсетпей, қолдарынан келген қатыгездікті жасап бағады. Қолға түскен тұтқындарды қорлап, аямай, ұрып соғады. Елі үшін жанын пидә еткен ержүрек жауынгерлер көп азап шегеді. Көрсетпегені болмады, тіпті олар бір үзім нанға зәру болған. Бірақ, жүрегінде бір үміт болды. Ол үміт, ол сенім атамды жігерлендіріп, Отаны үшін соғысамыз деп, тек алға ұмтылды, жау әскерлерін қалайда қапыда қалдыруды ойлады және сол арманына жетті.

Атамыз бабадан қалған даналық сөздерді, өсиеттерді әрдайым балаларының құлағына құйып отыратын. Қазақта: «Шебердің қолы алтын», - деген керемет сөз бар. Кейде осы нақыл біздің атамызға арнап айтылғандай болып тұрады. Ол кісінің қолынан келмейтін ісі жоқ, шебер болған екен.

Үйде атамның өз қолымен жасаған заттары көп. Біз оны көзіміздің қарашығындай сақтап жүреміз.

Биыл атамыз Дайыр Нұркенұлының дүниеге келгеніне тура жүз жыл толды. Атамның 100 жылдығына орай біз 9 мамыр жеңіс күні бүкіл әулетімізбен көрісіп, сайыс, жарыстар өткіздік. Атамның құрметіне немерелері әскери киім киіп, патриоттық сезімдерін білдірді. Еңсеміз, көңіл-күйіміз көтеріліп қалды. Анамның құлағыма құйып келе жатқан сөздері арқылы атамның құрметке лайық екенін білдім. Әлемнің тарихында атамның аты алтын әріппен жазылмаса да, мен үшін ол ұлы есім. Мен атамды көре алмай кеткеніме өкінемін. Оны көрмесем де, атамды мақтан етемін!

Туған жер, Отан үшін әрқашан жанын қиюға дайын екендігін айдай әлемге паш еткен еліміздің ержүрек ұлдары мен қыздары халық даңқын өшпестей етті. Әр адамның жеңіс күнін аңсағаны жайдан-жай емес. Еңбегі елге үлгі, ұрпаққа өнеге болар азаматтарды біз қадірлей білуіміз керек. Аты аңызға айналған ғұмырды Ұлы Отан соғысының жемісін ұмытпайық. Сондай-ақ, біз оларға деген құрметті жүрегімізден өшіріп тастамайық! Мен шығармамды төмендегідей өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Қызғалдаққа толады тау етегі,
Бал шырын боп кетеді ауа тегі.
Жеңіс күні айналып келген сайын
Біздің елде дүрілдеп той өтеді.
Әрдайым желбіресін көкте туым,
Күнім де төге берсін бізге нұрын.
Ұшырған жендеттердің көкке күлін,
Сіздерге бас иеміз біздер бүгін.

Ташенова Мадина

11 сынып, №9 гимназия Павлодар қ.
Жетекші: Байтлеуова Ельсуяр Ахметовна

Ұлы жеңіске мың тағзым

Ел-ерімен,
Ер-елімен көрікті.
Мақал

Қазақ елінің өркен жайған қазіргі шағында бір кісідей ой жарыстырып, өткеніміздің мерейлі, әрі мәртебелі кезеңдерін маржандай тізбектеп, ел-жұртымыздың ділін асқақтату өрелі ұрпақтың парызы деп санаймыз. Бізден бұрынғы үлкендер өздерінен үлкендерді әсерлі қастерлей білді. Осылайша ата-бабаларымыз бізге ынтымақтың, тұтастықтың, төзімділіктің мәңгілік үлгісін өрнектеп қалдырған. Қазақ елінің арғы-бергі тарихының ең ғибратты тағылымы осы.

Олай болса, өткеннің қадірін білу, бабалардың арман-мүддесін жалғастыру-ізгіліктік парыз ғана емес, сонымен қатар, байырғы елдің елдігін, азаматтарының кісілігін саралау, өркениет жолында алаңдамай ілгері басудың негізгі алғышарттарының бірі болып саналады.

Осындай сынның айбынды шаққа жеткен, еліміздің бетке ұстар, арқа тұтар ақсақалы - Қабдеш Темірбайұлы Нұркин. Нұркин Қабдеш Темірбайұлы 1923 жылы Павлодар облысы Шарбақты ауданы Үшқамыс ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Павлодар педагогикалық техникумын, 1951 жылы Москвадағы Орталық партия комитетінің Жоғарғы партия мектебін бітірген. Халқына қадірі мол, еңбегін ел таныған ақсақалдарымыздың бірі. Есімі көпке мәлім Қабдеш Темірбайұлы өмірдің қай кезеңінде болмасын туған жерінің, өскен елінің қадір-қасиетін, намысын қорғап, құдіретін, даңқын жоғары көтеруде жан аямай ерлік жасап, еселі еңбек еткен.

Атамыз соғыс және еңбек ардагері. Осы ойдың мазмұны Ұлы Жеңістің барлық ардагерлерінің, солармен бірге, Қабдеш атаның өмір жолдары мен қызмет іздерін көз алдымызға әкеледі. Егеменді еліміз басынан кешкен маңызды тарихи кезеңердің куәсі болған ер тұлға – Қабдеш Темірбайұлы жайлы ой айтар тұста, Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік ерліктері алдымыздан шығады. Небәрі жиырма жасында рота командирі дәрежесінде көтеріліп, Сталинград, Харьков, Могилев қалаларын жаудан босатуға

катысып, Померанияда ерлік көрсетіп, тек әскери қолбасшыларға ғана беріліп келген Александр Невский орденін кеудесіне тақты. Сонымен қатар Бірінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бір күнде екі рет Қызыл Жұлдыз Орденімен марапатталды. Оған 1945 жылы Берлинге барар жолдағы Померания жерінде фашистермен соғыста рота командирі Қабдеш Темірбайұлы Нұркин жау тылына 15 шақырымдай өтіп, шегініп бара жатқан олардың әскерін бөгеу жөніндегі 70-ші Армия қолбасшысының бұйрығын орындау кезіндегі тапқырлығы мен қайсарлығы айтарлықтай мысал болады. Бұл ретте рота командирі Қабдеш Нұркиннің жер тану қырағылығы мен ұшқыр ойы үлкен Жеңіске бастау болған. Қабдеш ата сияқты біздің өңірімізде ел қамын жастық шағынан ойлаған, Отан үшін арпалысқан, қиындықтардан қапысыз қисын тапқан парасатты тұлғалар өсіп, өркен жайды. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында болаттай суарылған, қайраттанған осы жандар бір-біріне қолдау жасаудың шебері атанып, жаңа қоғам құрды. Осы бағытта бір-бірінен үйренді, біріне-бірі ұлағатты өнеге көрсетті. Ауыспалы-айнымалы кезеңдердегі қалыс қалған мүдделесуді ізгілік арнасына түсірді.

Бұл Ұлы Жеңіс халықтардың бірлігі мен ынтымағы, төзімділігі, саяси тұрақтылығы-аса зор маңыздылық екендігін көрсетті. Өткен Ұлы Отан соғысына бір жарым миллионнан астам қазақстандықтар қатынысты. Бес жүзден астам азаматтарымыз Кеңес Одағының батыры атанды. Жауды жұмылып, бірлігімізбен жеңдік. Қанды соғыс жылдарында қазіргі Қазақстан халқы бұлжымас бірлігін көрсетті. Олар бірлесіп бастарына жібек шатыр құрды, оның аясында келешектің алтын қазыға болатын ұрпақ тәрбиеледі.

Ұлттық құндылықтың да, адамзат құндылығының да тірегі-өркениетті ел құшығында алыс болашақта мәртебелі, білімді және парасатты ұрпақ өсіру, оларды өрендету. Аласапыран заманында тағдыр тоғыстырған ұлт өкілдерін қазақ жері бір отбасының баласындай бауырына басты. Біз ел басына түскен зұлмат жылдарының зілдей салмағын жан-жүрегімізбен сезініп бөлістік. Сондықтан, біз адамзат баласына орны толмас қайғы-қасірет әкелген сұм соғыстың жер бетінде енді қайталанбауын тілейміз.

Елінің ардақтысы атанған Қабдеш атамыздың бойында адамның көреген болып өсуіне қажетті сыйластық, әдептілік, әділдік, тіл табысу, келісім сияқты қасиеттер бар. Олардың санасында әрқашан туған елін, өскен жерін, отбасын, Отанын сүюді, жақсылықты аялауды, құрметтеуді өздерінің басты міндеттері санап өскен аға ұрпақтың өшпес өнегесі бар. Олар достықтың, абыройдың, ар-намыстың, білімнің, әдеп пен салт-дәстүрдің қасиетін жоғары бағалай біледі.

Барлық жайға қаныққан соң, жанұялық өмірде де, қоғамдық салада да рухының биіктігімен, тектілігінің тереңдігімен жарқыраған асыл жанды “Өз артына өшпестей із қалдырып келе жатқан” өр тұлғаның баянды болмысынан рухани нәр алуды-ішкі танымым мен жандүниелік сұранысымның ауадай қажеттілігі деп сезіндім. Оған деген рухани тартылыс күшімнің оянуын-ұрпақтар жалғастығындағы табиғи заңдылық деп қабылдадым.

Теміржан Арайлым

3 курс, Б.Ахметов атындағы Павлодар
педагогикалық колледжі
Жетекші: Касьянова Үкіжан Каппаевна

Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұландары

Бұл күн – сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының асқақтайтын күні. Бұл күн – әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Бұл күн – бүгінгі ұрпақтың соғыс ардагерлері сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күн.

Н.Назарбаев

Әр азамат туған елінің өткені мен бүгінін біле отырып, болашаққа қадам басады. Болашаққа рухани мәдениетімен қатар ұрпағының ұлттық қасиеттерін сақтауда тарихын үлгі етеді. Ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін тарихи оқиғалардың баса ауқымдысы – Ұлы Отан соғысы. Бұл фашизммен бетпе-бет келген сұрапыл шайқас. Міне, биыл адамзат тарихындағы ең сұмдық сұрапыл соғыстың болып өткеніне 70 жыл болды. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парактаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей – теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Бұл соғыс қайғы - қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады.

«Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деп қазағымыздың батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, ерлік – қарапайым ғана сөз емес, мақтан тұтарлық қасиет. Осы бір ғана сөзде «Отанды сүю, Отанды қорғау, Отанды қастерлеу, Отан алдындағы борышты ақтау» деген сияқты бірнеше астарлы сөздер бар. Ал кімде-кім осы сөздерді қастерлеп, кіршіксіз көңілмен, шын пейілмен Отанды сүйсе, ол – ерлік, нағыз батырлық.

Бабаларымыздың қанымен кейінгі ұрпағына дарыған Отаншылдық, ерлік, намыскерлік сынды ұлы қасиеттері кешегі сұрапыл соғыста майдангер аталарымыздың ұранына айналды. Сондықтан да болар, қанды соғысқа

аттанған жауынгерлер Отаны үшін кеудесін оққа төсеп, қаһарлы жаудан қаймықтастан жүздеген, мыңдаған неміс фашистеріне қарсы шықты. Осындай ел басына түскен ауыр күндерде «Отан үшін!», «Ел үшін!» деп қолдарына қару алып, жауға қарсы тұрған ержүрек батырларымызды айтпай кетуге болмайды. Атап өтерлігі, олардың арасында Мәншүк пен Әлия сынды қазақтың ержүрек қыздары да бар еді. Бүгінгі таңда аттары аңызға айналған батыр апайларымыздың сол ерліктері бізге үлгі. Сонымен қатар қызыл жалынға оранған көк аспанда да көптеген ұшқыш ағаларымыз қайсарлық танытты. Олардың ішінде біз мақтан етерлік екі мәрте Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болған Талғат Бегелдинов есімді қазақ азаматы болды. Сонымен бірге Рақымжан атамyzдың да соғыстағы еселі ерліктері бір төбе. Оған қоса Қасым Қайсенов, Баубек Бұлқышев, Қасым Аманжолов, Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы сынды ақын-жазушыларымыз да қан майданда елін жаудан қорғай жүріп, өздерінің жүрек жарды сезімдерін, сағыныштарын хатқа түсіріп, қалам тарта білген асыл азаматтар. Қару мен қаламды қатар ұстап, соғыс жағдайын, ел басына түскен қиын күндерді көркем сөзбен жеткізген олар соғыс жайын айтып қана қоймай, елді жауға қарсы күреске шақырып, жалынды үндеу тастады. Азаматтардың намыс-жігерін қайрап, рух, күш-қуат берді. Міне, осындай қайсар да батыр аға-апаларымыздың арқасында Жеңіс таңы атты. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Ұлы Отан соғысы жылдары бүгінде білім алып жатқан оқу ордамыздың тарихында да ерекше орын алады. Соғыс жылдарында педучилищенің 60-қа жуық оқушылары мен оқытушылары Отан қорғады. Олардың ішінде оқу орнымыздың атын иеленіп отырған колледжімізде 24 жыл басшылық қызмет атқарған, осы шаңырақтың алғашқы түлектерінің бірі – Бейсен Ахметұлы Ахметов те бар. Кеңестер Одағының Батырлары Құдайберген Сұрағанов, Серікбай Мүткенов, Қызыл Жұлдыз ордені иегерлері Долобай Базилов, Қабдеш Нұркиндер осы оқу орнының түлектері. Училище директорлары А.И.Щербинко мен Б.А.Ахметұлы Москваны қорғау шайқасына қатысты. Литва, Латвия, Шығыс Пруссияны жаудан босатуға З.М.Лысенко қатысса, Қ.Е.Елубаева Хабаровскіні әуеден қорғаушылар қатарында болды. Колледжіміздің майдангер ұстаздарының бірі де бірегейі – Қантай Әмірханқызы Елубаева жап-жас күнінде қан майданда ерлермен тізе қосып елін жаудан қорғаған қазақ халқының қаһарман қыздарының бірі. Кеудесі орден, медальдарға толы апайымыздың колледж есігін ашар күнін асыға тосып, қызыға да қуана қарайтынбыз.

Отан үшін, елі, жері, біз үшін, келешек ұрпақтың бақыты үшін кеудесін оққа тосып, жанын пида еткен қара шаңырағымыздың батырларының есімі мәңгі есімізде сақталмақ. Олардың есімдерін колледж түлектері мақтаныш етеді, ерліктері ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. Осындай батырлар мен Отанымызды қорғаған адамдар оқыған, қызмет істеген ғасырға таяу тарихы бар оқу орнында оқығаныма қуанамын. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

үшін ортақ мереке, абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

9 – мамыр бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Отаны үшін отқа түскен ерлеріне күш-қуат берген отаншылдық рух екені анық. Қазаққа қайсарлық арғы тегінен дарыған қасиет. Содан да болар, қазақ елінің есімі аңызға айналып, оның небір жыр-дастандарға арқау болған ұл-қыздары да жетерлік. Атамекенін, туған жерін, елін жаудан қорғап, бабалардың батырлық дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарған майдангерлердің сол ерліктері біз үшін үлкен мәртебе. Біздер тарих беттеріне мәңгілік орын алатын осынау оқиғаны және осындай бақытты күнге жеткізген батыр аталарымызды құрметтеп, бас иіп өтуіміз керек. Себебі, олар сыйлаған жарқын да алтын күннің аясында ешбір уайым-қайғысыз өмір сүргеніміз үшін шексіз қарыздармыз. Соғыс ардагерлері сыйлаған бейбіт күніміз баянды болып, көк аспынымызда Жеңіс туы мәңгі желбірей берсін! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Тусумбекова Индира

8- сынып

Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі

Баянауыл ауданы Павлодар облысы

Жетекшісі: Бұғыбай Лира

Ерлер есімі - мәңгі ел есінде

Ежелден ел тілегі – ер тілегі,

Адал ұл ер боп туса –ел тірегі.

Бауыржан Момышұлы

«Жер - елсіз болмайды, ел - ерсіз болмайды» -дейді дана халқымыз. Ерлер халықтан туады. Ер –дегеніміз халықтың қамқоры, тірегі, қорғаны. Ерлік–ердің ісі, бірақ оның көрінісі тоқсан түрлі Біреулер даналығымен елінің ынтымағын біріктірсе, біреулер табандылықпен елін жаудан қорғайды, біреулер табандылықпен жерін зерттейді. Осы тұрғыдан қарасам, біздің батыр аталарымыздың елін, жерін қорғау үшін қосқан ерлігі ұшан теңіз. Ер жігіт етігімен су кешіп, от басқан, ат ауыздығымен су ішкен сұр шинельді төсек етіп, қасық қаны қалғанша жаулармен шайқасып, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді. Уақыт өткен сайын батыр аталарымыз қажырлылықпен сыйлаған Ұлы Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпақ бізге өшпес үлгі өнеге. Бұл мереке – бейбітшілік қайырымдылықтың мәңгі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Бізге жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс күні – абыройымыз даңқымыздың мерекесі. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 Қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сияқты есімдері аңызға айналған ағаларымызды, аталарымызды, әпкелерімізді тарих беттерінде «Батыр» деп алтын әріппен жазды. Ерлер есімі еліміздің мәңгі есінде. Мен осы шығармамды жазарда өзіме көп мәлімет жинадым. Өз аулымдағы ақсақал, қариялардың аузынан естіген оқиғаларымды, тақырыбыма арқау еттім.

Шығармамның негізгі бөлімін өз туған аулымнан майданға аттанған және тылда жұмыс атқарған, кір жуып, кіндік кескен жері үшін, аялап өсірген елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен ер азаматтарға, шейіт болған аталарға арнағым келіп отыр. Қазіргі кезде ардагер аталардың көбі дүниеден өтті. Артында бізге ізгілік істері қалды. Біздің ауылдан Ұлы Отан соғысына қатысқандар: Тусумбеков Мұқан, Тайманов Шәріпжан, Айтқожа Сәденов, Әліпбеков Катран, Горячев Петр, Булышев Андреевич, Байдильдинов Қабаш, Молдатаев Қорабай, Байдильдинов Қафиз, Дауылбаев Абдулхамит тағы басқалар, елдің азаматтары майданға аттанғанда, ауылда қалған аналар тылда күні-түні еңбек етіпті, атап айтсам: Макашева Рысжан, Тулеубекова Мүгілсім, Ақботина Биғайша. Бұл әжелерді көзімізбен көріп мектепте кездесулер өткізіп, өмірлерінен естеліктер, бастарынан өткен қиын – қыстау кезеңдерінен біздерге сыр шертетін.

Сол әженің айтқан естелігін ешқандай өзгеріссіз қаз-қалпында баяндайын. «Мен анамнан ерте айрылдым, әкемнің тәрбиесінде болдым. Соғыс басталғанда 13 жаста едім, елдің азаматтарының бәрі майданға аттанғанда, қалған жас бала, кәрі кісілер, аналар бәрі қара жұмысқа араласты, соның ішінде менде болдым. 1942 жылы Шөптікөл көмір шахтасына қара жұмыс істедім. Бәрі майдан үшін еңбек етіп, кісе киімге, ішсе тамаққа жарымайтын кез болды. Сөйтіп соғыстың ауыр жылдары өтіп жатты, қанша ауыр болса да ағаларымыздың, әкелеріміздің аман – есен елге қайтуын тілеп жүрдік. 1944 жылдан бастап Кеңес жауынгерлері немісті жеңе бастады деген жақсы хабар ауылға да жетіп жатты. Бала болсам да қуанышымда шек жоқ, ағаларымды аман көрем деген балалық қуанышым, көпке бармады, өйткені майданға аттанған үш ағамнан да қара қағаз келді. 1945 жылы майданнан қайтқан жауынгерлер елге орала бастады» -дейді. Бұл Макашева Рысжан әженің айтқан әңгімесі. Сендер біз көрген қиындықты көрмеңдер, өмірлерің бейбіт енді ешқашан соғыс өрті тұтанбасын дейтін. Әже 80 жасқа қараған шағында қайтыс болды. Осы әңгімеден кейін мен адамзат жүрегіне айықпас

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жара салған Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян.

Жоғарда аты аталған ардагер Тусумбекова Мұқан – менің атам, менің мақтанышым, майданнан аман –есен оралыпты, анамның айтуынша, 1941жылы тамыз айында Баянауыл аудандық әскери комиссариаты 37 артиллерия полкіне, қару – жарақ номеріне шақырады. 1945жылдың қараша айына дейін 138 кавалерия полкінде кавалерист болды. 1945 жылдың 25 қыркүйегінде Чехословакиядан Жеңіс туын желбіретіп, елге, өзінің туған жеріне оралады. Оқ пен оттан аман оралып, ортамызда жүрген аға ұрпақтың жауынгерлік және еңбектегі ерліктерін әрдайым мақтан тұтамыз. Мектепте осы ардагер ата-әжелерге арнаған тақта, аулымызда ескерткіш бар. Біз әр жыл сайын Жеңіс күні үнемі тағзым етіп, гүл шоқтарын қоямыз. Мектепте, аулымызда әртүрлі іс-шаралар, өмірлерін дәріптейтін тәрбие сағаттарын, шығармалар сайысын, өлең-тақпақтар сайысын және айлық, апталық жұмыстар өткіземіз. Осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пиде еткен шейіт болған жауынгерлерді, қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз.

9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Ойымды қорытындылайын болсам: Мен ХХІ ғасыр перзентімін, егеменді елімнің ертеңімін. Бүгінгі ұрпақ біз, қан төккен ардагер ата-әжелердің даңқын, ерлік-істерін ешқашан ұмытпай, дәріптеуіміз керек. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болуы, біз үшін үлкен мақтаныш.

Бүгінде біздің басты міндетіміз – Отанымызды сүйіп, елімнің, жерімнің адал патриоттары болып, терең біліммен қаруланып, ғылым мен техниканың сан қырлы тетігін меңгеріп, әлемдік құндылықтарды бойымызға сіңіріп, бір мамандық иесі болып, келешек Мәңгілік Елімнің өсіп өркендеуіне өлшеусіз өз үлесімді қосу. Қазір дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болдық, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыз бір шаңырақ астында тыныштықта, бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Бұл - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз. Жеңіс - біздің ата-бабаларымыздың батырлығы. Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Келе жатқан 2015 жыл, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесін үлкен қарқынмен тойлаймыз. Қой

жылы – «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын бейбіт жыл болсын»-дегім келеді.

Тұяқова Бағлан

9 класс, «Ертіс ауданының
Қараағаш жалпы орта білім беру мектебі»
мемлекеттік мекемесі,
Ертіс ауданы Павлодар облысы
Жетекші: Аушенова Салтанат Қадырбайқызы

Майдангерлер ел есінде

Атақты Қожаберген жырау:

Нұр жауар талапты ерге деген ермін,

Есіркеп қашан Алла жеткереді.

Құдайдан елге амандық тілеп жүрмін,

Қазақты қашан қолдап ескереді,- деп зарлаған екен.

Қазақ ұлтының бүгінге дейін қат-қабат тарихының басты мазмұны азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандықтың жолындағы күресіміздің шежіресі бар. Бүгінгі бостандықтың өзінен-өзі басымызға келіп қонған жоқ. Азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашырап, жаны қиылғанын, жазықсыз зардап шеккенін білеміз.

Бүгінгі күн – ата-бабаларымыздың таршылдықтың темір құрсауының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боздақтардың арманы еді. Бұл боздақтарымыздың аттары ешқашан ұмытылмайды. Бұл біздің тарихымыз. Өз тарихымызды сақтап, құрметтеуіміз керек.

Осы жарқын өмірді сыйлаған әке, аға, әпкелеріміздің ерлігі мәңгі үлігі болып қала береді. Бас көтерген адамзаттың бәрі майданға аттанды. Әрбіреуі Ұлы жеңіске өз үлесін қосты. Яғни ақ қырау қыста, аптап жазда, жылауық күзде бір тыным, бір тыныштық көрмеді. Осы соғыста жазықсыз, хабарсыз, құрбан болған ардагерлер де өте көп еді.

Енді міне, тәубә, Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толып толайын деп отыр. Уақыт керуен тізіліп өтіп жатыр! Бірақ, сол бір Отан үшін, еліміздің тәуелсіздігі үшін ата жаумен айқасқан шақ ұмтылар ма?! Жоқ, ешқашан да естен кетпейді... Осы өмірде не ұмытылса да, бірақ осы II дүние жүзілік қанды шайқастың ұмытылуы мүмкін емес. Ол тарихта да, жүректе де бір үлкен із қалдырғаны сөзсіз.

Яғни әрбір халықта, әрбір елде, туып өскен жерінде өз ержүрек жауынгерлері болады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қару күшті емес,
Қару ұстаған күшті

деп айтқандай, осы біздің Қараағаш ауылының ер майдангерлері, жерлестерімізді айта кетер болсақ, отан қорғаушысы: Укужанов Досбатальон пулеметшісі; Есимжан Телғозынов атқыш атамыз; Мағызым Сасыкбаев Польша майдангері; Әментай Кәрімов қайсар барлаушысы; Жанабай Алинов атқыш ардагеріміз; Ақымбаев Қайыржан Жақиұлы жауынгерлер; Макишев Тасқынбай және Қажымұратов Ақботай атамыз, Әміржан Лекеровты айтып кетуге болады. Темирханов Олжабай 1923 жылы Қараағаш ауылында өмірге келген. Мектепте оқып, оны бітіргесін Алматы қаласындағы милиция даярлайтын училищеге оқуға түсті. Ұлы Отан Соғысына барып, Герман соғысына қатысқан. Олжабай атамыз жаумен жағаласа отырып, жарты Еуропаны жаяу жүріп, сонау Эльбаға дейін барып, қаншама қиын-қыстау жолдарды ерлікпен өткен.

1941 жылдың желтоқсанында Орал қаласындағы кіші командирлер дайындайтын мектепті қысқа мерзімде бітірісімен, Ертістен келген үш жігіт майданға жіберіледі. Олардың әскери бөлімі Еділдің арғы жағына өтіп, жақындап қалған жау әскерлерінің тұсына кеп бекініс салыпты. Жауып тұрған оқтың астында жанталасып окоп қазып алыпты. Ертеңіне полк шабуылға шығыпты. Гүрсілдеген зеңбіректер дауысынан жер солқылдады. Бірнеше ұрыс, қорғаныс, шебін алды. 1942 жылы желтоқсанның соңғы күндерінің бірінде Сталинград үшін шайқаста атамыз ауыр жараланды. Екі рет операция жасалынды. Госпитальден кейін Свердловскідегі жаңадан ашылған офицерлер дайындайтын училищеге жіберілді. 1944 жылы Олжабай атамыз кіші лейтенант деген әскери атақ алып, майданға қайтып оралды. Сол жылдары полктың штаб бастығы потполковник М.Хволин атамызды рота командирі етіп тағайындады. Одан әрі Олжабай атамыз Польша жеріндегі көптеген бекіністерді азат етіп, Висла өзеннің қасында болған шабуылда екінші рет жараланды. Белоруссияның Минск қаласында емделіп, Варшавадағы «Прага» ауданында тұрған өзеннің әскери бөліміне қайтып оралды. Біздің әскеріміздің қатарында Варшава, Познань, содан кейін Одер өзенінен өтіп, Шнайдемоль қаласын жаудан босатты. Олжабай атамыз Берлинге дейін жетіп, Эльба өзеніне дейін барды. Майданнан аман-есен оралып, Алматыда ішкі істер мекемесінде қызмет етіп, полковник атағы дәрежесіне дейін көтеріліп, марапатталған. «Красная Звезда» үш ордені, «Ұлы Отан Соғысы» екі орденмен және көптеген тағы басқа медальдармен марапатталған. Қазіргі уақытта Алматыда құрметті демалысқа шығып, бақытты өмір сүріп жатыр. Бірнеше қолжазба кітаптары жарық көрген.

Осымен қоса, әрине өмірден хабарсыз кеткендер де бар, олар: Қажымұратов Әментай, Құсаинов Самат, Қажымұратов Абдырғалық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

(Қаратай), Салыков Теміржан. Мысал үшін хабарсыз кеткендерден біздің елге жақын боздақтар арасында тіркелген Дүйсеке Әлдіқов 1909 жылы дүниеге келген. Соғысқа дейін Дүйсеке атамыз Северный совхозында «Қызылжыра» төртінші бөлімшесінде зоотехник мамандығы бойынша қызмет атқарған. Азғантай болса да бірге ғұмыр кешкен зайыбы Жәпкен Бәкібайқызы апамызбен отау құрып, 2 ұл мен 1 қыздарын дүниеге әкелген.

Дүйсеке атамыз 1941 жылы майданға аттанғанда Жәпке апай 5 жастағы үлкен ұлы Қайыр, 2 жасар қызы Қалиә өмірге жаңа қадам басар шағындағы 14 жастағы ұлы Қаратаймен қалды. Тағдырдың тауқыметін тартып, Победа колхозында сауыншы болған. 1943 жылға дейін Қиыр Шығыс жақтан Дүйсеке атамыздан отағасына ұшбұрышты жауынгерлік хаттары келіп, амандығын білдіріп отырған.

Ұлы Жеңіс күніне біртабан жақын қалған уақытта ұрыс өтіп жатқан жерінен «Хабарсыз кетті» деген хабар келді. Қанды майданда ата-бабаларымыз өздерінің өмірлерін қиып бізге бейбіт өмір сыйлаған. Бүгінгі бейбітшілікті бұзбай сақтап қалып, елімізді ары қарай гүлдендіру - әрқайсымыздың міндетіміз. Біз, болашақ, жас ұрпақтар осындай аталарымыздың ерлігін мақтан тұтамыз. Ата-бабаларымыздың үміттерін ақтаймыз!

Елімнің ертеңі үшін аянбай еңбек ету, оқу оқып, білім игеру, жас тәуелсіз мемлекетіміздің ірге тасының беки түсуі, ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайту – біздің ең басты парызымыз!

Бүгінгі күннің сәулесі жарқырап тұруы мәңгілік болғай!

Усәвхан Інжу

9 сынып, Павлодар облысы, Ақсу қаласы,
Ақжол орта мектебі
жетекші: Шерикбай Алтынгүль

Ерліктері мәңгілік жадымызда сақталады

Күйретуші зұлмат күш Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да биыл 70 жыл толып отыр. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі - Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге деп айтқан болатын». Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сонымен қатар біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, -

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

"Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. 1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім» деген жырын арнап, онда көп ұлттық еліміздің бүкіл еңбекшілерінің ойпікірін, сезімі мен алаңдатушылығын білдірді. Ақын жыры достықтың шынайы ән ұранына айналды. Әрқайсысы 200-ден астам жауынгерлік ұшу сапарын жасап, бірнеше жүз фашистерді жоқ қылған шабуылшы ұшқыштар: Талғат Бигелдиновке, Леонид Бедаға және Павловқа, сондай-ақ 37 ұшақты және топтасып жүргізілген ұрыстарда жаудың тағы 6 ұшағын (самолет) атып түсірген Сергей Луганскийге екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталғандар-қазақ қыздары: пулеметші Мәншук Маметова мен 54-атқыштар бригадасының Мергені (снайпер) Әлия Молдағұлова болды. Кеңес Одағының батыры, Қазақстан республикасының қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовте Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жасауға жерлестеріміз Есжанов, И.Я.Сянов, Х.Қайдаусов, З.Тұрарбеков, Х.Көбеков, Т. Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және т.б. көптеген адамдар қатысты. Жас офицер Р.Қанқарбаев өзінің досы Г.Булатов пен бірге рейстаг терезелерінің біріне алғашқыларының бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицерлері Қ.Меденов пен Р.Қараманов Берлин ратушасының төбесіне тікті.

Ленинград облысында 220-дан астам қазақ жігіттері соғысқан. Белоруссияның әр түрлі аудандарында әрекет еткен 65 партизандық бригадалар мен шоғырларда 1500-ден аса қазақстандықтар болған. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттері: Ғ.Ахмедьяров, Ғ.Омаров, В.Шарудов, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ә.Жангелдин, Ж.Саин, Н.Көшекпаев есімдері бүгінде зор құрметке ие болды. Қазақстан минометшілері батылдық және ерлік көрсеткені үшін 2027-жауынгерлік ордендер мен медальдарға, соның ішінде 14 адам «Кореяны азат еткені үшін», 234 адам «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарына ие болды. Солдат ерлігі орденінің толық иегері-142 қазақстандық. Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталған қазақстандықтар-96638.Елдің 27 млн астам адамдары соғыста қаза болды. Оның 603 мыңы (400 мың) қазақстандықтар. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыстақазақ елі басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған.

Хайрат Толғанай

Павлодар облысы Ақсу қаласы
Достық селолық округі Пограничник
ауылының орта мектебінің
9-сынып оқушысы.
Жетекшісі: Шакей Рысбек.

Соғыстың қаһары

Соғыс... Мұндай зұлмат-зобалаңның адамзат баласының басынан өткеніне жетпіс жыл өтті. Соғыс сұмдық көрініс, бүкіл дүние астан-кестен, құлаған үйлер, қираған қалалар мен елді-мекендер, зортенген қоймалар, қырылған адам. 1941 жылғы маусымның 22-сінде Кеңестер мемлекетінің батыс шекарасында соғыс басталған еді. Жаз айының жайма шуақ жексенбісі. Адамдардың өңінде бұрынғы жайдарлылық пен қуаныш сезілмейді. Қазақстан халқы барлық күшін жауды күл-талқан етуге, Отанды қорғауға не қажеттің бәрін беруге жомарттығын көрсетті. Әр адамның ойында «Жауға мейірім болмасын!»- деген ұран болды. Бұл соғыс кеңестер одағының тарихында Ұлы Отан соғысы деген атпен енді. Халқымыздың бейбіт өмірін фашистік герман империясының опасыздықпен жасаған шабуылы еді. Бұл соғыс әділетсіз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

соғыс. Осы сәтте еліміздің бүкіл экономикасы, халықтың күш-жігері соғыс мүддесіне, жауды жеңу мақсатына бағытталды. Алтайдан Атырауға, Оңтүстіктен Солтүстікке дейін созылып жатқан ұлан-байтақ, ойы мен қыры орманды, табиғаттың тауы мен құтты жер жаннатын мекендеген қазақстан халқы басқа туысқан республикалар сияқты экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, майдан үшін қызмет етуі - ежелден-ақ қиындықта қажымай-талмай, қарсы келген жауын ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен тізе бүктіретіні қазақ деген қасиетті ұлттың маңдайына біткен ғой. Ал, кеңес үкіметінің құрамындағы халықтар өз елін, мемлекетін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалу керек болды. Сондықтанда осы соғысты жеңіспен аяқтау үшін оған бүкіл ел, бүкіл халық қатысып, жеңістің әйтеуір болатынына сенімді еді. Германия фашистері «әлін білмеген әлек» демекші Кеңес өкіметін небары 3-4 айда басып аламыз деп жоспарлағанымен қисынсыз арман орындалмады. 1941 жылдың күзінен Ленинград үшін шайқастан елді-мекендердің көп бөлігін азат етіп, қарапайым қазақ қызы Мәншүк Мәметова Кеңес Одағының батыры аталған еді. 1942 жылы Сталинград түбіндегі шайқаста кеңес әскерінің ерен ерлігінің нәтижесінде дұшпанды кейін шегіндірді. 1944 жылдың басынан бастап Қазақстаннан барған жауынгерлер Балтық бойындағы республикаларды азат етуге өзіндік мол үлесін қосты. 1944 жылдан бастап Еуропа елдері азат етілді. 1945 жылдың көктемі. Халықтардың азаттығы үшін олардың көрсеткен ерліктерін біз ғана емес, бүкіл Еуропа халқы мәңгі есте сақтайды. Сөйтіп, ақырғы шайқас аяқталды. 1945 жылы сәуір айының аяғында Германияның астанасы Берлиндегі Райхстагты алумен аяқталды. Қанды шайқас аяқталды. Рейхстагтың төбесіне ту тіккен ер жүрек жауынгерлер Егоров пен Кантария болатын. Осындай алғаш ту тіккен он үш кеңес жауынгерлерінің бірі қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев еді. Мінекей, күндей күлімдеп, айдай жарқырап, тіршілік біткенге жан бітіріп, адамзаттың жүрегіне қуаныш нұрын ұялатқан мамыр айы келді Ұлы Отан соғысының жеңісіне қол жетті. Осыдан 70 жыл бұрынғы он алты-он жетідегі қолына қару алып, Отанын қорғаған қыршын жастарымыз бүгін де Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, сіздердің ерен ерліктеріңізді бүгінгі ұрпақтарыңыз ешқашан ұмытпайды, ұмытпақ та емес. Міне, Жеңіс, Жеңіс! Әрқашан соғыс оты тұтанбасын!

Хамитов Асанәли

9-сынып, Абай жалпы орта білім беру мектебі

Голубовка ауылы
Ертіс ауданы Павлодар облысы
Жетекшісі: Уатаева Шынар Қайыргелдіқызы

Отты жылдар ұрпақтың мәңгі есінде

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне үстіміздегі жылы 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. 1942 жылы ауқымы жағынан адамзат тарихында болып көрмеген Сталинград шайқасының отты жалыны қазақ даласын да шарпыды. Полковник Ғани Сафиулин басқарған 73- гвардиялық дивизияның өзі жаудың 120 танкісін 800 автомашинасын жойды. Сталинград майданы шайқасында 29 және Алматының 38-атқыштар дивизияларының даңқы шықты.

Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартты. Эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның үлкен арсеналына айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Нүркен Әбдіров т.б. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. 1945 жылы 9-мамырында бүкіл адамзат аңсаған 1418 күнге созылған соғыс жеңіспен бітті. Сұрапыл соғыс адамдардың жүрегіне жазылмастай жара салды. Қаншама ошақтың отын өшірді, қаншама қала күлге айналды. Қаншама әйел «қара қағаз» алып жесір атанса, балалар әкелерінен айырылып жетім атанды. Күйзелген көңілдері, жүдеген жандар Жеңістен жұбаныш тапты. Жеңіске қолымыз жетті. Қандай құдіретті сөз еді. Сол кезде Рейхстагқа туды 22 жасар қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев тікті.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ ата әжелеріміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін түйсініп жанымыз түршігеді. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата бабамыздың ерліктері ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тарихта қалды. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – Отанын сүйетін, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлікті қастерлейін тұлға болуымыз қажет. Жеңіс - біздің ата-бабаларымыздың батырлығы! Жетістік, салтанат, мейрам! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кең пейіл Қазақ елі жасасын!

Цуров Мухаммед

7 сынып, Павлодар облысы

Шарбақты ауданы ММ «Алексеевка ЖББОМ»

Жетекші: Бастемиева Ергүл Амангелдіқызы

Биыл - Ұлы Отан соғысының басталғанына 70 жыл

Бүгін - Ұлы Отан соғысының басталғанына 70 жыл. 22 маусым - барлық посткеңестің елдердің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі. Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған. Соғыс кенеттен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Жау қолы КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Темір жол құрылысы жалғасты. Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді. Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Чужаева Айсұлу

11 сынып, Железин №3 жалпы
орта білім беру мектебі

Железин селосы Павлодар облысы
Жетекшісі: Даулетова Күмісай Теңдікқызы

Қанды бояп сұм соғыс

Қанды бояп сұм соғыс,
Адамдарды жалмады.
Жүректі қозғап бұлқыныс,
Ерлер елін қорғады.
Соғыс кезі ұмытылмас,
Есте қалар оқиға.
Талай адам бірігіп,
Атсалысты соғыста.

“Ұлы Отан соғысы” ұғымы 1941 жылғы шілденің үшінде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде ұлы және отан деген сөздерді бөлек-бөлек, байланыстырмай қолданды. “Ұлы Отан соғысы” сөз тіркесі көптеген басқа тілдерде де қолданылады (орыс. Великая Отечественная война). Ұлы отан соғысы Кеңес Одағының халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. 1941жылы 22 маусымда Германия мен оның одақтастары кеңес-герман келісімшартын бұзып, Кеңес одағына соғыс ашты. Германияның мақсаты КСРО-ны жою еді. Германия тарапынан бұл соғыс жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Кеңес Одағы тарапынан жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды. Сұрапыл соғыс кімге қасірет, кімге қайғы әкелмеді?! Хабарсыз кеткен ұлдарына сағыныш сезімі басылмай, жолын тосып, байғұс ана жүруші еді. Әр үйге күн сайын қаралы қағаздар келіп, сол хатты алғанда әрбір жүрек мың тілімденуші еді. Тек «аман-есен оралар-ау!» деген үміт қана барлығын алға жетелейтін. Қаншама үйдің адамын ұрлады десеңші бұл сұрапыл, қатігез-соғыс. Халқымның қасиетіне қара таңба бастырмаймын, елімнің еркіндігіне кісен салдырмаймын деген үлкен адамгершілік мағынадағы намыс болу қажет. Сол намыс аласапыран арпалыста бойыңа қуат беріп, жүрегіңе от тұтатады. Ұлы Отан соғысында жауынгерлер ана сүтін намысқойлықпен адал ақтап, елінің атын әлемге танытты. Халқының ар намысы олардың алдында темірқазықтай жарқырап, шөлдегенде сусын, қалжырағанда қайрат берді. Сондықтан, «елдің намысы – ердің туы, ер намысы – ел намысы» дейміз. «Соғыс», «Ұлы Отан соғысы» деген сөздерді естіген сайын көзіме қан майданда фашистермен алысып, Отаны үшін жанын қиған қазақтың қаһарман ата-әжелеріміз елестейді. Әлия, Мәншүк секілді қырандай әпкелеріміз Отан жолында ерлікпен қаза тапты. Олардың батырлығына барша халық бас иеді. Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», — деп әскери комитетке өтініш берді. Осы сөздердің астарында

қаншама мән-мағына жатыр десеңші! “Отан үшін отқа түс күймейсің” демекші Қазақстандықтар жер-жерден түгелдей қатысты. Соғысты ортақ қасірет деп қабылдап, көбі өз еркімен майданға аттанды. Қалғандары тылда еңбек етті. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісті. Қазақстанда ұйымдастырылған көптеген әскери бөлімдер майданға жіберілді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. 1941 жылдың 22 маусымы – біздің тарихымыздағы ең қайғылы күн, Ұлы Отан соғысының басталған уақыты. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ұлы Отан соғысының төрт жылы-күні мен түні халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорусь, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылып, өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жанын қиды... Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандықтар Москва түбіндегі шайқаста, Сталинград түбінде, Курск доғасында ерлікпен шайқасты. Қазақстандықтардың көп бөлігі Еуропаны азат етуге, Берлинді алуға қатысты. Қаза болған адамдар саны үнемі төмендетіліп берілді. Олар “Отан үшін тек қана алға” деп ел үшін, жер үшін, кейінгі ұрпақ яғни біз тәуелсіз, бейбіт өмірде өмір сүру үшін жан аямай арпалысты. Олар өлімнен қорықпады. Халық бірінші күннен фашизмді жеңуге бар күшін жұмсады. Миллиондаған адам әскерге, еңбек армиясына шақырылып, жүздеген мың жауынгер өкінішке орай ұрыс даласынан қайтпай қалды. Ал қолға түскендері ше? Мұның өзін ойлау өте қиын. Олар неміс тұтқындарынан көрмегенді көрді, азап шекті. Еңбектеген баладан, еңкиген қарияға дейін ел басына ауыр күн туғанын ұғынды. Қаншалықты қиын болса да, соғысқа мойымай алға қарай жүріп, ерліктерімен көзге түскен батырлар қаншама. Осы соғысқа Кеңес Одағының миллиондаған адамы қатысты. Әлия мен Мәншүктей апаларымыз, қазақ халқының арасында аты аңызға айналған, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы болды. Жұмыла көтерген жүк жеңіл деп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білді. Өр мінез, батырлық пен батылдық, қайсарлық - қазақтың қанға сіңген қасиеті. Ел басына ауыр күн туып, оның болашағына қауіп төне бастаған кезде бүкіл Одақ жұртшылығымен бірге қазақ халқы да жұдырықтай жұмылып, қан майданға аттанды. Бүкіл қажыр-қайратын жеңіс жолына сарп етті, тіпті өз өмірлерін қиды. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған қазақтың қас батыры, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның Халық Қаһарманы, жазушы-партизан Қасым Қайсенов соғыста ерен ерлігімен көзге түсті.

Осы соғысқа Кеңес Одағының миллиондаған адамы қатысты. Қазақ халқының өр тұлғаларының жалғасы, Отан қорғаған қаһарман ұлдарының бірі – Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы. Қазақта: «Ақыл жастан, асыл тастан» деген нақыл сөз бар. Бауыржан сияқты халқының ұлдарына байланысты айтылған сөз болар, сірә. Сол кездің өзінде-ақ еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ынта жігерімен, дарынымен көзге түскен жас жігітке, милиция бастығы сияқты аса жауапты қызметтер сеніп тапсырылған. Еңбекқор, іскер

азаматтардың қандай да болсын істен нәтиже шығара білетіні белгілі. Бауыржан атамыз бойындағы мұндай қасиеттерін әскер қатарынан оралғаннан кейінгі жылдары да көрсетсе керек. Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал Панфиловпен бірге 316-атқыштар дивизиясын жасақтап майданға аттанды. Онда Бауыржан немістермен Мәскеу түбінде болған ұрыстарға қатысып, ерлік істер жасады. Әйгілі 8-ші гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болды. Екі рет жаудың қоршауынан аман-есен өз қарамағындағы әскерін алып шыққан. Мәскеу түбінде 27 рет сәтті шайқас жүргізген. 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалғаны, 2 рет өлімші болып жараланғаны туралы «Ақиқат пен аңыз» кітабынан оқуға болады. Тап осы сұрапыл соғыс жылдарында ол өзінің асқан ерлігімен, соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, атақ-даңқы аңызға айналған.

“Бауыржандай қолбасшы қалар ма естен,

Тапты ол тар қыспақта не бір шешім”– деп Бауыржан Момышұлы соғыста көрсеткен ерлігі үшін орден, медальдармен марапатталды. Қашанда қазақ халқы өзінің ұлдарын ұмытпаған. Бауыржан Момышұлына халықтың өзі «батыр» деген ат беріп, жоғары құрмет көрсете білген. «Ер есімі – ел есінде» демекші, Бауыржан ата ардақты есіміңіз қазақтың әр баласы үшін қымбат әрі қастерлі. Ғалымның хаты, ұстаның істеген заты өлмейді демекші халық қиын қыстау кезде қасынан табылып, халқына қорған болған азаматтарын ешқашан ұмытпайды. Батыр – елі үшін жаумен соғысқан, ер жүрек, қайтпас қайсар, әділ және тапқыр адам. Сондықтан, қазақ халқында әрі батыл, өткір де тапқыр, қажырлы да қайратты адамға «батыр» деген құрметті атақ берілген. «Батыр» атағы ешқашан мұраға қалдырылмаған, оған адам соғыс кезінде өзінің ерекше қасиеттері мен жеке ерліктері арқылы жеткен. Міне, осындай сын сағатта елін жаудан азат етіп, жерін, ар-намысын қорғау барысында азаттық соғыстың алдыңғы шебінде қазақ батырлары ерлікпен шайқасты. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына алдағы жылы 70 жыл толады. Бұл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс болғаны белгілі. Аумағы жағынан бұл қырғын дүниежүзілік сипатқа ие болды. Құрбандардың саны жағынан да жоғары тұр. Сондықтан бұл соғысты ұмыту мүмкін емес. Оған қатысқан жауынгерлерді, тылда жанқиярлықпен еңбек еткен еңбекшілерді ардақтау әрбір ұрпақ үшін абыройлы міндет болып табылады. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар ата-бабалар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Ұлы Отан соғысындағы Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды! Бейбітшілік – баға жетпес байлық. Кешегі қан майданда қаны төгілген сарбаздардың ерлігі бізге соны ұқтырады. Барша бейбітсүйгіш адамзат ананы баладан, баланы әкеден, бауырларды бір-бірінен айырған сол сұрапыл – соғыс. Осы соғыс жылдарында аянбай еңбек еткен аға – апаларымыз, тылда еңбек еткен адамдар қаншама. Осы ата-бабаларымыздың ерліктерін ұмытпай, мәңгі жадымызда сақтауымыз керек. Себебі еңбектері елге үлгі, ұрпаққа – өнеге. Ата-бабаларымыз біз үшін яғни келешек ұрпақ қиналмасын деп жан аямай соғысты. Келешек ұрпақ бұл ерлікті бағалай білуі тиіс. Осы орайда менің ойыма Мағжан Жұмабаевтың сөздері еске түседі:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

“Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Мен жастарға сенемін!”

Сондықтан да болашақ – біздің қолымызда. Бізге болашаққа сенетін сенімдерді жоғалтпай, үлгі тұтарлық, еліне елеулі, халқына қалаулы, тәуелсіз, бейбіт елдің үлгі тұтар азаматы болайық. “Тұлға – елдің тұғыры, Тұлға – елдің тұтқасы” демекші Елбасымыз тұрғанда еліміз мәңгі өркендей берсін!

Шүкірхан Әсем

8 сынып, №1 қазақ орта мектебі, Ақсу қаласы Павлодар облысы
Жетекші: Табикенова Қарлығаш Сағидоллақызы

Ұлы Отан соғысына 70 жыл!

Соғыс жаңғырығы жылдан – жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көне көз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтседе өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатсада, оның тарихына ешуақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып, лайықты бағасын алғандарда бар. Кезінде аты аталмай қалсада, қазір санамызға қайта оралып жатқан тұлғаларда аз емес. Келесі жылы мамыр айында адамзат өз тарихындағы қаһарлы соғыстағы Жеңістің 70 жылдық мерекесін тойламақ. Ұлы Жеңіс Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен оқиға. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі.

Соғыста қазақстандықтардан жасақталған әскери бөлімде ата-бабаларымыз ежелгі қаһармандық дәстүріне адал бола білді. Сол бір сұрапыл отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері де ешқашан ұмытылмақ емес. 1941жылы 22-маусымда гитлерлік Германия КСРО-ға опасыздық пен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шабуыл жасады. Сол күні кеңес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырды. Үкіметтің елге арналған үндеуі: «Біздің ісіміз әділ. Жау талқандалады. Біз жеңіп шығамыз!» - деген сөздермен аяқталды. Соғыс басталған жылы жаумен соғысу үшін біздің Павлодар облысынан барлығы 2000-нан астам азаматтар аттанды.

Қалай ұмыта аласың:

Қайтып кеп, дәм тата алмас

Жиырма миллион отандас

Тірілерге саралап

Артқан ізгі аманат.

- Болса Бүкіл Жер тыныш,

Сонда, Туған Ел Тыныш!!! – деп Мұзафар Әлімбаев атамыз жырлағандай, қанша боздақтар қыршыннан қиылып, жат елдің топырағында қалды. Ал, біздің қаламыз Ақсудан соғысқа қатысқан Жолқұдық ауылында туып-өскен жауынгер Қанаш Қамзин (Ақсу қалалық әкімдігі, Жолқұдық ауылы -14.5.1944, Молдова с.) – Кеңес Одағының батыры – сондай боздақтардың бірі. Ол Молдавия елінің Гура – Быкулуй ауылында жерленген. Қанаш Камзин сол елдің де батыры болып табылады. Сонымен қатар сол ауылда жыл сайын оның есімі қастерленіп еске алынады. Ақсу ауданының құрметті азаматы, Ұлы Отан Соғысының ардагері Арғынбаев Шақан, Ақсу қалалық әкімдігінің құрметті азаматы, еңбек және соғыс ардагері Оспанов Ілияс - сынды ардагерлеріміздің есімдері мәңгілік жүрегімізде сақталады.

9 – Мамыр. Ұлы Жеңіс күні. Осынау күн - бейбітшілік сүйгіш адамдар үшін асыға күтетін қасиетті күн. Біз майдангерлер алдында және соғыстың ауыр жылдарында тылда жан аямай еңбек еткен жандар алдында басымызды иеміз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі - Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге деп айтқан болатын».

Уақыт өткен сайын сонау сұрапыл қырқыншы жылдар оқиғасы тарих қойнауына еніп, оған қатысушылар қатары азайып келеді. Ендігі біздің парызымыз - ардагерлерді қамқорлыққа бөлеу. Бүгінгі таңда қаламызда 9-соғыс ардагері мен мүгедектері, 12- еңбек майданының ардагерлері, 17-қайтыс болған әскери қызметшілердің жесірлері тұрады. 9 сәуірден 9 мамырға дейін «Батырлар есімі- халық есінде» ұранымен қалалық айлық жарияланды. Барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдары, коммерциялық құрылым жастары жүрек жылуына мұқтаж материалдық және моральдық қолдауды қажет ететін жандарға күнделікті қамқорлық танытуды өзінің ең басты парызы, ар мен намыстың ісі деп бағалауы керек. Осы айлық аясында біздің сыныбымыз да Ұлы Отан Соғысының ардагері С.А.Кузнецовтыөз қамқорлығына алған болатын. Сынып жетекшімізбен бірге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ай сайын ардагер атамыздың үйіне тазалық жұмысын жүргіземіз. Мерекелер сайын мектебімізде өтетін іс шараларға шақырып, ән мен жыр сыйлаймыз. Бұл деген-ардагер атамызға көрсеткен алғысымыз. Ақсудың көрікті жерлерін, қаламыздың демалыс саябағын көрсетуден бастап, Ертістің жағалауын аралатып, қаламызда бой көтеріп жатқан әсем үйлерді көрсетіп, кешегі қан төгіп кеткен жеңістің жемісі- бүгінгі қызықтарды армансыз тамашалаттық. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерін өз көзімен көрген қарияның жүрегі жылып, қуаныш пен мақтаныштан масайраған жүзінде бір сәт жастық нұры ойнағанын көріп, біз де атамызбен бірге қуаныш сезіміне бөлендік. Сондай-ақ, теледидардан, газет-журналдардан Елбасымыздың мемлекет алдындағы еңбектері, белсенді қоғамдық қызметтері үшін және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдық мерейтойына байланысты бірқатар соғыс және еңбек ардагерлерінің, сол сияқты қазіргі кезде Қарулы Күштер қатарында борыштарын атқарып жүрген бір топ әскери қызметшілерді Отанымыздың жоғары наградаларымен марапаттағанын көріп және оқып ризашылық сезімде болдық.

Яғни, бұл марапаттау жыл сайынғы дәстүрге айналып, азамат ардагерлерімізге үлкен қамқорлық, күтім керектігін ұмытпауымызды еске салады. Әрине, бұл жеңістің орнауына жасалған игі істерді моншақтай бір арнаға түсіріп, жекелеп президент айтып өтті. Әлеуметтік жағдайларына тоқталар болсақ, зейнетақыларын еңбек табысымен салыстыра отырып көтеріп берді. Еліміз тек мереке кездерінде ғана емес, сонымен бірге былайғы уақыттарда да ардагерлерімізге көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырады. Сол соғысқа көптеген мемлекеттер қатысты. Бірақ та бәрібір соғыстың негізгі ауыртпалығын кеңес халқы мен оның Қарулы Күштері көтерді. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін бағалай отырып, оларға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақытты сәттерінің көп болуын тілейміз.

Жан қиған біз үшін аталарымыз,
Сіздерді ұмытпайды ұрпағыңыз.
Әрқашан бас иіп рухтарыңызға,
Тағзым етіп өтерміз мәңгілікке,-

деген жүрек жарды жырымды сіздерге арнаймын. Болашағы жарқын, келешегі нұрлы Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстанымыздың өскелең ұрпақтары, мына біздер аталарымыз орнатып кеткен Бейбітшілік Туын тұғырынан құлатпай ұстау парызымыз. Ұлы Отан Соғысының ардагерлері! Біз сіздерге қарыздармыз! Сіздерге мың тағзым, құрметті майдангерлер! Ұлы Жеңістің 70- жылдығы мерейтойы әрбір адамзат баласына жақсылық әкелсін. Аспанымызда тек Бейбітшілік құсы қалықтасын!